Система управління інноваційною діяльністю підприємства в Україні в умовах воєнного стану є складним і важливим процесом, оскільки потребує врахування специфічних умов, таких як нестабільність, обмеження ресурсів й зміни в економічному та правовому середовищі. Більшість підприємств можуть бути змушені змінити свої бізнес-моделі: перейти на нові ринки, зосередитися на виробництві товарів, які затребувані в умовах війни, або адаптувати виробничі процеси під нові умови. Крім того, в умовах війни ризики зростають, і важливо зрозуміти, які з них можуть вплинути на виробництво, постачання ресурсів, доступність працівників та ринки збуту. Хоча є і багато викликів, проте створюються нові можливості для інновацій у таких сферах, як оборонна промисловість, технології для захисту, альтернативні джерела енергії та інші. Сьогодні підприємства та організації вимушені самостійно вирішувати проблеми свого інноваційного розвитку, а тому значно зростає роль ефективного управління інноваційними процесами. Обраний напрямок наукових досліджень обумовлений пошуком підходів до активізації інноваційних процесів підприємств в нових умовах господарювання. Це дозволить забезпечити подальший їх розвиток прийняти відповідні управлінські рішення щодо реалізації інновацій.

Відомо, що інновації є необхідною умовою розвитку виробництва, підвищення якості і кількості продукції, появи нових товарів і послуг. І саме, інноваційна діяльність підприємств є своєрідним способом адаптації, який дає можливість динамічно приводити у відповідність внутрішні можливості розвитку і зовнішні, які генеруються ринковим середовищем. Також варто відмітити, що управління інноваційною діяльністю є складовою частиною загальної системи управління підприємством і основним фактором, що забезпечує зростання ефективності підприємства та поліпшення якості продукції.

Основним результатом управління інноваційною діяльністю підприємства є забезпечення підвищення економічної ефективності за рахунок розробки і впровадження інновацій у виробничу діяльність, у технологію, управління. Об'єктами ж такого управління є інновації та задіяні ресурси (фінансові, трудові, виробничі), а також інноваційний проєкт та інноваційні ризики. Рушійним мотивом інноваційної діяльності є очікування одержання прибутку, адже саме інновація забезпечує підвищення віддачі на вкладені ресурси і є основним інструментом успішного ведення підприємством своєї

господарської діяльності. Пошук нових методів в системі управління інноваційною діяльністю дозволить забезпечити на підприємстві технологічні зміни, які визначають науково-технічний прогрес, покращують якість продукції та її конкурентоспроможність.

В цілому, управління інноваційною діяльністю підприємств є відкритою системою, яка на вході забезпечена інформацією про зовнішнє середовище та його потенційні можливості, а на виході – ефектами від здійснення інноваційної діяльності. Багато науковців по-різному підходять до вирішення проблем управління інноваційною діяльністю підприємств. Опрацювання цілого ряду джерел [1-4] дозволили визначити, що складні проблеми України концентруються в недостатності інвестування, висловлюється думка щодо недостатності широкомасштабних досліджень у галузі державного регулювання і стимулювання інноваційно-інвестиційної діяльності суб'єктів господарювання; недосконалість методів аналізу ефективності і відбору пріоритетних інноваційно-інвестиційних проєктів з урахуванням сукупних економічних ефектів; відсутність відпрацьованих фінансово-кредитних механізмів стимулювання інноваційної діяльності суб'єктів господарювання на всіх стадіях інноваційного процесу; нерозвиненість методів трудової мотивації, що формує інноваційне мислення і поведінку управлінського персоналу. Механізм активізації інноваційної діяльності підприємств повинен базуватися на загальновизнаній теорії, а не змінюватися різними альтернативними концепціями. Не приведені до загального знаменника існуючі підходи до оцінки ефективності інноваційно-інвестиційної діяльності підприємств, а рекомендації та пропозиції щодо підвищення ефективності інноваційно-інвестиційної діяльності підприємств здебільшого мають фрагментарний характер. Нам імponує думка автора, що інноваційну діяльність слід розглядати як об'єктивно обумовлений, системний, цілеспрямований процес реалізації комплексу заходів з метою одержання прибутку або соціального ефекту, що потребують обґрунтування необхідності інвестицій, пошуку і вибору інвестиційних ресурсів, спрямованих на використання наукових розробок, впровадження новацій, принципово нових видів продукції, техніки і технології [2, с. 85].

На основі проведених досліджень хочемо викласти такий наш погляд на сутність та роль інноваційної діяльності підприємств в сучасних умовах господарювання. Для цього визначимо наступні аспекти: інноваційна діяльність як безпосереднє виконання прийнятих рішень, дозволяє визначити управління як процес вибору, обґрунтування і прийняття рішень відносно розроблення інновації, її створення, впровадження і дифузії; раціонального використання власних фінансових ресурсів та залучення додаткових фінансових коштів для впровадження інновацій; оптимального співвідношення між власними та залученими інвестиційними ресурсами для вирішення конкретних інноваційних завдань. Крім того, модель інвестиційної поведінки сучасного підприємства, характеризує теоретичну концепцію системи його мотивації, що спонукає до здійснення інновацій на всіх етапах його розвитку.

Важливим фактором в системі управління інноваційною діяльністю є фінансування (інвестування). Зрозуміло, що фінансування є однаково визначальним для всіх етапів і стадій інноваційного процесу – від стадії новаторської творчості до стану впровадження досягнень науки і техніки у виробництво. Враховуючи обмеженість джерел фінансування інноваційної діяльності на підприємствах через імовірний характер миттєвого очікуваного результату особливої уваги набуває пошук нових шляхів та розробка програм залучення інвестицій у виробничу діяльність.

Система управління інноваційною діяльністю підприємств, на нашу думку, має базуватись на таких принципах: чітка цільова орієнтація системи, тобто забезпечення нею швидкого, широкого й ефективного використання сучасних науково-технічних досягнень; логічність, обґрунтованість та юридична захищеність прийомів і механізмів, які при цьому використовуються; наявність багатьох та різних джерел фінансування; комплексність системи, тобто можливість охоплення широкого кола технічних і технологічних

нововведень та напрямів їх практичного використання; комплексність системи, тобто можливість охоплення широкого кола технічних і технологічних нововведень; адаптивність і гнучкість, що передбачає постійну спрямованість усієї системи й окремих її елементів на умови динамічних змін зовнішнього середовища для підтримки максимальної ефективності.

Таким чином, інноваційна діяльність підприємства в умовах воєнного стану вимагає їх адаптації до швидко змінюваного середовища та гнучкості в управлінні. Зміна умов господарювання вимагає пошуку можливостей для підприємств розвивати нові продукти, оптимізувати процеси та знайти нові шляхи для розвитку на тлі кризових умов. Інноваційний підхід може не тільки допомогти бізнесу пережити складні часи, але й забезпечити йому конкурентоспроможність у майбутньому.

ДЖЕРЕЛА ТА ЛІТЕРАТУРА

1. Бугаєва М.В., Демченко С.В. Теоретичні витоки управління розвитком інноваційного підприємництва. *Центральноукраїнський науковий вісник. Економічні науки*. 2021. Вип. 6 (39). С. 247-257.
2. Микитюк П. П. Аналіз впливу інвестицій та інновацій на ефективність господарської діяльності підприємства: Монографія. Тернопіль: Екон. думка, 2007. С. 94-138.
3. Христенко О.В., Коцюрuba Б.Ю. Особливості управління розвитком підприємства на інноваційній основі. *Економіка і суспільство*. 2017. Вип. 13. С. 777-781.
4. Соболевська Л. Інновації під час війни – чи на часі? *Український кластерний Альянс*. 2023. URL: <https://www.clusters.org.ua/blog-single/innovatsiyipid-chas-viyny>

ЮРИДИЧНІ НАУКИ / ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ

УДК 334.012.64

Балнур Батырбекова, Асемгуль Усенбаева
(Алматы, Қазақстан)

КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУДЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Бұл тақырыпта кәсіпкерлікті дамытудың жалпы сипаттамасы мен оның өзіндік ерекшеліктері қарастырылады. Кәсіпкерліктің экономикалық рөлі, түрлері, басқару әдістері, мемлекеттік қолдау шаралары және заманауи трендтер туралы ақпарат беріледі. Кәсіпкерлікті дамытудағы негізгі факторлар мен қиындықтар талқыланып, тиімді шешімдер ұсынылады.

Түйін сөздер: кәсіпкерлік, инновация, тәуекел, пайда, даму бәсекелестік, инновация, өнімдер, тәуекел, нарық, қаржыландыру.

В данной теме будет рассмотрена общая характеристика развития предпринимательства и его специфические особенности. Предоставляется информация об экономической роли предпринимательства, видах, методах управления, мерах государственной поддержки и современных трендах. Обсуждаются основные факторы и трудности развития предпринимательства, предлагаются эффективные решения.

Ключевые слова: предпринимательство, инновации, риск, прибыль, развитие, конкуренция, инновации продукты, риск, рынок, финансирование.

In this topic, the general characteristics of the development of entrepreneurship and its specific features are considered. Information is provided on the economic role of entrepreneurship, types, management methods, measures of state support and modern trends. The main factors and difficulties in the development of entrepreneurship are discussed and effective solutions are proposed.

Keywords: entrepreneurship, innovation, risk, profit, development competition, innovation products, risk, market, financing.

Кәсіпкерлік қызмет түрі қоғамның барлық аясына кең тараған: өндірістік, шаруашылық, коммерциялық, сауда-саттық, аралық, инновациялық, кеңес беру, қызмет көрсету, қаржылық (бағалы қағаздар операциясын қоса) және т.б. аяларды атауға болады. Кәсіпкерлікті дамыту бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл мәселе кәсіпкерлік қызметтің субъектілерінің дамуы мен өркендеуі бағыттарымен қатар жүреді. Кәсіпкерлік бұл меншік формасына тәуелсіз жеке және заңды тұлғалардың жеке меншікке (жеке кәсіпкерлік) немесе мемлекеттік кәсіпорынның шаруашылық жүргізу құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлік) негізделген тауарға (жұмыс, қызмет) деген сұранысты қанағаттандыру жолымен алынатын жеке табыс немесе пайдаға бағытталған инициативті қызмет. Кәсіпкерлікті ұйымдастырудың ең қарапайым формасы – ол шағын және жеке кәсіпкерлік. [1, с. 29] Кәсіпкер – заңмен тиым салынбаған кез келген шаруашылықтық қызметпен айналысады, сату – сатып алушылық, кеңестік, коммерциялық делдалдықты енгізе отырып, құнды қағаздармен операциялар жүргізеді. Кәсіпкер өз қызметінде пайда алу мақсатында қоғамдық игі істерді атқара отырып, жеке даралық табыстылықты қамтамасыз ету комбинациясын іске асырады. Экономикасы нарықтық бағыттағы Қазақстан үшін шағын кәсіпкерлікті дамыту мәселесі – өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Кәсіпкерліксіз 18 нарықтық экономиканың болуы мүмкін емес. Себебі, нарықтық экономиканың өзі – еркін кәсіпкерлік экономика болып саналады. [2, с. 12]

Сондықтан да, кәсіпкерлік төңірегіндегі көптеген мәселелердің көтеріліп жатуы да оның экономикадағы рөлінің маңыздылығын дәлелдейді. Экономиканың тұрақты болуы және бәсекелес сипатының қалыптастырудың басты күштерінің бірі кәсіпкерлікті жетілдіру болып табылады. Жалпы кәсіпкерлікті дамыту үшін бірнеше белгілі шарттар орындалуы қажет: - кәсіпкерлік субъектінің белгілі бір дәрежеде еркіндігі мен құқықтығы болуы қажет. Ол – шаруашылық қызметінің бағытын таңдау, өндірістік, сауда бағдарламаларын анықтау, қаржы көзін таңдау, өнімдерді тасымалдау, өнімге баға белгілеу, табысты өз мұқтажына жұмсау; - кәсіпкерлік қабылданатын шешімдерге, одан туындайтын нәтижелерге тәуекелдікті қажет етеді. [3, с. 35] Қабылданған шешімдерге деген жауапкершілік болмайтын болса, онда кәсіпкерліктің де болмағаны; - кәсіпкерлік қызметтің белгілі коммерциалық табысқа жету бағдарын ұстануы, экономикада қажетті нарықтық құрлым орнатумен байланысты. Яғни кәсіпкерліктің дамуы үшін оның құқықтық базасы, әлеуметтік – экономикалық шарттары қолдануы қажет. Төртінші шарт жоғарыда аталған шарттардан туындайды. Еркін кәсіпкерлік меншіктің әртүрлі формада, түрде, типте болуын қалайды. Кәсіпкерлік – қызметтің ерекше бір түрі ғана емес. Бұл тағы да бір белгілі стиль және тәртіптің типі, жинақтап айтсақ: үлкен бастама, дәстүрден тыс шешімдерді іздестіру, тәуекелге бару, іскерлік қызметтің орын алар жері ең алдымен кәсіпорын болып табылады. Сонымен, кәсіпкерлік бұл меншік формасына тәуелсіз жеке және заңды тұлғалардың жеке меншікке (жеке кәсіпкерлік) немесе мемлекеттік кәсіпорынның шаруашылық жүргізу құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлік) негізделген тауарға (жұмыс, қызмет) деген сұранысты қанағаттандыру жолымен алынатын жеке табыс немесе пайдаға бағытталған инициативті қызмет. Кәсіпкерлікті ұйымдастырудың ең қарапайым формасы – ол шағын және жеке кәсіпкерлік. Шағын кәсіпкерлік – бұл мемлекеттік органдар және басқа да өкілетті ұйымдар көрсеткіштерімен, заңмен бекітілген анықтама негізінде нарықтық экономика субъектілерімен жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызмет. Әлемдік және отандық тәжірибе көрсеткендей әртүрлі ұйымдық – құқықтық нысандағы кәсіпорындарды (ұйымдар) шағын кәсіпкерліктің субъектісі ретінде анықтайтын негізгі критерилерге бірінші кезекте, есепті кезеңде кәсіпорында жұмыспен қамтылған жұмыскерлердің орташа саны жатады. Бірқатар ғылыми еңбектерде шағын кәсіпкерлік – бір меншік иесімен басқарылатын кәсіпорындағы азғана топтың жұмыс істеуі деп түсіндіріледі. Негізінде шаруашылық қызмет субъектісін шағын кәсіпкерлік субъектісіне жатқызу кезіндегі өте маңызды көрсеткіш болып персонал саны (жұмыспен 19 қамтылған жұмысшылар), жарғылық капитал қоры, актив мөлшері, айналыс көлемі (табыс, кіріс) табылады. Әлемдік банк мәліметтері бойынша кәсіпорындарды шағын кәсіпкерлік субъектісіне жатқызатын көрсеткіштер саны 50-ден жоғары. Бірақ көп қолданылатын көрсеткіштер келесілер болып табылады: кәсіпорында жұмыспен қамтылған жұмыскерлер саны, жыл сайынғы айналым, актив мөлшері. Бірақ барлық дамыған елдерде кәсіпорындарды шағын кәсіпкерлік субъектісіне жатқызудың негізгі көрсеткіші жұмыскерлер саны болып табылады. Кәсіпкерлік – экономиканың негізгі қозғаушы күші болып табылады. Ол жаңа жұмыс орындарын құруға, инновацияларды енгізуге және ұлттық экономиканы тұрақты дамытуға ықпал етеді. [4, с. 9] Кәсіпкерлікті дамыту әр елдің экономикалық саясатының маңызды бөлігі болып табылады, өйткені ол халықтың әл-ауқатын арттыруға және жаңа нарықтық мүмкіндіктерді ашуға мүмкіндік береді. Кәсіпкерлікті дамытудың жалпы сипаттамасы мен өзіндік ерекшелігі – бұл экономикалық жүйенің маңызды құрамдас бөлігі. Кәсіпкерлік – бұл адамдардың өз идеяларын жүзеге асыру, жаңа өнімдер мен қызметтерді нарыққа шығару, сондай-ақ экономикалық өсімді қамтамасыз ету мақсатында тәуекелге бару қабілеті. Кәсіпкерлік – бұл адамдардың өздерінің идеяларын жүзеге асыру, нарықта бәсекелестікке қабілетті өнімдер мен қызметтер ұсыну мақсатында экономикалық қызметті жүзеге асыруы. Кәсіпкерлік қызметтің негізгі элементтері мыналар:

1. Идея: Кәсіпкерліктің негізі – бұл инновациялық идеялар мен шешімдер. Идеялар нарықта сұранысқа ие болуы тиіс.

2. Ресурстар: Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін қаржылық, материалдық, еңбек және ақпараттық ресурстар қажет.

3. Басқару: Кәсіпкерлік қызметті тиімді басқару – табысты кәсіпкерліктің кілті. Бұл стратегиялық жоспарлау, ұйымдастыру, мотивация және бақылау процестерін қамтиды.

4. Нарық: Кәсіпкерлік қызметтің нәтижесі нарықта сұранысқа ие өнімдер мен қызметтерді ұсыну болып табылады.

Кәсіпкерлікті дамыту – экономикалық өсудің, инновациялардың, бәсекелестіктің және әлеуметтік тұрақтылықтың негізі. Кәсіпкерлік қызметтің дамуы мынадай артықшылықтарды қамтамасыз етеді: Жұмыс орындарын құру: Кәсіпкерлік қызмет жаңа жұмыс орындарын ашады, бұл халықтың табысын арттыруға және әлеуметтік жағдайын жақсартуға ықпал етеді. Инновациялар: Кәсіпкерлер жаңа технологиялар мен өнімдерді енгізу арқылы нарықта бәсекелестікті арттырады. Экономикалық өсім: Кәсіпкерлік қызмет экономиканың әртүрлі секторларында өсімді қамтамасыз етеді, бұл жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) артуына әкеледі. Әлеуметтік жауапкершілік: Кәсіпкерлер қоғамның әлеуметтік мәселелеріне назар аудара отырып, әлеуметтік жауапкершілікті сезінеді. [5, с. 44] Кәсіпкерліктің өзіндік ерекшеліктері оның дамуында маңызды рөл атқарады. Оларға мыналар жатады: Индивидуализм: Кәсіпкерлік – бұл жеке тұлғаның бастамасы. Кәсіпкерлер өз идеяларын жүзеге асыру үшін тәуекелге барады. Тәуекел: Кәсіпкерлік қызмет әрқашан тәуекелмен байланысты. Кәсіпкерлер нарықтағы өзгерістерге, бәсекелестікке және экономикалық жағдайларға байланысты тәуекелдерді қабылдауға дайын болуы тиіс. Инновация: Кәсіпкерлік қызметтің табысы көбінесе инновациялық шешімдер мен жаңа технологияларды енгізуге байланысты. Бәсекелестік: Кәсіпкерлер нарықта бәсекелестікке қабілетті болу үшін өз өнімдері мен қызметтерін үнемі жетілдіріп отыруы қажет. Әлеуметтік жауапкершілік: Кәсіпкерлер қоғамның әлеуметтік мәселелеріне назар аудара отырып, әлеуметтік жауапкершілікті сезінеді. Кез-келген кәсіпкер өз жұмысын жүзеге асыру барысында қандай-да бір кіріс алу және қаржы жұмсау т.б. мақсатты ұстанады. Яғни, ол өз жұмысын жоспарлайды. Бірақ, дамудың осы немесе басқа да стратегияларын таңдай отырып, кәсіпкер өз қаражатын жоғалтуы немесе жоспарланған сомадан аз алуы мүмкін. Бұл компанияның белгісіз ахуалда болуын көрсетеді. Компания тығырыққа тірелген кезде, басшылыққа шешім қабылдауға тура келеді, ол шешімдердің табысты іске асырылу ықтималдылығы (яғни, толық көлемде табыс алуы) кәсіпорынға іштей және сырттай әсер ететін көптеген факторларға тәуелді. Осындай жағдайда тәуекел ұғымы пайда болады. Нарықтық экономика жағдайында кәсіпкерге тән қасиеттің бірі тәуекелділік жасау. Тәуекелділік - бұл кәсіпкерлер еркіндігінің қарсы жағы. [6, с. 18] Тәуекелділік шаруашылық шешімнің элементі ретінде, оған мынандай анықтама беруге болады - бұл нарықтық қатынастың кез-келген субъектісі қызметінің ситуациялық сипаты. Өйткені, кәсіпкерлік іс нәтижесі бұл жағдайда анықталмаған, өз іс әрекетінің нәтижесі жағымды немесе жағымсыз, пайдалы немесе зиянды болуы ықтимал. Сондықтан да кәсіпкер өзінің нақты экономикалық шаруашылық қызметінде қажетті нәтижені алу немесе ала алмау мүмкіндігінің дәрежесін еске алуы қажет. Кәсіпкерлік қызметтің субъектілері дегеніміз - заңмен сәйкес тіркелген және қызмет көрсету немесе жұмыс атқару, тауар сату, мүлікті қолданудан жүйелі пайда табуға бағытталған жеке іс-әрекетті өз тәуекеліне бел байлап жүзеге асыратын тұлғаларды айтамыз. [7, с. 40] Сонымен қатар жеке тұлғалар және заңды тұлғалар кәсіпкерлік қызметтің субъектілері болып табылады. Осындай жағдайда ауыл шаруашылығы нарығында тәуекелді басқарудың мемлекеттің қатысуынсыз жүзеге асырылатын, тиімді және ауыл кәсіпкерлеріне тәуекелді басқару үрдісін адекватты ұғынуға мүмкіндік беретін құралдарын ұсыну мәселесі туындап отыр. Оған жауап ретінде - өнімді сату көлемін уақыт бойынша оңтайландыруды атап өтуге болады. Себебі ауылшаруашылық дақылдарының көбінің нарығына бағаның маусымдық құбылуы тән, өйткені саладағы өндірістің өзі маусымдық сипатқа ие. Мұндай жағдайда ауылшаруашылық кәсіпорнының табысын өнім бағасының динамикалық ерекшеліктерін максималды ұтымды ескеретін

нарықтық стратегиялар арқылы барынша жоғарылатуға ұмтылу қажет. [9, с. 11] Жоғарыда айтылғандардың барлығы келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Шағын және орта кәсіпкерлік дамуындағы негізгі көрсеткіштерінің өзара байланысын зерттеу - жұмыстың ең маңызды мәселесінің бірі. Кәсіпкерлікті дамыту – экономиканың тұрақты өсуі мен әлеуметтік прогрестің негізі. Кәсіпкерлік қызметтің тиімділігі мен табыстылығы кәсіпкерлердің инновациялық идеяларын жүзеге асыру, ресурстарды тиімді пайдалану, және нарықтағы бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру арқылы қамтамасыз етіледі. Кәсіпкерліктің өзіндік ерекшеліктері оның дамуына ықпал етіп, қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді. Сондықтан, кәсіпкерлікті дамыту – бұл тек экономикалық міндет емес, сонымен қатар әлеуметтік жауапкершілік.

ИСТОЧНИКИ И ЛИТЕРАТУРА

1. Аубакиров К. Кәсіпкерлік негіздері. Алматы: Экономика, 2018.
2. Кенжебаев А. Кәсіпкерлікті дамыту: теория және практика. Нұр-Сұлтан: Қазақ университеті, 2020.
3. Сейітқасымов Ғ. Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру. Алматы: Қазақ университеті, 2019.
4. Мамыров Н. Кәсіпкерліктің экономикалық негіздері. Алматы: Экономика, 2021.
5. Баймұратов А. Кәсіпкерлікті дамыту стратегиялары. Нұр-Сұлтан: Білім, 2022.
6. Досмұхамедов А. Кәсіпкерлік және инновациялар. Алматы: ЖШС "Баспа", 2023.
7. Кенжебеков Т. Кәсіпкерліктің әлеуметтік-экономикалық аспектілері. Алматы: Экономика, 2020.
8. Сарсенбаев М. Кәсіпкерлік: теория, тәжірибе, болашақ. Нұр-Сұлтан: Қазақ университеті, 2019.
9. Нұрғалиев Б. Кәсіпкерлікті дамытудағы мемлекеттік қолдау. Алматы: Экономика, 2021.
10. Тлеубердиев А. Кәсіпкерлік мәдениет: қалыптасуы мен дамуы. Нұр-Сұлтан: Білім, 2022.

МИСТЕЦТВО / ИСКУССТВО

УДК 47:725.22:636.09:614.9

Руслан Агліуллін, Ольга Семененко
(Київ, Україна)

ОСОБЛИВОСТІ СУЧАСНОГО ХУДОЖНЬО-СТИЛЬОВОГО РІШЕННЯ ІНТЕР'ЄРУ ВЕТЕРИНАРНИХ КЛІНІК

У цій роботі подані результати дослідження актуальних тенденцій по створенню та реалізації дизайн-проектів ветеринарних клінік. Розглянуто різні варіанти внутрішнього оформлення приміщень, а також досліджено, які стильові напрямки є нагальними на сьогодні.

Ключові слова: дизайн, інтер'єр, ветеринарна клініка, мінімалізм, стиль.

This work presents the results of the research of current trends in the creation and implementation of design projects of veterinary clinics. Various options for the interior design of the premises were considered, as well as researched which style trends are urgent today.

Key words: design, interior, veterinary clinic, minimalism, style.

У сучасному світі ветеринарні клініки все більше звертають увагу на важливість не тільки на архітектурне рішення будівлі та планування, а ще й на потребу у правильно підбраному дизайні й внутрішнього простору задля комфорту відвідувачів та їхніх улюбленців. Відповідність сучасним тенденціям в дизайні інтер'єрів не лише створює приємну атмосферу для власників тварин, але й сприяє психологічному комфорту самих пацієнтів – домашніх улюбленців. Важливою складовою таких рішень є поєднання естетики, функціональності та ергономічності.

Зараз існує більше можливостей та свободи у створенні дизайну інтер'єрів ветеринарної клініки, багато хто експериментує зі стильовими рішеннями, комбінує їх, хтось створює унікальні простори для тварин та їхніх хазяїв, працівників клініки. Але незважаючи на все це, всеодно важливо притримуватися обов'язкових норм при плануванні свого внутрішнього простору та враховувати, що деякі приміщення (такі як стаціонар, хірургічний кабінет тощо) мають бути стерильними та мати дизайн простіше, ніж у вхідній зоні та зоні очікування задля безпеки та комфорту у використанні [1].

Перед тим як задумуватися над дизайн-проектом ветеринарної клініки, треба ретельно підготувати та обрати правильне приміщення під неї. Ось основні кроки при виборі приміщення для ветеринарної клініки:

1) розташування: бажано, щоб приміщення ветеринарної клініки знаходилось в окремій будівлі, також не поряд з житловими будинками. Також треба врахувати, наскільки зручно буде до клініки добиратися пацієнтам (громадський транспорт, машина тощо);

2) загальна площа приміщення: приміщення повинно бути достатньо велике (мінімум від 50 квадратних метрів) для розміщення всіх необхідних зон (кабінети, операційна, рецепція, стаціонар тощо);

3) санітарні умови: приміщення має відповідати санітарним нормам та вимогам для утримання тварин та надання медичних послуг;

4) освітлення та вентиляція: достатнє природне освітлення та вентиляція для створення комфортного середовища, в якому перебуватимуть працівники та тварини;

5) комунікації: наявність необхідних комунікацій (вода, електрика, інтернет) є обов'язковим;

6) ергономіка та інклюзивність: приміщення має бути зручним для роботи персоналу та перебування тварин, а також адаптованим для маломобільних груп населення та важкохворих тварин (пандуси, ліфти тощо);

7) безпека: важливим аспектом є безпека пацієнтів, відсутність доступу до небезпечних зон.

Розглянемо, які стилі дизайну інтер'єру є популярними та чи підходять вони під критерії ветеринарної клініки.

Першим є мінімалізм, простий, но в той же час гармонічний та продуманий стиль. Його особливість – простота декоративних елементів, меблів, використання мінімальної кількості не дуже яскравих кольорів та матеріалів. Для сучасної ветеринарної клініки це найоптимальніший варіант дизайну інтер'єру, бо мінімалізм вписується у будь-яке приміщення ветеринарної клініки через свою невибагливість у оформленні та дотриманні основних правил [3].

Другим є стиль лофт, чия особливість – грубувате, спеціально недбале оздоблення, мінімум яскравих кольорів (в основному – коричневий, чорний, сірий, бежевий), меблі – пофарбований у чорний метал та дерево. Якщо створювати інтер'єр ветеринарної клініки у цьому стилі, треба уникати надто темних відтінків, або комбінувати з іншими стилями, щоб створити унікальний та світлий дизайн [3].

Третій стиль – екостиль. З назви стає зрозуміло, що основні особливості – природні кольори та матеріали, фактури. Він схожий з мінімалізмом через простоту дизайну меблів, але також у екостилі можна використовувати й більш насичені природні відтінки такі як оливковий, волошковий, колір морської хвилі, теракотовий тощо. Для ветеринарної клініки цей варіант також є ідеальним, за рахунок різноманітності у природній палітрі можна створити дуже цікавий та ефектний інтер'єр, в якому буде комфортно знаходитись кожному – як людині, так й тварині [3].

Зараз дослідимо на прикладі реальних ветеринарних клінік, як зараз виглядають художньо-стильові рішення сьогодні.

Першим прикладом стане ветеринарна клініка Hôpital Vétérinaire du Parc, яка знаходиться у місті Монреаль, Канада (рис. 1 а). Проєкт виконали дизайнери з архітектурного бюро ТВА. Вони обрали для реалізації покинуте приміщення фотостудії. За стилем – це щось між мінімалізмом та лофтом (рис. 1 б). Щоб запобігти швидкому зношенню поверхонь, стіни в клініці покриті необробленим бетоном і керамічною плиткою. Це створює дещо сувору, але цілком комфортну для лікування тварин атмосферу [4]. Широкий та світлий простір, приємні кольори та структура, також є реалізація простору тераси для відпочинку на природі, а підвал облаштували під оглядовий кабінет, лабораторію для взяття аналізів та інших лікувальних процедур (рис. 1 в).



Рис. 1. Дизайн інтер'єру Hôpital Vétérinaire du Parc:
а) ресепшен; б) оглядовий кабінет; в) підвал.

Другим прикладом буде ветеринарна клініка The London Animal Hospital (TLAH), що розташована у Лондоні, Великобританія. Проєкт виконували дизайнери студії Alma-пас. Особливість цієї клініки – продумана система, в якій мінімізований контакт собак з котами. Для кожної групи цих тварин створені окремі зони та меблі – «категорія для собак» та «категорія для котів» (рис. 2 а).

Для кішок та собак навіть придумали окремі маршрути, щоб вони якомога менше зустрічалися в стінах клініки. У кабінеті для котів зробили спеціальну ігрову коробку –

нервові пацієнти можуть розважитися та відволіктися в ній. Попри легкість та комфорт інтер'єрів, вони, перш за все, відповідають клінічним потребам. Інтер'єр та екстер'єр клініки виконали у яскравих блакитних відтінках, котрі поєднані з фанерою та білими стінами (рис. 2б). Під стелею залишили відкритими залізні балки. Їх теж пофарбували у синій колір [2]. В цілому внутрішній простір дуже світлий та просторий, стиль дебільшого нагадує екостиль за рахунок природний кольорів та матеріалів (рис.2в).



Рис. 2. Ветеринарна клініка The London Animal Hospital (TLAH):
а) ресепшен, б) ресепшен, в) коридор.

На основі проведеного аналізу можна зробити висновок, що сучасне художньо-стильове рішення інтер'єру ветеринарних клінік відіграє важливу роль у створенні комфортного та гармонійного середовища для пацієнтів і їх власників. Врахування естетичних та функціональних аспектів дизайну сприяє підвищенню якості обслуговування, покращенню настрою та зменшенню стресу у тварин під час їх перебування у клініці.

Сучасні дизайнерські рішення, зокрема використання натуральних матеріалів, оптимальне освітлення, кольорова гама, ергономіка та раціональне зонування приміщень, дозволяють досягти максимального комфорту та ефективності роботи медичного персоналу. Крім того, інноваційні підходи до дизайну інтер'єру сприяють позитивному іміджу ветеринарної клініки, що, у свою чергу, може залучати нових клієнтів та підвищувати довіру існуючих.

Загалом, гармонійно поєднуючи естетику та функціональність, сучасні ветеринарні клініки створюють сприятливі умови для лікування та догляду за тваринами, що має значний вплив на їхнє здоров'я та благополуччя.

ДЖЕРЕЛА ТА ЛІТЕРАТУРА

1. Відомчі норми технологічного проектування. Об'єкти ветеринарної медицини: ВНТП-АПК-07.06. Київ : Міністерство аграрної політики України, 2006. 42 с.
2. Рудченко А. Стильна лікарня для домашніх тварин: фото авторського інтер'єру. *LifeStyle24*. URL: https://lifestyle.24tv.ua/design/stilna-likarnya-dlya-domashnih-tvarin-foto-avtorskogo-ostanni-novini_n1585173/amp (дата звернення: 20.02.2025).
3. Доценко А. ТОП-10 популярних стилів дизайну інтер'єру у 2025 р. *Borisstudio*. 2025. URL: <https://borisstudio.com/uk/stili-dizajnu-inter-yeru/> (дата звернення: 20.02.2025).
4. Як занедбану студію перетворити на сучасну ветклініку: фото інтер'єру. *24 Канал*. URL: https://24tv.ua/zanedbana_fotostudiya_stala_suchasnoyu_veterinarnoyu_klinikoyu_dosvid_monrealyu_n1075944/amp (дата звернення: 20.02.2025).

ПЕДАГОГІКА / ПЕДАГОГИКА

УДК 811.161.1

Гульзада Асавбаева, Фариди Байбатанова
(Өскемен, Қазақстан)

ТАНДЕМ – ЕКІ ТІЛДІ ҮЙРЕТУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСІ

Мақалада екінші тілді оқытудың негізгі заманауи тәсілдері және оларды мәдениетаралық білім беру тұжырымдамасы аясында қолданудың өзектілігі қарастырылған. Мәдениетаралық білім беру коммуникация актісінің нәтижесі ретінде тасымалдаушылармен өзара әрекеттесу арқылы мәдениетке ену жағдайында субъектілер арасында өзара түсіністіктің болуын болжайды. Осыған байланысты жұмыста белсенді білім беру процесінде тандем әдісін қолданудың орындылығына талдау жасалады.

Тірек сөздер: тандем-әдіс, екінші тіл, мәдениетаралық ынтымақтастық, тұлғаралық, қарым-қатынас, когнитивті және эмоционалды қолдау.

The article discusses the main modern approaches to teaching a second language and the relevance of their use within the framework of the concept of intercultural education. Intercultural education presupposes the presence of mutual understanding between subjects in conditions of penetration into culture through interaction with carriers as a result of an act of communication. In this regard, the work analyzes the feasibility of using the tandem method in the process of active education.

Keywords: tandem-method, second language, intercultural cooperation, personality-interval, communication, cognitive and emotional support tandem-method, second language, intercultural cooperation, personality-interval, communication, cognitive and emotional support.

Қазіргі уақытта жоғары оқу орындарында екінші тілді оқыту білім алушыларға белгілі бір білім беріп қана қоймай, сонымен қатар олардың екінші тіл арқылы қабілеттерін дамытатын, мәдениетаралық қарым-қатынасқа дайындайтындай етіп ұйымдастыру керек. Университет тек білім беру мекемесі ғана емес, білім алушының жеке тұлғасын дамыту мектебіне айналмақ. Осыған орай А.А.Вербицкийдің пікірімен келіспеуге болмайды. Вербицкийдің айтуынша, қазіргі кезеңдегі білім берудің мақсаты адамның жеке әлеуетін «өсіру», оның алдағы пәндік және әлеуметтік жағдайларда барабар іс-әрекетке қабілеттілігін тәрбиелеу, ал мазмұны осы мақсатқа жетуді қамтамасыз ететінде... [1, б. 24]

Бүгінгі таңда үлкен әдіснамалық маңызы бар дидактиканың негізгі проблемаларының бірі - білім мен іс-әрекет тәсілдерін игеру процесі жеке тұлғаны жан-жақты дамыту құралы ретінде қызмет етуі керек ол, оқыту және дамыту мәселесі [2, б. 60].

Қазақстанның университеттерінде қазақ топтарында орыс тілін, орыс топтарында қазақ тілінің екінші тіл ретінде білу міндетті пән болып табылады, ал жұмыс беруші үшін қос тілді білу қызметкердің тікелей міндеті болып саналады. Осыған байланысты жоғары оқу орындарында тілдерді оқытудың және оларды жақсы меңгеруге ықпал ететін арнайы әдістемелердің қажеттілігі туындайды.

Тандем-әдіс (ағылш. tandem-екі немесе үш адамға арналған велосипед). Әр түрлі ана тілдері бар жұпта жұмыс істейтін екі серіктестің екінші тілді өз бетінше үйрену тәсілі. Тандемнің мақсаты – нақты немесе виртуалды қарым-қатынас жағдайында серіктесінің тілін меңгеру, оның жеке басымен, зерттелетін тіл елінің мәдениетімен танысу, сондай-ақ білімнің қызығушылық салалары бойынша ақпарат алу.

Тандем әдісі оқытудың екі принципіне сүйенеді: өзара қарым-қатынас принципі және автономия принципі. Егер екі серіктес те өзара оқуға шамамен бірдей уақыт пен тең күш жұмсаса, өзара қарым-қатынас принципі оқытуға қатысушылардың әрқайсысы қарым-қатынастан бірдей пайда көреді деп болжайды. Жеке автономия принципі әрбір қарым-қатынас серіктесі оқытудың мақсатын, мазмұны мен құралдарын тандау үшін ғана емес, сонымен қатар оның түпкілікті нәтижелері үшін де оқытудың өз бөлігінде дербес жауап беретіндігіне негізделген.

Тандем әдісімен екінші тілді өзара оқыту – оқу процесін күшейтудің тиімді құралы болып табылады деп айтуға болады. Ол сондай-ақ тілді оқыту және қазақ (орыс) тілі арқылы тәрбиелеу процесінде мәдениетаралық ынтымақтастықтың субъектілік қатынастарын табысты іске асыруға көмектеседі. Оқытудың мұндай ұйымдастырушылық формасының мақсаты – нақты немесе виртуалды қарым-қатынас жағдайында серіктесінің ана тілін меңгеру, оның жеке басымен, зерттелетін тіл елінің мәдениетімен танысу, сондай-ақ қызығушылық танытатын білім салалары бойынша ақпарат алу. Тандем әдісі арқылы екінші тілді меңгеру күндізгі және қашықтықтан оқытудың заманауи технологияларын қолданудың перспективалық бағыттарының бірі ретінде қарастыруға болады.

Мысал сабақ барысында бетпе-бет отырған қазақ және орыс сөйлеушілерін елестетіп көрейік. Олар бір тақырып бойынша және сол тілдердің бірінде сөйлеседі. Өзірге олар бір-бірін жақсы білмейді, бірақ әрқайсысы екінші тілді меңгеру деңгейін жоғарылату үшін жүйелі түрде кездеседі. Олар тілді өз елдерінің салт-дәстүрі, тарихы, әдебиеті, мәдениеті және өмірге көзқарастармен бөлісу үшін пайдаланады. Олардың әрқайсысы екінші тілді өз бетінше үйреніп, нақты қарым-қатынас жағдайында қолдануға тырысады. Тілді үйренудің бұл бірлескен, автономды және өзара әдісі екі тілді бірлесіп үйрену үшін тұрақты кездесулер өткізуден тұрады. Бұл кездесулер екі түрлі тіл өкілдері арасында ерікті түрде өткізіледі. Олар ана тілінде сөйлейтін болуы мүмкін немесе олар болмауы мүмкін және оларға педагогикалық білім берудің қажеті жоқ, бастысы – тілді үйренуге құзыретті серіктеспен, қызығушылық таныту.

Тандем көптеген жолдармен өтуі мүмкін. Оның икемділігі маңызды артықшылықтардың бірі болып табылады. Ол өздігінен жүзеге асырылуы мүмкін немесе қысқа немесе ұзақ уақыт бойы тілдік курсқа біріктірілуі мүмкін.

Тандемнің басты ерекшелігі – екінші тілді үйренудің әлеуметтік-жеке аспектісі. Сабақтары өзара әрекеттесу мен диалогтың кең ауқымын ұсынады, бірақ білім алушылардың жеке оқу стильдері мен дербестігіне аз көңіл бөледі. Екінші тілді үйренудің дәстүрлі контексттерінен айырмашылығы, тандем максималды әлеуметтенуге және максималды дараландыруға мүмкіндік береді.

Тандемнің екінші ерекшелігі – серіктестердің рөлдерінің сипаты. Егер кез-келген академиялық жағдайда оқытушы мен білім алушының рөлі нақты бөлінген болса, онда тандемде рөлдер араласады. Ана тілінде сөйлейтіндер ретінде тандем мүшелері бір-бірінің зерттелетін тілі туралы көбірек біледі және бұл оларға оқытушы ретінде әрекет ету үшін белгілі бір өкілеттіктер береді.

Тандемнің үшінші ерекшелігі – серіктестер арасындағы қарым-қатынас. Сыныпта әдетте асимметриялық (оқытушы-оқушы) және симметриялық (сыныптастар арасында) қатынастар байқалады. Тандемде – тіл маманы ретінде әрекет ететін серіктес өзі шәкірт болған кезде әрқашан аз беделді позицияға ие болады. Осылайша, қарым-қатынастың басқа контексттерінен айырмашылығы, ана тілінде сөйлейтін адам қорқыныш тудырмайды. Бұл рөлдердің өзгеруі оқытушы-оқушы сонымен қатар азды-көпті тәжірибелі тілдік сұхбаттасушылар арасындағы асимметрияның жағымсыз салдарын жояды, бұл қалыпты өмірде кемшілік сезімін, қателіктерден коркуды, ұялшақтықты тудыруы мүмкін. Екінші жағынан, рөлдердің бұл өзгеруі асимметрияның жағымды жақтарын көрсетеді, мұнда сауатты сұхбаттасушыдан когнитивті және эмоционалды қолдау қажет.

Тандемнің төртінші ерекшелігі – мотивацияның табиғи механизмі. Ішкі және сыртқы мотивациядан басқа, тандемнің әрбір қатысушысы өзін-өзі реттейтін мотивациялық механизмді сезінеді. Оқушылар серіктесінен өздері беруге дайын нәрсені ғана ала алады. Егер қатысушылардың бірі серіктесінің процеске барынша қатысуын және белсенді әрекет етуін қаласа, ол өз кезегінде бірдей немесе үлкен қайтарымды көрсетуі керек. Әйтпесе, қатысушылар арасында күш пен мақсатқа деген адалдық теңгерімсіздігі болады және шиеленіс пайда болады. Егер қатысушылардың бірі бірлескен келісімді ұстанбаса, тандем сәтсіздікке ұшырайды, өйткені ол толық өзара қарым-қатынас пен ынтымақтастыққа негізделген.

Тандемнің бесінші ерекшелігі – студенттердің ішкі автономиясы, оның тандем шеңберінде өзіндік ерекшелігі бар: зерттеу жалғыз емес, басқалармен бірге, өзара әрекеттесуде. Адамдар екінші тілді үйренуге шешім қабылдағанда, олар алдымен кәсіби маман іздейді, олар кіммен бірге оқуы үшін жауапкершілікті бөлісе алады және оқу процесін ұйымдастыра алады осы жайында сөз болады. Оқытудың сәттілігі бірінші кезекте өз күш-жігеріне байланысты екендігі белгілі болғанына қарамастан, көптеген студенттер өздерінің оқу процесі үшін өкілеттіктер мен жауапкершіліктерді басқа адамға беруге бейім. Өз кезегінде, тандемде оқу тәуелсіздікті көрсетуді және оқу үшін жауапкершілікті қабылдауды және оқу процесін басқара білуді білдіреді. Тандем принципі стереотипті бұзады, оған сәйкес оқу процесі кәсіби оқытушының қатысуымен ғана мүмкін болатын білімді берудің механикалық процесі болып табылады. Тандемде үйрену – қарым-қатынастың табиғи процесі, онда коммуникативті ниеттерді жүзеге асыру басты орын алады.

Тандемнің алтыншы ерекшелігі – оның аффективті компоненті, яғни мәдениетаралық өзара әрекеттесуден ләззат алу мүмкіндігі. Соңғы кездері белсенді түрде дауласқан кең таралған нанымдардың біріне сәйкес, оқыту тек қиын және қызықсыз болуы мүмкін. Тұлғааралық қарым-қатынастың кез-келген түріндегідей, бұл әзіл сезімін, эмоцияларды білдіруді және тәжірибе алмасудан ләззат алуды, сонымен қатар шиеленістің, бәсекелестіктің, көңілсіздіктің, алға қойған мақсаттарына жете алмаған, тітіркенудің және тіпті реніштің жағымсыз сезімдерін қолдануды білдіреді.

Тандемде сәтті оқу мен қарым-қатынасқа арналған ережелері:

1. Сен-маған, мен-саған.

Өзара қарым-қатынас принципін ұстаныңыз! Неғұрлым көп берсеңіз, соғұрлым көп алатыныңызды ұмытпаңыз.

2. Таңдау еркіндігі.

Тандемнің әрбір қатысушысы өзінің оқуы үшін жауап береді және оған берілген уақытта не үйренгісі келетінін немесе не білгісі келетінін анықтайды.

3. Қателіктер жіберуден қорықпаңыз!

Біз тілді үйренген кезде қателіктер жібереміз. Және бұл табиғи! Шетелдік біздің тілімізде сөйлеуде қателіктер жібергенде, біз түсіністікпен қараймыз. Қателіктер жіберуден қорықпаңыз! Сіз ешқашан құлап кетпей жүруді үйрене алмайсыз.

4. «Кездесулерге» дайындалыңыз.

Тілдік серіктестердің әрқайсысы кезекті кездесудің алдында өзінің қандай тақырыпты талқылағысы келетінін таңдайды және келіседі.

5. Жазбаларды жазып алыңыз және оларды анда-санда қайта оқып шығыңыз.

Сіздің серіктесіңіз қолданатын қызықты фразалар мен сөз тіркестерін жазып алыңыз. Мұны әдетке айналдырыңыз! Ана тілінде сөйлейтін адаммен сөйлесу арқылы біз тірі тілді үйренеміз. Тіл үнемі жаңарып отырады және барлық оқулықтарда бұл өзгерістерге бейімделуге уақыт жоқ.

6. Жетістіктерді талқылаңыз және қателіктерді талдаңыз.

Кездесу соңында қателеріңіз бен жетістіктеріңізді талқылаңыз. Бір-біріңізді мақтауды ұмытпаңыз!

7. Бірсарындылықтан аулақ болыңыз, шығармашылықпен (креативті) айналысыңыз. Күнделікті және бірсарындылықтан аулақ болыңыз, тапсырмаларды шешуге шығармашылықпен жақындаңыз. Талқылау үшін жаңа және қызықты тақырыптарды және өзара әрекеттесу түрлерін ұсыныңыз

8. Дұрыс көзқарасты қалыптастырыңыз!

Мақсатты болыңыз, алдыңызға қойған мақсатқа жетуге тырысыңыз! Есіңізде болсын, тілді еркін сөйлеп, меңгеру бір күнде келмейді. Қиындықтардың сізді ренжітуіне жол бермеңіз.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход. М.: Высш. школа, 1991. 204 с.; Китайгородская Г.А. Интенсивное обучение иностранным языкам: теория и практика. М.: Рус. яз., 1992. 254 с.

2. Бердичевский А.Л. Вдвоем все-таки лучше! Обучение межкультурному общению с использованием метода тандема. *Русский язык за рубежом*. 2008. №1. С.35.

3. Кузнецова Н.А. Тандем метод – один из путей реализации личностно – ориентированного подхода в языковом образовании. *Иностранные языки в школе*. 2003. №5. С. 13.

4. Прието Пераль, Б. Деловой испанский язык за 30 дней: Учебное пособие. М.: Астрель, 2007. 335 с.

5. Щукин А.Н. Современные интенсивные методы и технологии обучения иностранным языкам: Учебное пособие. М.: Филоматис, 2008. 188 с.

ӘОЖ 376.1

*Жадыра Байғалиева, Арай Олжағали
(Орал, Қазақстан)*

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ РӨЛІ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Мақалада «инклюзия», «инклюзивті білім беру» терминдеріне анықтама беріліп, инклюзивті білім берудің мақсат-міндеттері, дамыту бағыттары және проблемалары анықталған. Сонымен қатар, ерекше білімді қажет ететін балаларға инклюзивті білім беру ортасын құрудың маңыздылығы, инклюзивті білім берудің қазіргі қоғамдағы орны мен маңыздылығы қарастырылған.

Түйін сөздер: инклюзия, инклюзивті білім беру, инклюзивті білім беру ортасы, ерекше білімді қажет ететін балалар.

The article defines the terms «inclusion» and «inclusive education» while identifying the goals, objectives, development directions, and challenges of inclusive education. Additionally, it highlights the importance of creating an inclusive educational environment for children with special educational needs, as well as the role and significance of inclusive education in modern society.

Keywords: inclusion, inclusive education, inclusive educational environment, children with special educational needs.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлттық қоғамдық Сенім кеңесінің VI отырысында: «Қазақстанда ерекше білім беруді қажет ететін балалар саны көбейіп барады. Олар кезегі келген кезде толық оналтудан өтуге мәжбүр. Балалар сапалы білім алуы керек. Мемлекет тарапынан арнайы психолог мамандардың даярлануына назар аударылуы керек» – деген болатын.

Инклюзивті білім беру ерекше оқытуды қажет ететін балаларды сапалы білімге қол жетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған білім беру жүйесін ұйымдастыру. Ол балалардың дене, психикалық, тілдік және т.б. ерекшеліктеріне қарамастан сапалы білім беру ортасына қосуды, барлық кедергілерді жоюды, олардың жан-жақты білім алуы үшін әлеуметтік бейімделуін, әлеуметтік ортаға енуін көздейді.

«Инклюзия» ұғымы француз тілінде «inclusif» – «өзіне кіріктірген», латын тілінде «include» – «ендіремін, қосамын», ағылшын тілінде «араластырамын» деген мағынаны береді.

Инклюзивті білім берудің – барлық білім алушыларды оның жасына, жынысына, этникалық ерекшеліктеріне қарамастан әлеуметтік ортаға бейімдеу, баланың жеке қажеттілігіне түзету – педагогикалық, отбасылық, әлеуметтік қолдау көрсету, олардың дене бітіміндегі, интеллектілік, эмоциялық, тілдік даму ерекшеліктеріне қарамастан жалпы білім беретін мектептерге қалыпты балалармен бірге педагогикалық үрдіске қосу.

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады.

Инклюзивті оқытудың кең мағынадағы мәні:

1) Барлық балаларды, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балаларды да жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, жалпы білім беру үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеу;

2) Баланы дене, психоэмоциялық, әлеуметтік және т.б. мұқтаждықтарына қарай дамыту-түзету және арнайы қолдау, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат;

3) Балаларды бір-бірінен айыратын кедергілерді барынша жою үшін тұтас қоғам боп атсалысу және осы жолда ата-аналардың белсенділігіне сүйену [1].

Ерекше білімді қажет ететін балаларға жатады: мүмкіндігі шектеулі балалар, мигранттардың, оралмандардың, босқындардың, саны аз ұлттар отбасыларынан шыққан балалар, қоғамда әлеуметтік бейімделуде қиындықтары бар балалар (жетім балалар, виктимді балалар, девиантты мінез-құлықты балалар, әлеуметтік-психологиялық мәртебесі төмен отбасынан шыққан балалар). Мына 8 диагнозды балалар инклюзивті білім алу мүмкіншілігі бар: есту, көру, тіл, психикалық, эмоциялық, тірек қимылысында, интеллекте бұзылысы бар және бірнеше аурулардың басы қосылған диагнозы бар балалар жатады [2].

ЮНЕСКО-ның «Баршаға арналған білім» халықаралық бағдарламасында – инклюзивті білім беру барлық білім алушыларға жынысына, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, ұлтына, жасына, дініне және т.б. қарамастан сапалы білім алуға және өз әлеуетін дамытуға тең мүмкіндіктер беруді білдіреді.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді.

Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді [3].

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру ұғымы алғаш рет заң жүзінде 2011 жылы 24 қазанда «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңына енгізілді. «Білім туралы» Заңының 8-бабы 6-тармағында мемлекет инклюзивті білім беруді іске асыра отырып, даму мүмкіндігі шектеулі азаматтарды білім берудің барлық деңгейлерінде білім алуы үшін арнайы жағдайларымен қамтамасыз етеді деп белгіленген [4].

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру ерекшелігі – мүмкіндігі шектеулі балаларды сыртқы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мекемелерінің дамыған желісі және жеткілікті әлеуеті.

Інклюзивті білім берудің мақсаты – барлық санаттағы тұлғалардың сапалы білім алуға тең құқықтарын жүзеге асыру.

Інклюзивті білім берудің міндеттері:

- Әркімнің сапалы білім алу құқығын қолдау жөнінде қоғамдық пікір қалыптастыру;
- Төзімділік қарым-қатынас мәдениетін, білім алушылардың білім алудағы мүмкіндіктерінің әртүрлілігіне шыдамдылық көзқарасын дамыту;
- Балалармен жұмыс істеуде әртүрлілікті енгізу педагогтар үшін кедергі немесе проблема емес, керісінше олар үшін жаңа кәсіби мүмкіндіктер ашатынын түсінулеріне көмектесу;
- Білім беру ұйымдарының әкімшілігіне инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық қамтамасының, саясаты мен әдіснамасының мәселелері бойынша кеңес беру;
- Педагогтарға оқу-тәрбие процесі барысында туындайтын инклюзивті білім беру практикасының жеке мәселелері бойынша кеңес беру;
- Педагогикалық қоғамдастықты педагогикалық ғылымның ең жаңа жетістіктерімен таныстыру [5].

Інклюзивті білім берудің негізгі принциптері:

- Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталды;
- Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті;
- Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы;
- Барлық адам бір-біріне қажет;
- Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады;
- Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен досытығын қажет етеді;
- Әрбір оқушы үшін жетістікке жету – өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру;
- Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді [6].

Орыс психологы Л.С.Выготский өзінің «Кемтар балалар психологиясы» еңбегінде: «кез келген кемшілік баланың ортамен қарым-қатынасын шектеуден, балаға адамзаттың мәдени, әлеуметтік тәжірибесін игеруге кедергі келтіруден» - деген болатын. Бұл пікір ерекше білімді қажет ететін балалардың дамуы үшін ортаның маңызды екендігін, инклюзивті білім беру ортасын құру керек екендігін түсіндіреді.

Итальян педагогы Мария Монтессори тұлға дамуындағы тірек факторы ретінде білім берудің кеңістік-заттық ортасына ерекше назар аударды. Күнделікті практикалық жаттығуларға арналған материалдар балалардың қажеттілігіне байланысты түсі, формасы, көлемі, тартымдылығы сәйкес болуы керек. Мария Монтессори баланың сабақ оқитын ортасын тәртіпке келтіру, олардың әлеуметтік үлгілерді меңгеруіне, ішкі рухани құрылымды құруға ықпал ететінін айта келіп, кеңістік-заттық білім беру ортасының архитектуралық элементтеріне көп зейін аударды: «сабаққа арналған бөлмелер оқу корпусынан бөлек, таңғы аулада орналасса, онда балалар үй жануарларымен өзара әрекеттесу мүмкіндігіне ие болып, өсімдіктерді күтсе, ол да білім, тәрбие ортасы болады» – деді.

Қазіргі кезде Монтессори әдісі дүниежүзінің әртүрлі елдерінде, сонымен қатар Қазақстанда да кең танымал.

Ерекше білімді қажет ететін балаларды әлеуметтік ортаға енгізу – балалардың өз жағдайына қарай білім алу ортасына әлеуметтік бейімделуін қалыптастыру.

Інклюзивті білім беру ортасы – білім беру процесінің барлық субъектілеріне тиімді өзін-өзі дамыту мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін білім беру ортасының түрі [7].

Інклюзивті білім беру ортасы төмендегі мәселелерді шешуді көздейді:

- Білім беру кеңістігіне қарай әрбір ерекше баланың дұрыс бейімделуі;
- Баланың ерекшелігіне қарай білім беру, тәрбие процесін қайта құру;
- Ортада қолайлы психологиялық ахуал орнату;

- Ерекше балалардың білім беру процесіне толық қатысуын қамтамасыз ету;
- Жалпы білім беретін мектептерде ерекше балаларды қалыпты балалардың үнемі жағымды қабылдауына назар аудару.

Инклюзивті білім берудің талаптары:

- Материалды-техникалық базамен қамтамасыз ету, яғни арнайы компьютермен жабдықтау;

- Оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету – кітаптармен жабдықтау, көру бұзылыстары бар балалар үшін шрифтері үлкейтілген түрде, ал зерде бұзылысы бар балалар үшін арнайы кітаптар қажет;

- Білікті мамандардың болуы – дефектолог, логопед, психолог, тьютор, педагог мамандарының арнайы курстан өтуі маңызды;

- Стандартты оқыту бағдарламасы ерекше білімді қажет ететін балаларға сәйкес келмейді, сондықтан сабақ жоспарын жетілдіруді және жаңғыртуды талап етеді;

- Кедергісіз орта, яғни пандустардың болуы маңызды [2].

Мектепте ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеу үшін міндетті түрде психологиялық-педагогикалық қызмет қажет, олардың міндеттері шеңберіне балалармен дамыту немесе түзету жұмыстары ғана емес, сонымен қатар педагогтармен және ата-аналармен жалпы тәсілдерді, баламен жұмыстың бірыңғай стратегиясын әзірлеу бойынша тұрақты ынтымақтастық кіреді [8].

Балаларды педагогикалық-психологиялық қолдау бұл – баламен кеңесе отырып, оның қызығушылығын анықтау, оның белгілі бір мақсаттарға деген ұмтылыстары мен мүмкіндіктеріне қолдау көрсету, оның адами қасиеттері мен құндылықтарын сақтай отырып дамуына, оқыту нәтижелеріне өз бетінше қол жеткізуіне, өзін-өзі тәрбиелеуіне, көпшілікпен араласуына, өмір сүру салтын қалыптастыруға кедергі келтіретін қиындықтарды жеңуіне көмектесу болып табылады [9].

Даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (ПМПК) қорытындысы мен ұсынымдары негізінде ұйымдастырылады және білім беру ұйымының ішінде штаттық мамандар (арнайы педагог, психолог, логопед, әлеуметтік педагог, т.б.) негізінде жүзеге асырады.

Инклюзивті білім берудің маңыздылығы: біріншіден, баланың дені сау, қалыпты балалармен еркін қарым-қатынас жасауына көмектеседі. Екіншіден, баланың жалпы қоғам дамуымен бірге дамуына әсер етеді. Үшіншіден, дискриминацияны, яғни шеттетуді жоюға, оны болдырмауға жағдай жасайды. Төртіншіден, ерекше оқытуды қажет ететін балалардың мүмкіндіктерінің артуына жағдай жасайды. Бесіншіден, қалыпты балалардың адамгершілік салаларының дамуына әсер етеді [10].

Инклюзивті білім беру жүйесінде кездесіп отырған күрделі проблема – оған қоғам тарапынан туып отырға теріс көзқарас проблемасын жою. Ақпараттың аздығы, қорқыныш, бала құқын аяқасты ету – осының барлығы даму мүмкіндігі шектеулі балаларға теріс көзқарасты дамытады. Бір жағынан, арнайы оқыту әдістемесінің жоқтығы инклюзивті білім беру үшін елеулі қиындықтар туғызады. Тәрбиешілер мен мұғалімдер дамуында ауытқушылығы бар балалармен жұмыста өзінің кәсіби дайындығы деңгейіне көңілі толмайтындығын атап көрсетеді. Алайда, мұғалімдер бала бойындағы ауытқуларды дер кезінде анықтап, нақты іс-қимылға дайын болуы тиіс.

Инклюзивті білім берудің қажетті нормативтік-құқықтық базасының болмауымен, осы жобаны қаржыландыру деңгейінің жеткіліксіздігімен, инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын жалпы білім беру мекемелерін қажетті материалдық-техникалық және технологиялық қамтамасыз етудің болмауымен қатар, қоғамның жалпы білім беретін сыныптардағы денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларды қабылдауға дайындығы және педагог кадрлардың осы санаттағы балалармен жұмыс істеуге дайын еместігі қазіргі уақытта проблема болып отыр.

Інклюзивті білім беруді дамытудың негізгі бағыттары: даму мүмкіндіктері шектеулі адамдарға қоғамның толерантты қарым-қатынасын қалыптастыру, мүмкіндігін шектеулі балаларды білім беру процесіне қосу процесін реттейтін нормативтік құқықтық база құру, даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды ерте анықтау және кешенді көмек көрсету, жалпы білім беру ортасында баланы білім беру процесіне қосудың әртүрлі нұсқалары көзделуі тиіс, даму мүмкіндіктері шектеулі адамдарды кәсіби-еңбектік даярлау, білім беруді бағдарламалық-әдістемелік және оқу-дидактикалық қамтамасыз ету, мүмкіндігін шектеулі балалар оқитын білім беру ұйымдарын кадрлармен қамтамасыз ету, білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыру, инклюзивті білім беруді дамыту процесіне ата-аналар мен қоғамдық ұйымдарды қосу, мүмкіндігін шектеулі балаларды білім беру процесіне қосу жүйесін теориялық, әдістемелік қамтамасыз етуге бағытталған арнайы ғылыми зерттеулер жүргізу болып табылады [11].

Ерекше білімді қажет ететін балаларға оқытудың жаңа әдістерін ұсынатын, кейіннен тиімді білім беру бағдарламаларына негіз бола алатын арнайы жаңашыл мұғалімдер өте көп. Сонымен қатар, ерекше білімді қажет ететін балаларды ортаға бейімдеу үшін психологиялық-педагогикалық құзыреттілікті, мұғалімдердің, оқушылардың, ата-аналардың психологиялық мәдениетін дамыту керек. Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың жалпы білім беретін мектептерде оқуы отбасында тәрбиеленіп тұруына жағдай жасайды, қалыпты деңгейдегі құрдастарымен күнделікті қарым-қатынас жасауды қамтамасыз етеді, әлеуметтік бейімделуді және қоғамға кіріктіруге қатысты мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Оспанбаева М. Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі. Алматы, 2019. Б. 88-92.
2. Панабекова М.Б., Амантурлина А.Д. Инклюзивті білім беру – өмір қажеттілігі. 2018.
3. Жанахметова А.М. Қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру. Инклюзивті білім беру. *12 жылдық білім беру*. 2021. №2. Б. 45-50.
4. Шүйіншина Ш.М., Мұхамедханова А.К., Мукашева М.У., Шөпшібаев К.К. Инклюзивті білім берудің рөлі және оны дамытудың маңыздылығы. *12 жылдық білім беру*. 2016. Б. 48-52.
5. Тлеумбетова А.Ү. Инклюзивті білім беру. *Дефектология*. 2022. №2. Б. 3-6.
6. Хожамбердиев К.Т. Инклюзивті білім беру. *Педагогика мәселелері*. 2016. №4. Б. 22-24.
7. Падгорска-Яхник Д., Габдрахманова Ш.Т., Арыстанғалиева В.Т., Панищева О.А. Инклюзивті білім беру: оқу-әдістемелік құралы. Орал, 2020. 19 б.
8. Афонькина Ю.А., Усанова И.И., Филатова О.В. Технология комплексного психолого-педагогического и социального сопровождения ребенка дошкольного возраста: методические разработки для специалистов дошкольного образования. 2010. 67 с.
9. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту және әлеуметтік бейімдеуді педагогикалық қолдау моделі. Әдістемелік ұсынымдар. Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. 2016. 39 б.
10. Каженбаева А.Е., Карабаева Н.Б. Инклюзивті білім беру пәні – адамгершілік бастауы.
11. Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция. 2006.

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИАНЫҢ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫНА ӘСЕРІ

Бұл мақалада әлеуметтік медианың балалар мен жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауына, психологиялық денсаулығына және эмоционалды жағдайына әсері қарастырылған. Әлеуметтік медиа қазіргі уақытта жастардың негізгі коммуникациялық және ақпараттық құралына айналды. Дегенмен, оның психологиялық және әлеуметтік салдары да жоқ емес. Әлеуметтік желілерде уақыт өткізудің теріс және оң әсерлері, олардың баланың өзін-өзі қабылдауына қалай әсер ететіндігі және депрессия, мазасыздық сияқты психологиялық бұзылыстардың пайда болу тәуекелдері талданады. Бұл зерттеу әлеуметтік медианың балалар мен жасөспірімдердің психологиялық дамуына қатысты негізгі мәселерді анықтап, олардың эмоционалды денсаулығын сақтау үшін қандай шаралар қабылдау қажеттігін көрсетеді.

Кілт сөздері: әлеуметтік медиа, балалар мен жасөспірімдер, өзін-өзі бағалау, эмоционалды жағдай, психологиялық денсаулық, әлеуметтік желілер, мазасыздық, депрессия.

This article examines the impact of social media on children's and adolescents' self-esteem, psychological health, and emotional well-being. Social media has become the primary means of communication and information for young people today. However, it also has psychological and social consequences. The article analyzes both the positive and negative effects of spending time on social networks, how they influence a child's self-perception, and the risks of developing psychological disorders such as depression and anxiety. This study identifies key issues related to the psychological development of children and adolescents in the context of social media and highlights necessary measures to maintain their emotional well-being.

Keywords: social media, children and adolescents, self-esteem, emotional well-being, psychological health, social networks, anxiety, depression.

Қазіргі қоғам – жаңа ақпараттық технологиялардың қоғамы және ХХІ ғасырдың бұл ағымы – қоғам дамуының жаңа дәрежесіне жеткізді. Ақпарат алмасу, қарым-қатынас орнату, жұмыс іздеу, білім алу мүмкіндігі және тағы басқа іс-әрекеттер шынайы әлемге қарағанда виртуалды әлемде жүзеге асатын болды. Интернет жастардың ең сенімді құралдардың біріне айналды. Қазірдің өзінде әлем халқының 57 пайызы бетпе-бет тілдесуден гөрі, интернет арқылы, дәлірек айтқанда, әлеуметтік желі арқылы «әңгімелеседі» [1].

Әлеуметтік медиа соңғы жылдары жастар арасындағы қарым-қатынастың негізгі құралына айналды. Интернеттің және әлеуметтік желілердің жылдам дамуымен бірге олардың адамдардың психологиясына әсері күшейді. Әсіресе балалар мен жасөспірімдер үшін әлеуметтік желілер әлеуметтік өмірдің маңызды бөлігін құрайды, әрі олар виртуалды ортада өздерін басқа адамдармен салыстырып, өзін-өзі бағалау процестеріне әсер етеді. Бұл зерттеуде әлеуметтік медианың балалар мен жасөспірімдердің өзін-өзі қабылдауына, эмоционалды жағдайына және психологиялық денсаулығына әсері қарастырылады.

Бүгінгі таңда қоғам алдында тұрған басты міндеттің бірі – сауатты жастар шоғырын қалыптастыру мен тәрбиелеу. Қоғамның мағызды бөлшегі саналатын жастар өмірде шешім қабылдаған сәтте, көргені мен білгеніне, сауаттылығына сүйенеді. Сонымен бірге, қазіргі әлемде цифрландыру үрдісінен туындаған трансформация жағдайында ақпараттық қауіпсіздік саласына қатысты заңнамалық негіздердің маңызын арттырып, мұны қазіргі

уақыт талабына сай үнемі жетілдіріп отыру қажет екенін естен шығармаған жөн. Заманауи цифрлы технологиялар халықтың басым бөлігіне ақпараттың жылдам жетуі мен оның қолжетімдігін қамтамасыз етіп отыр. Бұл жағдай бүгінгі заманауи ақпараттық технологияларды жетік меңгерген және соған бейім жастардың қоғамдық өмірге белсенді түрде араласуына алып келді. Қоғамның цифрлық дамуға ерекше жылдам қарқынмен өтуіне байланысты жаңа технологиялардың жастардың ішкі мәдениетіне ықпалының арта түсуі де айқын көрініс тауып отыр. Басты себептердің бірі, бүгінгі виртуалды цифрлы алаң әртүрлі ақпараттардың таралуына, олардың бірнеше мәрте қаралуына мүмкіндік береді. Қазір кез келген адамның жеке көзқарасын әлеуметтік желілер арқылы білдіруге, жеке пікірін ашық айтуға тең дәрежеде құқы бар. Осы платформалар арқылы қоғамда қандай да бір тұлғаның имиджін көтермелеуге, қоғамдық ұйымдардың мүдделерін жоғарылатуға, тіпті кейде тікелей эфир жүргізуге, жарнама жасауға, таға да басқа көптеген мүмкіндікті туындатып отырғаны шындық [2].

Интернет қоғам үшін маңызды жұмыстардың бірін орындайды, ол – байланыс, ақпарат алмасу. Әлеуметтік медиа сайттары жастарға өзін-өзі тануға, «Өзін-өзі таныстыруға» көмектеседі. Замандастары мен достарының қолдауы, туыстарының, жақындарының қолдауынан гөрі маңыздырақ болып келеді. Біріншіден, өмірде өз ойын ашық айтудан гөрі әлеуметтік желі арқылы жеткізу жастар үшін оңайырақ болып көрінуі мүмкін. Олар үшін әлеуметтік медианы қолданудың негізгі себептері – достар, сыныптастар табу және олармен қарым-қатынас жасау. Айта кету керек, әлеуметтік желілер қазіргі жастардың бос уақытының көп бөлігін алуда. Интернет желісінің ресурстарын өз бетінше пайдалана отырып, әлі де дүниетанымы қалыптаспаған, өзі үшін маңызды бағыттарды айқындамаған жастар үшін жалған ақпаратқа тез еріп кету қаупі жоғары. Психологтардың арасында әлеуметтік желілер қазіргі жас ұрпаққа өзін жалғыз сезінбеуге, күйзеліспен күресуге көмектеседі деген пікір бар. Алайда, жас адамдардың өмір сүру кеңістігін бақылау басқаша ойға сендіреді: интернет қолданушысы басқа адамдардың пікіріне тәуелді болып келеді. Бұл жағдайдың нәтижесі күйзеліске немесе адамның виртуалды желіге тәуелділігіне әкеп соғады [3]. Интернеттің дамуы жаңа мәдени сәйкестіктердің пайда болуын білдіретін виртуалды кеңістіктің құрылуына әкелді. Жастар үшін бұл жаңа мәдени тәжірибелер өзгеше қарым-қатынасқа, қауымдастықтардың жаңа түрлері сыналатын аймаққа айналды [4].

Интернет – бұл қолдана білген адамға ақпараттың әрдайым қолжетімді сарқылмас қайнар көзі. Ата-аналар балалардың барлық сұрағына жауап бере ала ма? Жоқ сияқты. Үйде энциклопедия болса, сол жерден қарауға болады. Таныстардан сұрауға болады. Жауап іздеуге қанша уақыт жұмсау керек? Ата-аналар интернетті пайдаланып, баланың білімқұмарлығы мен өзінің білмегенін қанағаттандырады. Қажетті ақпаратты таба білу – балаға келешекте керек болатын құнды қасиет. Интернет арқылы баланың білімқұмарлығын дамытып, оған іздеу алгоритмдерін үйретуге болады. Интернет – бұл назар мен жадыны жаттықтыру, логикалық есептер шешу, талдау және синтез сияқты ойлау процестерін жетілдіру мүмкіндігі. Мектепке дейінгі балалар үшін негізгі қызмет ойын болып табылады. Дамытушы компьютерлік ойындар – бұл жас жеңілтектер үшін керемет жаттықтырушы. Бастысы – экран алдындағы уақытты мөлшерлеу және жасына сай келетін ойындарды таңдау [5].

Әлеуметтік медианың бірден-бір маңызды әсері – бұл жастардың өзін-өзі қабылдау процесіне әсер етуі. Әлеуметтік желілердің жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға пайдасы зор. Интернеттен музыка, фильм, ойындардан басқа ғылыми мақалалар, аудиокітаптар, тіл үйрену курстарын, тамақ істеу, би үйрену, дене шынықтыру тәсілдерін көшіріп алуға, қарауға болады. Көптеген оқулықтар мен рефераттар, түрлі суреттер де Интернетте жетерлік. Кез-келген мемлекеттік мекемелер, түрлі компаниялар мен дүкендер, кафе, мейрамханалар туралы ақпарат алу, олардан анықтама алу, тапсырыс беру сияқты көптеген жұмыстарды үйде отырып Интернет арқылы жасауға болады. Сонымен қатар, әлеуметтік

желілер арқылы кез-келген адам өзінің пікір алмасатын, мүдделестер ортасын қалыптастыруға, жаңа таныс, дос табуға да мүмкіншілігі бар. Сол сияқты кез-келген фирма өзінің өнімдеріне қызығушылық танытқан клиенттерін топтастыра алады. Сондықтан да осы әлеуметтік желілердің қызметі әлеуметтік-саяси құбылыс ретіндегі қоғамдық феномен ретінде қарастыруға әбден мүмкін.

Алайда әлеуметтік желілердің теріс әсерлері де маңызды:

- *Өзін-өзі бағалаудың төмендеуі:* Жастар әлеуметтік желілерде көбінесе идеализирленген өмір сүру бейнелерін көреді, бұл олардың өздерін төмен бағалауына алып келуі мүмкін.

- *Әлеуметтік қысым:* Әлеуметтік желілерде сыртқы келбетке, материалдық жағдайға немесе танымалдылыққа қатысты қойылатын талаптар жасөспірімдердің психологиялық жағдайын нашарлатады.

- *Депрессия мен мазасыздық:* Әлеуметтік желілерде теріс пікірлер мен қорлау, буллинг сияқты әрекеттер балалар мен жасөспірімдерде депрессия мен мазасыздықты күшейтуі мүмкін [4].

Әлеуметтік желілерде жиі жарияланатын суреттер, өмір салты мен сұлулық стандарттары жасөспірімдерді өзін салыстыруға итермелейді, нәтижесінде өзін-өзі бағалау төмендейді. Мысалы, Instagram сияқты платформаларда жиі көрінетін «көркем» өмірлер балалардың өздерінің сыртқы келбетіне немесе әлеуметтік статустарына көңілі толмауына себеп болуы мүмкін.

Әлеуметтік медиадағы лайктар мен пікірлерге тәуелділік жасөспірімдерге әлеуметтік мойындаудың маңызды факторына айналады. Бұл өзін-өзі бағалау жүйесін сыртқы қолдауға негіздеп, баланың ішкі сенімін әлсіретеді. Әлеуметтік медиа қолдану теріс психологиялық нәтижелерге әкелуі мүмкін:

Депрессия: Әлеуметтік желілерде үздіксіз салыстырулар мен теріс пікірлер балалар мен жасөспірімдерде депрессия белгілерін күшейтеді.

Мазасыздық: Үнемі лайк пен пікірлерді күту, виртуалды «қабылдану» жастарды мазасыздыққа ұшыратады.

Ұйқының бұзылуы: Әлеуметтік желілерде ұзақ уақыт өткізген жасөспірімдердің ұйқы сапасы төмендейді, бұл психологиялық және физикалық денсаулыққа әсер етеді.

Қазіргі таңда әлеуметтік желілерде жастардың сөйлеу мәдениеті де, бір-бірімен қарым-қатынасы төмендеп бара жатыр. Әлеуметтік медиа қазіргі қоғамдағы маңызды байланыс құралы болғанымен, оның балалар мен жасөспірімдерге теріс әсерлері байқалуда. Олардың психологиялық денсаулығы мен өзін-өзі бағалауы үшін әлеуметтік медианы дұрыс пайдалану маңызды. Қазіргі таңда ата-аналар мен педагогтар үшін әлеуметтік медианың қауіптері туралы ақпараттану және жасөспірімдердің виртуалды ортада дұрыс қатынастар орнатуы үшін қолдау көрсету өте маңызды.

Әлеуметтік медианың тиімді пайдалы жақтарымен қатар, зиянды жақтарын ескере отырып, былай қорытынды жасауға болады: жастар әлеуметтік желіні қалыпты жағдайда қолданса, олар зиян тигізбейді. Ал, ақпаратты шамадан тыс қолдану зардап шектіруге алып келеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Айдана Агибаева «Әлеуметтік желінің жастарға әсері қандай»? 03.03.2015.
2. Бекбосынова А.Р. Интернеттің жасөспірімдер психологиясына әсері. Алматы: Атамұра, 2018.
3. Насимов М. О. Әлеуметтік желідегі саяси жарнама. *Молодой ученый*. 2020. №9(299). С. 26-27. URL: <https://moluch.ru/archive/299/67878/> (дата обращения: 28.02.2025).
4. Еркежан Айтқызы. Әлеуметтік желі – ақпарат алаңы һәм табыс көзі. *Егемен Қазақстан*, 05.02.2020 г. URL: [https://egemen.kz/article/219769-aleumettik-dgeli- %E2%80%93 93-aqparat-alanhy-qam-tabys-kozi](https://egemen.kz/article/219769-aleumettik-dgeli-%E2%80%93-93-aqparat-alanhy-qam-tabys-kozi)

5. Сейталиева А.Қ. Әлеуметтік желілер мен психологиялық денсаулық: Балалар мен жасөспірімдер үшін қауіптіліктер. *Қазіргі психология журналы*. 2019. №3(2). С. 45-52.

6. Ерғалиева Ж.Т., Омарова, М.А. Әлеуметтік медианың балалар мен жасөспірімдердің психоэмоционалды жағдайына ықпалы. *Педагогика және психология зерттеулері*. 2020. №2(1). С. 14-22.

7. Интернет психологиясы. Балалардың интернет көмегімен дамуы. URL: https://openu.kz/storage/lessons/1872/internet-psihologiyasy_12_lecture.pdf

Ақсауле Біләлова
(Кызылорда, Казахстан)

ОРТА МЕКТЕПТЕ «ИНФОРМАТИКА» ПӘНІН ОҚЫТУДА АДАПТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Бұл мақалада орта мектепте «Информатика» пәнін оқытуда адаптивті технологияларды қолданудың мүмкіндіктері қарастырылады. Адаптивті оқыту жүйелері әр оқушының жеке ерекшеліктеріне сәйкес оқу процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мақалада осы технологиялардың оқу үдерісіне ықпалы, оқушылардың мотивациясын арттыру мен материалды меңгеру деңгейін жоғарылату мүмкіндіктері талданады. Сонымен қатар, адаптивті жүйелер оқу материалдарының қолжетімділігін арттырып, оқу процесінің икемділігін қамтамасыз етеді. Зерттеу нәтижелері орта білім беру саласында информатика пәнін оқытуды жақсартуға бағытталған тиімді шешімдер ұсыналады.

Кілттік сөздер: адаптивті технологиялар, информатика, орта мектеп, жеке тұлғалық білім, оқу үдерісі, мотивация, оқыту әдістері.

This article explores the possibilities of using adaptive technologies in teaching the subject "Informatics" in secondary schools. Adaptive learning systems enable the organization of the learning process in a way that caters to each student's individual characteristics. The article discusses the impact of these technologies on the learning process, the potential to increase student motivation, and improve material comprehension. Additionally, adaptive systems enhance the accessibility of learning materials and ensure the flexibility of the learning process. The research findings suggest effective solutions aimed at improving the teaching of Informatics in secondary education.

Keywords: adaptive technologies, computer science, secondary school, education, learning process, motivation, teaching methods.


Орта мектептерде «Информатика» пәнін оқыту қазіргі заманғы білім беру жүйесінің маңызды бөлігіне айналды, оқытуды дамыту саласында мультимедиялық және адаптивті технологияларды қолдану перспективті бағыт болып табылады. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы білім беру саласына жаңа әдістер мен құралдарды енгізуді талап етеді. Адаптивті оқыту – білім алушымен белсенді өзара әрекеттесетін технология. Адаптивті технологиялар білім беру процесін жекелендіріп, әрбір оқушының қажеттіліктеріне және мүмкіндіктеріне сәйкес бейімделуге мүмкіндік береді. [1]

Бейімделетін білім беру технологияларының артықшылықтары:

Оқыту тиімділігін арттыру (сурет 1):

✓ Адаптивті технологиялар әр оқушының жеке қажеттіліктері мен білім деңгейіне сәйкес оқытуды реттеуге мүмкіндік береді.

✓ Оқыту қарқыны мен ақпаратты меңгеру стилін ескере отырып, адаптивті технологиялар жаңа білімді меңгеру процесін жеделдетуге мүмкіндік береді.



Сурет 1

Мотивация мен қызығушылықты арттыру:

- Интерактивті және жеке тұлғалық оқыту әдістері студенттердің мотивациясын арттыруға және оқу материалдарына қызығушылықты сақтауға ықпал етеді.
- Контентті таңдау және қателермен жеке жұмыс істеу мүмкіндігі оқушыларды белсенді оқуға ынталандырады. [2]

Адаптивті білім беру технологияларының практикалық қолданылуы:

Интерактивті оқу бағдарламалары:

- Адаптивті білім беру технологиялары бар платформалар әр түрлі оқыту стилдерін ескеретін интерактивті оқу бағдарламаларын ұсынады.
- Қосымша материалдарға және жеке тапсырмаларға қолжетімділік арқылы студенттер оқу процесіне тереңірек бойлай алады.

Жеке тұлғалық оқу: (сурет 2)

- Адаптивті технологиялар студенттердің оқу үлгерімі мен таңдауларын талдай отырып, оқу материалы мен оқыту әдістерін бейімдейді.
- Бұл әр оқушы үшін уникалды оқу жоспарын құруға мүмкіндік береді, нәтижесінде ең жақсы нәтиже мен материалды толық түсіну қамтамасыз етіледі.

Жеке оқу тәжірибесін ашу



Сурет 2

Адаптивті технологиялар білім алушыларға білім беру процесін дербестендіруге, олардың оқу стилі мен деңгейіне сәйкес келетін оқу материалдарын таңдауға мүмкіндік береді. Кейбір оқушылар визуалды материалдар арқылы жақсырақ түсінеді, ал басқалары мәтіндік ақпаратты жақсы қабылдайды. Адаптивті технологиялар білім алушының ерекше қажеттіліктерін ескеріп, оқушыларға әртүрлі форматта оқу материалдарын ұсынады, оқушылардың оқу мотивациясын арттырып, олардың сабақты жақсырақ меңгеруіне ықпал етеді. [4]

Адаптивті технологиялар мұғалімдерге де көп көмегін тигізеді, әрбір оқушының оқу траекториясын бақылауға, олардың жетістіктерін бағалауға және қажетті түзетулер енгізуге мүмкіндік береді, мұғалімдердің уақытын үнемдеп, оқу процесін тиімдірек ұйымдастыруға ықпал етеді, мұғалімдер нақты бір оқушының қандай тақырыптарда қиындық көріп жатқанын байқап, оған арнайы көмек крсете алады.

Адаптивті технологиялар білім беру процесін автоматтандыруға мүмкіндік береді, бұл мұғалімдердің жүктемесін азайтып, оқушылардың өз бетімен оқуға деген қызығушылығын арттырады, адаптивті платформалар оқушылардың оқу прогресін автоматты түрде бағалап, оларға қосымша тапсырмалар немесе материалдар ұсына алады. Бұл оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуына ықпал етеді.

Информатика пәнінде адаптивті технологияларды қолдану оқушылардың сыни ойлау, проблема шешу, ақпаратты өңдеу сияқты қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл дағдылар қазіргі заманғы әлемде өте маңызды, себебі олар оқушыларға болашақта кез келген салада табысты болуға көмектеседі. Сонымен қатар, осы дағдыларды дамыту арқылы оқушылар жаңа технологияларды меңгеруге, оларды тиімді пайдалануға үйренеді. [4]

Адаптивті технологиялармен жұмыс істеу барысында кейбір қиындықтар да туындауы мүмкін, бұл технологияларды енгізу үшін мектептерде қажетті инфрақұрылым мен ресурстар болуы керек. Мұғалімдерге де жаңа технологияларды меңгеруге уақыт пен күш жұмсау қажет. Алайда, бұл қиындықтарды жеңу үшін мемлекет деңгейінде қолдау көрсетіліп, мұғалімдерге арналған арнайы оқу бағдарламалары ұйымдастырылуы тиіс.

Қорытындылай келе, орта мектептерде «Информатика» пәнін оқытуда адаптивті технологияларды қолдану білім беру процесін жетілдіріп, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Бұл технологиялар оқушылардың оқу мотивациясын арттырып, олардың қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, адаптивті технологиялар мұғалімдерге оқу процесін тиімді ұйымдастыруға және оқушылардың жетістіктерін бақылауға көмектеседі. Алдағы уақытта осы бағытта зерттеулер жүргізу және жаңа технологияларды енгізу маңызды міндеттердің бірі болып табылады. [5]

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бекетов А.Т. Адаптивті технологиялар арқылы білім беру процесін жаңғырту. *Инновациялық білім беру журналы*. 2020. №5(2). С. 45-56.
2. Жұмабекова Л.С. Орта мектептерде информатика пәнін оқытуда жаңа технологияларды қолдану. *Білім беру саласындағы жаңалықтар*. 2019. №12(4). С. 78-89.
3. Қасымов Е.Н. Білім беру жүйесінде адаптивті технологияларды қолданудың маңыздылығы. *Халықаралық педагогикалық журнал*. 2021. №7(3). С. 23-34.
4. Төлегенов Д.Ж. Білім беру процесін автоматтандырудағы адаптивті технологиялардың рөлі. *Жаңа білім беру технологиялары*. 2022. №9(5). С. 67-79.
5. Сәрсенбаева Г.М. Информатика пәнінде оқушылардың оқу мотивациясын арттыру жолдары. *Білім беру және ғылым*. 2018. №4(1). С. 92-100.

УДК 372.881.111.1

Регина Боярова, Баглан Кульбаева
(Павлодар, Казахстан)

РОЛЬ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ПРИ ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКАМ

Статья рассматривает роль цифровых технологий в обучении иностранным языкам, акцентируя внимание на их влиянии на эффективность образовательного процесса. Подробно анализируются различные инструменты, такие как интерактивные доски, Google Classroom, видеоматериалы с субтитрами и социальные сети, которые способствуют улучшению языковых навыков и межкультурной компетенции студентов. Использование этих технологий способствует созданию образовательной среды, приближенной к реальной языковой практике.

Ключевые слова: цифровые технологии, обучение иностранным языкам, межкультурная коммуникация, интерактивные доски, Google Classroom, видеоматериалы, социальные сети.

The article examines the role of digital technologies in foreign language learning, focusing on their impact on the effectiveness of the educational process. Various tools, such as interactive whiteboards, Google Classroom, video materials with subtitles, and social networks, are analyzed in detail, highlighting their contribution to improving language skills and students' intercultural competence. The use of these technologies helps create an educational environment that closely resembles real language practice.

Keywords: digital technologies, foreign language learning, intercultural communication, interactive whiteboards, Google Classroom, video materials, social networks.

В современном мире с развитием цифровизации, появляется возможность в улучшении качества обучения, в том числе и обучения иностранным языкам. Чтобы обучение иностранным языкам было наиболее эффективно, необходимо создать условия, которые соответствуют подлинной языковой среде, которые присущи носителям изучаемого языка. Такой подход является наиболее благоприятным и результативным в обучении. Таким образом, перед преподавателями иностранных языков появляется задача в создании образовательных программ, которые станут наиболее приближенными к естественной среде. Для достижения цели, цифровые технологии адаптировали под программы обучения, которые в свою очередь стали наиболее приближенными к естественной языковой среде. При помощи цифровых технологий, учащихся можно погрузить в виртуальную среду, благодаря которой позволит эффективно и доступно донести необходимые темы. [1, с. 24-25]

Сейчас у большинства людей сформирована фотографическая память и клиповое мышление. Недостатком такого мышления является неспособность воспринимать большое количество информации за раз. Преимуществом же можно считать способность выполнять множество задач, принимать быстрые решения в стрессовых условиях и в рамках ограниченным временем. Преподаватели должны учитывать данные особенности и на этом выстраивать свои образовательные программы. Сегодня можно заметить, как хорошо себя показывает метод, который предусматривает введение небольшими объемами информацию для лучшего усвоения программы с использованием цифровых технологий. Цифровые технологии позволяют создать необходимую эмоциональную обстановку и улучшить коммуникации среди обучающихся. В образовательной практике всё чаще замечают, что так называемое клиповое сознание, воспринимает информацию в виде визуализации образов мира. Так как информация воспринимается лучше через визуализацию, учебный

материал наиболее эффективно предоставлять в виде короткометражных роликов, игр, картинок. Такой метод в наглядно-логической форме, обеспечивает наиболее продуктивную работу мозга и лучшему усвоению материалов.

Цифровые технологии стали неотъемлемой частью нашей жизни поэтому их внедрение и использование для изучения иностранных языков становится наиболее приближенным и привычным по своей структуре восприятия. А также такой метод обучения воспринимается учащимися не только более увлекательными, но и при помощи своей концепции позволяет погрузить их в иллюзию присутствия в окружающей среде, максимально приближенной к иноязычному обществу.

С каждым годом в сфере образования предъявляются требования в развитии компетенции в использовании цифровых технологий. Умение использовать в своем обучении медиа сред, различных инструментов интернет-сайтов, конференций, презентаций, всевозможных баз материалов. Наличие большого количества существующих цифровых инструментов, позволяют решать самые разнообразные задачи, которые помогают наиболее глубоко понять изучаемый материал. При помощи цифровых технологий можно реализовать то, что раньше без их наличия было невозможным. Например, сейчас существует не малое количество платформ, в которых можно связываться и общаться в любое время с носителями того или иного языка. В условиях, которые возможны благодаря цифровым технологиям, преподаватель иностранного языка имеет возможность создавать и организовывать учебный процесс на творческом уровне, реализовывая наиболее эффективное виденье языка в той или иной ситуации с погружением студентов в атмосферу присущей страны изучаемого языка. Цифровые технологии дают возможность приобрести опыт межкультурного общения. [2, с. 164]

Необходимость получения информации в виртуальном виде, способствует развитию коммуникативных технологий, направленных на развитие образовательных программ, в медиа пространстве, которые взаимодействуя между собой, создавая новые более совершенные образовательные программы.

Роль цифровых технологий в изучении иностранных языков играет не маловажную связь, в концепции которой, цифровые технологии являются неотъемлемым инструментом в педагогике, делая процесс обучения наиболее эффективным и доступным для всех. Например, одним из самых популярных технологических достижений на сегодняшний день является интерактивные доски, которые используются во всех учебных заведениях. Благодаря интерактивным доскам можно визуально показать материал и использовать их, для выступления учеников с презентациями в PowerPoint и многое другое. Существует множество различных инструментов, которые помогают в изучении иностранного языка, одним из таких является: Google Classroom. Компания Google является примером одной из лидирующих компаний в области цифровых технологий, также внесла свой вклад в развитие онлайн-образования и инструментов для управления обучением. Одним из ключевых преимуществ Google Classroom является интеграция с Google Документами. Эта функция позволяет хранить документы в облаке и делиться ими с неограниченным количеством людей. Например, если вы создадите задание или сообщение с помощью Google Документов и предоставите доступ своим ученикам, они смогут моментально открыть его через Google Диск. Документы легко структурировать и персонализировать, размещая их в папках на Google Диске. Таким образом пропадает необходимость в использовании электронных почт для обмена информацией – достаточно просто создать документ и поделиться им с любым количеством учащихся. Кроме того, платформа включает удобную систему оценки. Проверка выполненных заданий становится максимально быстрой и эффективной, так как Google Classroom позволяет легко увидеть, кто уже сдал работу, а кто еще работает над ней. Вы также можете мгновенно отправить свой отзыв. В целом, Google Classroom – это бесплатный инструмент, который значительно упрощает образовательный процесс на разных уровнях.

Второй пример – это использование видеоматериалов с субтитрами, включая чтение, а также просмотр документальных и художественных фильмов. Исследования подтвердили, что прослушивание оригинальных диалогов в процессе изучения иностранного языка значительно улучшает навыки восприятия на слух. Анализы показали очевидные результаты: люди, предпочитающие субтитры вместо дубляжа и слушающие оригинальную речь, демонстрируют лучшее понимание и слуховые способности. Субтитры позволяют сохранить все нюансы оригинального фильма, включая голоса актеров, которые остаются неизменными. Они дают возможность одновременно читать текст и понимать содержание, даже если акцент героев затрудняет восприятие речи. Благодаря субтитрам можно глубже погрузиться в сюжет фильма, легко освоить новый язык и открыть для себя разнообразие мировых культур.

Третий пример касается хорошо известных цифровых технологий, таких как социальные сети, включая стремительно развивающийся TikTok, Instagram и другие платформы. Эти приложения активно способствуют изучению иностранных языков. Современные медиа технологии создают условия для быстрого обмена интерактивными ресурсами между несколькими пользователями, включая файлы и мультимедиа. Благодаря этому пользователи могут самостоятельно определять свои учебные цели, находить и использовать интернет-ресурсы, анализировать информацию и даже оценивать полученные результаты. Включение цифровых технологий в образовательный процесс и подготовку педагогов становится необходимостью. Учителю важно обладать технологическими навыками для эффективного использования цифровых инструментов как в работе с учениками, так и для собственного профессионального роста. Эти технологии стимулируют самостоятельность учащихся и делают учебные программы более гибкими и адаптивными. Применение цифровых технологий в образовании не только соответствует вызовам современности, но и способствует укреплению трехязычной компетенции учеников благодаря повышению уровня интерактивности.

Таким образом, внедрение цифровых технологий в процесс обучения иностранным языкам не только делает занятия более разнообразными, увлекательными и насыщенными, но и способствует формированию культуры речевого поведения, характерной для носителей изучаемого языка. Применение таких технологий подразумевает переход к интерактивным методам обучения, активизируя познавательную активность, самостоятельность учащихся и их творческий подход к освоению учебного материала. Они также обеспечивают практическое использование знаний в условиях межкультурного общения. [3]

Цифровые технологии занимают ключевую позицию в обучении иностранным языкам, так как способствуют более глубокому усвоению культурологических аспектов и развитию способности понимать особенности мышления и коммуникативного поведения носителей языка. Знание этих особенностей играет решающую роль в достижении взаимопонимания в межкультурной коммуникации.

Современное овладение иностранным языком на уровне международных стандартов невозможно без цифровых инструментов, которые преподаватель тщательно отбирает с учетом их методической ценности, соответствия возрастным особенностям и интересам учащихся, а также тематике учебного материала. Такие технологии оказывают значительное эмоциональное влияние на обучающихся, повышая их мотивацию, улучшая качество усвоения знаний и компенсируя отсутствие языковой среды.

В заключение анализа значения цифровых технологий в обучении иностранным языкам можно выделить, что одной из главных задач иноязычной подготовки в высших учебных заведениях является развитие у студентов способности к межкультурной коммуникации и достижение такого уровня коммуникативной компетенции, который обеспечивал бы успешное взаимодействие с носителями изучаемого языка. С точки зрения подготовки конкурентоспособных специалистов цифровые технологии играют ключевую роль,

особенно в формировании межкультурной коммуникативной компетенции. Это включает не только знания языкового материала и умение его использовать, но и понимание и соблюдение социальных норм общения, характерных для носителей иноязычной культуры.

ИСТОЧНИКИ И ЛИТЕРАТУРА

1. Воевода Е. В. Межкультурная коммуникация в межкультурном образовательном пространстве. *Научные исследования и разработки: Современная коммуникативистика*. 2016. №3 (22). С. 24–28.
2. Дмитренко Т. А. Современные технологии обучения иностранному языку в системе высшего образования: учебное пособие. М., 2022. 164 с.
3. Зими́на М. В., Лю́ляева Н. А. Использование информационно-коммуникационных технологий в преподавании иностранных языков. *Современные проблемы науки и образования*. 2017. № 4.

УДК 374.3

*Асел Галиаскарова, Улганым Жангазиева
(Орал, Қазақстан)*

КОЛЛЕДЖ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ КОРПОРАТИВТІ МӘДЕНИЕТІН ДАМУ

Бұл мақалада колледж педагогтарының корпоративті мәдениетін дамыту мәселелері қарастырылады. Мақалада корпоративті мәдениеттің негізгі ұғымдары, оны жетілдіру жолдары және шетелдік тәжірибе қарастырылған. Педагогикалық ұжымда серіктестік қарым-қатынасты қалыптастырудың маңыздылығы аталып өтіп, колледж жағдайында корпоративті мәдениетті дамытудың әдістері ұсынылады.

Түйін сөздер: *корпоративті мәдениет, колледж педагогтары, кәсіби даму, білім беру ұйымы, командалық жұмыс, педагогикалық этика.*

This article discusses the issues of developing the corporate culture of college teachers. The article discusses the basic concepts of corporate culture, ways to improve it and foreign experience. The importance of forming partnerships in the teaching staff is noted, and methods for developing corporate culture in college conditions are proposed.

Keywords: *corporate culture, college teachers, professional development, educational organization, teamwork, pedagogical ethics.*

Қазіргі білім беру жүйесінде колледж педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамыту маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Педагогикалық ұжымдағы корпоративті мәдениетті қалыптастыру мен дамыту білім беру мекемесінің жалпы тиімділігіне тікелей әсер етеді. Корпоративті мәдениет – бұл оқу орнының барлық мүшелері арасындағы кәсіби және тұлғааралық қарым-қатынастардың жүйесі [6, 39 б.], ол бірлескен мақсаттар мен құндылықтар негізінде құрылады.

Қазіргі таңда колледждердегі корпоративті мәдениеттің маңызы артып келеді, себебі ол білім беру сапасын арттыруға, студенттердің оқу ортасына бейімделуін жақсартуға және ұжымдық ынтымақтастық деңгейін көтеруге ықпал етеді. Ұжымдық мәдениет пен корпоративті этика педагогикалық ортада білім беру сапасын жақсартудың маңызды құралдарына айналып отыр [1, 26 б.].

Колледж педагогтарының корпоративті мәдениетін дамыту үшін ұйым ішінде сенімділік, өзара құрмет пен жауапкершілікті арттыру қажет. Сондай-ақ, корпоративті мәдениет білім беру мекемесінің стратегиялық дамуының бір бөлігі ретінде қарастырылып, оның тұрақтылығы мен тиімділігін қамтамасыз ететін жүйелі тәсілдер қолданылуы тиіс.

Корпоративті мәдениет – бұл оқу орнының ішкі ұйымдастырушылық құрылымы мен құндылықтарының жиынтығы. Ол келесі негізгі элементтерден тұрады:

1. Құндылықтар мен дәстүрлер – колледждің негізгі принциптері мен жұмыс істеу қағидалары. Олар оқу орнының бірегейлігін анықтайды және ұжым мүшелерінің әрекеттерін реттейді.

2. Нормалар мен ережелер – оқу орнының ішкі тәртібін реттейтін ресми және бейресми қағидалар жүйесі. Бұл ережелер ұжымдағы тәртіп пен жауапкершілікті қамтамасыз етеді.

3. Қарым-қатынас стилі – педагогикалық ұжым мүшелерінің өзара әрекеттесу деңгейі, ұжымішілік және сыртқы коммуникация жүйесі.

4. Мотивация және ынталандыру – педагогикалық ұжым мүшелерінің кәсіби белсенділігін арттыруға бағытталған құралдар. Бұған материалдық және моральдық ынталандырулар кіреді.

5. Көшбасшылық және басқару стилі – ұйым басшылығының қызметкерлермен жұмыс істеу тәсілдері. Басқарушылық стиль корпоративті мәдениеттің сипатын айқындайды және ұжымішілік өзара әрекеттестікті қалыптастырады.

6. Командалық жұмыс – колледждегі оқытушылар арасында өзара ынтымақтастықты нығайту арқылы кәсіби дамуға жағдай жасау.

Корпоративті мәдениет оқу орнының ішкі құрылымы мен басқару жүйесін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады [2, 34 б.]. Оның негізінде оқу орнындағы қызметкерлердің ынтымақтастығы, өзара түсіністік және ұйымның тиімді қызмет етуі жатыр.

Корпоративті мәдениетті қалыптастыру көптеген ішкі және сыртқы факторларға байланысты. Бұл факторлар оқу орнының құрылымына, басқару стиліне, ұжымдық қарым-қатынасқа және сыртқы ортаға тәуелді.

Негізгі факторлар:

1. Басқару стилі – ұйым басшылығының шешім қабылдау үдерісі, көшбасшылық әдістері және ұжыммен қарым-қатынасы корпоративті мәдениетке үлкен әсер етеді. Ашық және әділ басқару ұжымдық сенімнің нығаюына ықпал етеді [3, 18 б.].

2. Командалық жұмыс және ынтымақтастық – педагогтар арасындағы сенімді қарым-қатынас пен ортақ мақсаттарға бағытталған әрекет корпоративті мәдениеттің маңызды бөлігі болып табылады. Тиімді ұжымдық өзара әрекеттестік педагогтардың кәсіби дамуын ынталандырады [4, 45 б.].

3. Құндылықтар мен ұйымдық нормалар – колледж ішіндегі моральдық-этикалық нормалар мен ортақ құндылықтар корпоративті мәдениеттің негізгі тіректерінің бірі болып табылады. Бұл фактор педагогтар мен студенттердің мінез-құлқына ықпал етеді.

4. Кәсіби даму және оқыту – үздіксіз кәсіби даму бағдарламалары, тренингтер мен оқыту курстары педагогтардың өзара әрекеттестігін нығайтады және корпоративті мәдениетті жетілдіреді.

5. Мотивация және ынталандыру жүйесі – марапаттау, мойындау және материалдық қолдау жүйелері педагогтардың жұмысқа деген ынтасын арттырады. Бұл корпоративті мәдениетті нығайтуға оң әсер етеді.

6. Жауапкершілік және есеп беру – әрбір ұжым мүшесінің өз жұмысына деген жауапкершілігін арттыру корпоративті мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады. Ұжым ішіндегі сенім мен ашықтық жауапкершілік деңгейін жоғарылатады.

Ішкі және сыртқы күштердің әсері:

Ішкі факторлар: Ұйым құрылымы, қызметкерлер арасындағы қарым-қатынас, корпоративті ережелер мен құндылықтар, басқару стилі, ішкі ынталандыру механизмдері.

Сыртқы факторлар: Мемлекеттік білім беру саясаты, әлеуметтік және экономикалық жағдайлар, бәсекелестік орта, халықаралық стандарттар мен инновациялар.

Корпоративті мәдениетті тиімді қалыптастыру үшін ұйым басшылығы мен педагогикалық ұжым бірлесе отырып кешенді стратегиялар әзірлеуі қажет. Ішкі және

сыртқы факторлардың өзара әрекетін түсіну арқылы корпоративті мәдениеттің тұрақтылығы мен дамуын қамтамасыз етуге болады.

Корпоративті мәдениеттің балалар біліміне тигізетін ықпалы зор. Себебі оқу орнындағы корпоративті мәдениеттің жоғары деңгейі білім алушылардың оқу үлгерімін жақсартып, олардың тұлғалық дамуына оң ықпал етеді. Корпоративті мәдениеттің балаларға әсерін келесі аспектілер арқылы сипаттауға болады:

1. Педагогтардың ынтымақтастығы мен кәсіпқойлығы – корпоративті мәдениеті дамыған ортада педагогтар бірлесіп жұмыс істейді, тәжірибе алмасады, оқу әдістерін жетілдіреді. Бұл өз кезегінде балалардың сапалы білім алуына жағдай жасайды.

2. Оқушылар арасындағы ынтымақтастық – ұжымдық мәдениетке сүйенетін білім беру ортасы оқушылардың бір-бірімен тиімді қарым-қатынас жасауына, әлеуметтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

3. Психологиялық қолайлы орта – корпоративті мәдениеттің дамуы оқу орнында ашық, қолайлы атмосфера қалыптастырады. Бұл балалардың өзін еркін сезінуіне, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

4. Ата-аналармен қарым-қатынас – корпоративті мәдениеттің жоғары деңгейі оқу орны мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты арттырады. Бұл балалардың үйде және мектепте оқу процесін жақсартуға әсер етеді.

5. Жауапкершілік пен тәртіптілік – оқушылардың бойында жауапкершілік пен тәртіптілік мәдениетін қалыптастыру педагогикалық ұжымның ұйымдасқан корпоративті мәдениетіне байланысты болады. Оқушылар оқу бағдарламаларына белсенді қатысып, өз міндеттеріне мұқият қарайды.

Мысал: Мысалы, Финляндияның білім беру жүйесінде корпоративті мәдениет өте жоғары деңгейде дамыған. Оқытушылардың бірлескен жұмысы мен тұрақты кәсіби дамуы нәтижесінде балалардың білім деңгейі әлемдік рейтингтерде жоғары көрсеткіштерге ие болып келеді. Бұл корпоративті мәдениеттің оқушылардың академиялық және тұлғалық дамуына тікелей әсер ететінін көрсетеді.

Жалпы алғанда, корпоративті мәдениет тек педагогтар мен әкімшілік арасындағы қарым-қатынас емес, ол білім алушылардың да оқу ортасына бейімделуін жақсартып, олардың білім сапасын арттыруға ықпал ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Дамыған елдердің білім беру жүйесінде корпоративті мәдениетті дамытуға ерекше назар аударылады. Әртүрлі елдердегі білім беру мекемелерінде корпоративті мәдениеттің дамуын қамтамасыз ететін тәжірибелер мыналар:

- Финляндия: Білім беру мекемелерінде кәсіби қауымдастықтар мен мұғалімдер арасындағы ынтымақтастықтың жоғары деңгейі байқалады. Финляндиядағы колледждерде коучинг пен менторлық жүйесі кеңінен қолданылады, бұл корпоративті мәдениетті нығайтуға ықпал етеді.

- АҚШ: Оқытушылардың кәсіби дамуына ерекше көңіл бөлінеді [5, 50 б.]. Үздіксіз білім беру бағдарламалары мен тренингтер корпоративті мәдениетті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ, мотивациялық жүйелер, ынталандыру және марапаттау бағдарламалары кеңінен қолданылады.

- Жапония: Білім беру саласындағы корпоративті мәдениет қатал тәртіпке, командалық жұмысқа және сенімге негізделген. Оқытушылар мен әкімшілік арасындағы иерархиялық қарым-қатынас нақты белгіленген, ал ортақ мақсаттарға жетуге ұжымдық жауапкершілікпен қарайды.

- Германия: Білім беру ұйымдарында академиялық еркіндікке және ұжымдық шешім қабылдауға мән беріледі [6, 39 б.]. Мұнда оқытушылар арасындағы ынтымақтастық пен инновациялық жобаларға қолдау көрсету корпоративті мәдениетті дамытудың маңызды бөлігі болып табылады.

Бұл халықаралық тәжірибелерден алынған әдістерді колледждерге енгізу корпоративті мәдениетті жетілдірудің тиімді жолдарының бірі болып табылады.

Корпоративті мәдениетті дамыту колледждегі оқыту процесінің сапасын арттырып, педагогтардың кәсіби дамуына ықпал етеді. Ұжымдық мәдениетті нығайту арқылы білім беру ұйымдары педагогикалық қызметтің сапасын жақсартып, студенттердің білім алу деңгейін көтере алады. Сонымен қатар, корпоративті мәдениеттің дамуы колледждегі ынтымақтастық пен сенім деңгейін арттырады, бұл өз кезегінде ұйымның ұзақ мерзімді дамуына оң әсерін тигізеді.

Корпоративті мәдениетті нығайту үшін инновациялық тәсілдер мен үздік халықаралық тәжірибелерді қолдану, педагогикалық қауымдастықты дамыту, кәсіби этика қағидаларын ұстану маңызды. Колледж әкімшілігі мен оқытушылар бірлесе отырып корпоративті мәдениетті нығайтатын кешенді іс-шараларды жүзеге асыруы қажет.

Осыған байланысты, колледждерде корпоративті мәдениетті жетілдіру үшін жүйелі іс-шаралар ұйымдастырылып, педагогтардың кәсіби дамуына жағдай жасалуы керек. Ұжымдық мәдениет пен серіктестік қағидаларының дамуы нәтижесінде білім беру ұйымының тиімділігі артып, оның беделі нығаяды.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Cameron K. S., Quinn R. E. Diagnosing and Changing Organizational Culture: Based on the Competing Values Framework. Jossey-Bass, 2011.
2. Deal T. E., Kennedy A. A. Corporate Cultures: The Rites and Rituals of Corporate Life. Perseus Books, 2000.
3. Fullan M. Leading in a Culture of Change. Jossey-Bass, 2001.
4. Hofstede G. Culture's Consequences: Comparing Values, Behaviors, Institutions, and Organizations Across Nations. SAGE Publications, 2001.
5. Kotter J. P., Heskett J. L. Corporate Culture and Performance. Free Press, 1992.
6. Schein E. H. Organizational Culture and Leadership. Jossey-Bass, 2010.

УДК 376.1:37.013.82:316.614-056.313

*Ірина Гуцул
(Київ, Україна)*

СОЦІАЛІЗАЦІЯ УЧНІВ З ОСОБЛИВИМИ ОСВІТНІМИ ПОТРЕБАМИ В УМОВАХ ІНКЛЮЗИВНОГО НАВЧАННЯ

Стаття присвячена дослідженню соціалізації учнів з особливими освітніми потребами (ООП) в умовах інклюзивного навчання та проаналізовано актуальність проблеми, що обумовлена зростанням кількості дітей з різними порушеннями (гіперактивність, аутизм, затримка психічного та мовленнєвого розвитку тощо) та викликами, які постають перед ними в умовах інклюзивного навчання. У статті розглядаються підходи до соціалізації учнів з ООП, особлива увага приділяється значущості адекватного сприйняття таких дітей оточенням, що є визначальною умовою їх успішної соціалізації та загального благополуччя.

Ключові слова: соціалізація, особливі освітні потреби (ООП), інклюзивне навчання, адекватне сприйняття оточенням, інтеграція в суспільство, соціальна адаптація, соціальна ідентичність.

The article is devoted to the study of the socialization of students with special educational needs (SEN) in the context of inclusive education and analyzes the relevance of the problem, which is determined by the increasing number of children with various disorders (hyperactivity, autism,

delayed mental and speech development, etc.) and the challenges they face in the inclusive educational environment. The article examines different approaches to the socialization of students with SEN, emphasizing the importance of adequate perception of such children by others, which is a key condition for their successful socialization and overall well-being.

Key words: *socialization, special educational needs (SEN), inclusive education, adequate perception by others, social integration, social adaptation, social identity.*

У роботі представлено аналіз психолого-педагогічних досліджень проблеми освіти дітей з особливими освітніми потребами (ООП) яке займає надважливе місце не тільки в Україні, а і в усьому світі. Серед українських вчених науковців, які зробили вагомий внесок у вивчення цієї теми, можна відзначити А. Колупаєву, Т. Ілляшенко та ін. Зокрема, Ю. Василькова, Т. Ілляшенко та А. Колупаєва підкреслюють, що ключовою умовою успішної соціалізації та загального благополуччя дітей з ООП є адекватне сприйняття їх оточенням.

7. Петрова А, Бала Т. Стан кардіореспіраторної системи хлопців 10–11 класів після впровадження варіативного модуля «КРОСФІТ». *Слобожанський науково-спортивний вісник*. 2020. Вип. 3(77). С. 27–46.
8. Сергієнко В. М. Система контролю рухових здібностей студентської молоді: теорія і методологія фізичного виховання: монографія Суми: Сумський державний університет, 2015. 392 с.
9. Petrova A., Bala T., Masliak I., Mameshina M. The effect of CrossFit exercises on the physical health level of 16–17-year-old boys. *Journal of Physical Education and Sport*. 2022. Vol. 22, No. 6. PP.955–961.

УДК 796:378](477+4)

*Сергій Хромозін
(Дніпро, Україна)*

ПОРІВНЯЛЬНА ХАРАКТЕРИСТИКА СИСТЕМИ ФІЗИЧНОГО ВИХОВАННЯ СТУДЕНТІВ УКРАЇНИ ТА ЄВРОПИ

У статті проведено порівняння систем фізичного виховання в Україні та європейських країнах, вказуючи на відмінності в організації процесу, платних послугах і відповідальності студентів за своє здоров'я. Проаналізовано впровадження європейських практик в Україні та необхідність вдосконалення національної системи для підвищення мотивації студентів до фізичної активності.

Ключові слова: *фізичне виховання, студенти, гіподинамія, мотивація, європейські практики, спортивна інфраструктура, реформа.*

The article is similar to the physical training systems in Ukraine and European countries, indicating the importance of the organization of the process, paid services and the responsibility of students for their health. Analyzes the implementation of European practices in Ukraine and the need to thoroughly update the national system to improve student motivation for physical activity.

Key words: *physical training, students, physical inactivity, motivation, European practices, sports infrastructure, reform.*

Актуальність. Сучасні тенденції глобалізації та інтеграції вимагають від освітніх систем постійного вдосконалення та адаптації до нових викликів. Фізичне виховання студентів є невід'ємною складовою підготовки висококваліфікованих фахівців, здатних ефективно працювати в умовах сучасного суспільства. В Україні система фізичного виховання перебуває у стані реформування, що обумовлює необхідність вивчення та запозичення кращих практик європейських країн для підвищення її ефективності та відповідності міжнародним стандартам.

Постановка проблеми. З кожним роком відсоток українських студентів у яких спостерігається гіподинамія, проблеми зі здоров'ям збільшується, а мотивація до занять фізичним вихованням не покращується. Проведення аналізу європейського досвіду організації системи фізичного виховання, а головне мотивації студентської молоді дає практичний базис для дослідження, аналізу та імплементації у вітчизняну систему фізичного виховання у вищих навчальних закладах країни.

Аналіз останніх досліджень і публікацій. Дослідженням питань здоров'я, мотивації та фізичної культури студентської молоді займаються науковці в сфері теорії та методики фізичного виховання, самовдосконалення, фізичного виховання студентської молоді такі як: О. Дубогай, О. Брейкіна, Н. Булгакова, М. Булатова, Т. Круцевич, Ю. Усачов, О. Тимошенко та ін. З'ясовано, що питання фізичного виховання студентів розглядається як важлива складова освітнього процесу, однак воно потребує подальших змін та адаптації.

Метою даної роботи є порівняльний аналіз систем фізичного виховання студентів в Україні та європейських країнах, визначення спільних та відмінних рис.

Викладення основного матеріалу. Відповідно до законодавства, вища школа, вирішуючи завдання професійної підготовки, повинна забезпечити також і фізичну підготовку та здоров'я студентів. Тому абсолютно правомірним є твердження про те, що фізичне виховання студентів розглядається як невід'ємна, найважливіша частина загального виховання студентства [1].

Доведено, що одним із офіційних документів, що регулюють державну політику України в галузі фізичного виховання, є Цільова комплексна програма «Фізичне виховання – здоров'я нації», затверджена Указом Президента України від 1 вересня 1998 р. У документі акцентовано увагу на тому, що органи державної влади розвинутих країн світу надають програмного значення питанням розвитку фізичного виховання, фізичної культури і спорту, розглядаючи їх як найбільш економічно вигідний та ефективний засіб профілактики захворюваності, зміцнення генофонду та розв'язання інших соціальних проблем. Аналіз нормативних засад розвитку фізичного виховання в Україні дозволяє констатувати той факт, що в основі вітчизняної системи фізичного виховання покладено розуміння й підтримка означеної позиції іноземних політиків [3].

У Великій Британії відношення до процесу фізичного виховання в значній мірі залежить від державної політики, стратегічних планів, та також стратегії розвитку університетів. Одним з мотивів до занять з ФП є залежність рейтингу успішності студента у навчанні від активної участі у спортивних заходах ЗВО.

Вагомою відмінністю в організації процесу фізичного виховання в порівнянні з українською системою є їх платний характер. Зокрема, всі бажаючі займатися фізичним вихованням повинні купити карту (наприклад в Бельгії це 17 євро для студентів або 30 євро для викладачів), яка дозволяє користуватися інфраструктурою спортивного комплексу, відвідувати різні спортивні секції, басейн та медичне страхування. В Англії ця система має подібний вигляд. Студенти різного рівня фізичної підготовленості можуть займатися на основі купівля або одноразового абонементу або 12, 9, 6-місячного абонементу, відповідно річний абонемент на заняття з фітнесу включаючи медичне обстеження коштує 150 фунтів, а година плавання 1,55 фунтів відповідно [7, 8].

За результатами дослідження [6], 80% досліджуваних університетів проводять заняття з ФП на платній основі (окрім Словаччина, Угорщина та Швеції). Різноманітність видів занять з фізичного виховання не можна не враховувати при мотивації студентської молоді до активного способу життя. Основними напрямками фізично-рекреаційного характеру є: фітнес-класи (22%), теніс (20%), командні ігри (15%), плавання (20%), проте є й зимові види спорту (10%) та елітний спорт, який формую певний соціальний прошарок вищого класу (гольф 5%, кінна їзда 8% тощо). Логічним буде дослідити відповідну взаємозалежність кількості запропонованих видів занять з фізичного виховання до ступеня розвитку спортивної інфраструктури університетів. Більшість ЗВО не має власних спортивних об'єктів, приблизно у 30% відсутні футбольні поля та тенісні корти, 70% не мають басейну.

В Україні були зроблені спроби впровадити вимоги ECTS у навчальну дисципліну “Фізичне виховання”. Проведений п’ятимісячний експеримент в Ужгородському національному університеті [5] показав, що завданнями кожного модуля є фізична підготовка студента до виконання одного з тестів оцінки фізичної підготовленості. Такий підхід є одностороннім щодо фізичного розвитку студента і суперечить комплексній його підготовці. Інші автори, впроваджуючи КМСОНП з фізичного виховання, у робочому навчальному плані передбачили лише чотири модулі, три кредити та модульний контроль. Даний робочий план охоплював тільки один рік навчання, до того ж є незрозумілим, для якого року навчання він пропонується, що також не відповідає вимогам ECTS [4].

Наразі в Україні склалася традиційна підготовка студентів у ЗВО, де фізичне виховання є невід’ємною частиною професійної підготовки фахівців. Переведення студентів на самостійні заняття фізичною культурою сьогодні є невиправданим і передчасним. На думку фахівців, причинами цього є: низький рівень свідомості студентів і недбале ставлення до власного здоров’я; відсутність критеріїв оцінки стану здоров’я фахівців, які влаштовуються на роботу; відсутність паспорта здоров’я; матеріально-технічна база неможливі забезпечити індивідуальні бажання студентів щодо занять фізичними вправами у вільний час [2].

Висновки. Порівняння систем фізичного виховання студентів України та Європи показало суттєві відмінності. В Україні це обов’язкова частина навчання, а у Європі – особиста відповідальність студентів. Саме там популярні самостійні заняття, платні спортивні послуги та розвинена інфраструктура. Водночас українська система потребує вдосконалення: підвищення мотивації студентів, покращення спортивної бази та впровадження європейських підходів для заохочення активного способу життя.

ДЖЕРЕЛА ТА ЛІТЕРАТУРА

1. Волков В. Л. Основи теорії та методики фізичної підготовки студентської молоді. Київ: Освіта України, 2008. 256 с.
2. Грибан Г.П., Дзензелюк Д.О. Досвід впровадження модульно-рейтингової системи в навчальний процес з фізичного виховання. *Навчально-методичне забезпечення кредитно-модульної системи організації навчального процесу в галузевих університетах*: Матер. VII Всеукр. наук.-метод. конф. Рівне: НУВГП, 2005. С. 143–150.
3. Кузьмінський А. І., Омеляненко В. Л. Педагогіка. Київ: Знання-Прес, 2003. 418 с.
4. Савчук С., Радченко О., Клеха І., Базюк В. Кредитно-модульна організація навчального процесу з фізичного виховання у вищих технічних закладах освіти. *Молода спортивна наука України: Зб. наук. праць з галузі фізич. культ. та спорту*. Вип. 10. Т. 3. Львів: НВФ “Українські технології”, 2006. С. 379–382.
5. Товт В., Биба Л. Впровадження елементів європейської системи перезарахування кредитів у фізичне виховання студентів в Україні. *Молода спортивна наука України: Зб. наук. праць з галузі фізич. культ. та спорту*. Вип. 10. Т. 3. Львів: НВФ “Українські технології”, 2006. С. 367–373.
6. Хіміч І.Ю. Формування спеціальних умінь та навичок студентів вищих навчальних закладів у процесі навчання оздоровчого плавання: автореф. дис. ... канд. пед. наук : 13.00.02. Київ, 2011. 19 с.
7. Harms E. Sport i wychowanie fizyczne na Uniwersytecie w Hanowerze. *Wychowanie fizyczne studentów: przeżytek czy konieczność?* Materiały III Sejmiku Akademickiej Kultury Fizycznej, Łódź 21-22 października 2005p. / pod red. Haliny Hanusz i Bartłomieja Korpaka. Warszawa: Akademicki Związek Sportowy Zarząd Główny; Kraków: Fall, 2005. S. 126-130.
8. Odell A. Sport na uczelniach Wielkiej Brytanii. *Wychowanie fizyczne studentów: przeżytek czy konieczność?* Materiały III Sejmiku Akademickiej Kultury Fizycznej, Łódź 21-22 października 2005p. / pod red. Haliny Hanusz i Bartłomieja Korpaka. Warszawa: Akademicki Związek Sportowy Zarząd Główny; Kraków: Fall, 2005. S. 156-169.

Науковий керівник: кандидат педагогічних наук, доцент Мартинова Н. П.

РОЛЬ ПРОГРАМИ ERASMUS+ В УКРАЇНІ У СФЕРІ ФІЗИЧНОЇ КУЛЬТУРИ

У статті розглянуто вплив програми ERASMUS+ на розвиток фізичної культури в Україні. З'ясовано які можливості вона надає українським закладам вищої освіти та спортивним організаціям. Проаналізовано конкретні проекти, реалізовані в межах програми, а також визначено перспективи подальшого розвитку, враховуючи виклики, що постають перед учасниками програми. Окреслено необхідність подальшого вдосконалення міжнародної співпраці та розширення участі українських закладів освіти у програмі.

Ключові слова: ERASMUS+, фізична культура, міжнародна співпраця, спортивна освіта, академічна мобільність, Україна.

The article examines the impact of the ERASMUS+ programme on the development of physical culture in Ukraine. The opportunities it provides to Ukrainian higher education institutions and sports organisations are identified. Specific projects implemented under the programme are analysed, and prospects for further development are identified, taking into account the challenges faced by the programme participants. The need to further improve international cooperation and expand the participation of Ukrainian educational institutions in the programme is outlined.

Keywords: ERASMUS+, physical education, international cooperation, sports education, academic mobility, Ukraine.

Актуальність. Фізична культура є важливим елементом загальної освіти та суспільного розвитку. Програма ERASMUS+ відкриває нові можливості для студентів, викладачів та науковців, сприяючи інтеграції української спортивної науки в європейський освітній простір [3]. Однак участь України в цій програмі супроводжується певними викликами, такими як недостатня поінформованість закладів освіти, обмежене фінансування та адміністративні бар'єри. Тому необхідно оцінити вплив цієї програми на спортивну освіту та визначити шляхи покращення її реалізації.

Метою дослідження є аналіз науково-методичної літератури та інтернет джерел щодо впливу програми ERASMUS+ на розвиток сфери фізичної культури ЗВО в Україні.

Викладення основного матеріалу. Програма ERASMUS+ відіграє ключову роль у підтримці академічної мобільності, сприяє міжнародному партнерству та обміну досвідом у сфері фізичної культури. Завдяки її впровадженню зростає якість підготовки фахівців, покращується навчально-методична база університетів, а студенти отримують можливість навчатися за кордоном і використовувати сучасні підходи до тренувального процесу [4].

Одним із важливих аспектів програми є залучення університетів до міжнародної співпраці. Це дозволяє розробляти та впроваджувати сучасні методики навчання, впливати на розвиток фізичної активності молоді, створювати інклюзивне середовище та популяризувати здоровий спосіб життя [2].

Одним із активних учасників програми є Дніпровський національний університет імені Олеся Гончара (ДНУ). Заклад реалізує грантові угоди від Виконавчої Агенції з питань Європейської освіти та культури, що підтверджує його активну участь у міжнародних проектах.

Кафедра фізичного виховання та спорту ДНУ є важливим центром навчальної, методичної та спортивної роботи у Дніпропетровській області. Участь у Erasmus+ дозволяє кафедрі розширювати міжнародні зв'язки, обмінюватися досвідом із європейськими колегами та впроваджувати нові методики у навчальний процес.

Завдяки цьому студенти та викладачі мають змогу залучатися до інноваційних програм тренувань, адаптувати найкращі європейські практики та підвищувати конкурентоспроможність випускників на міжнародному рівні [1].

Придніпровська державна академія фізичної культури і спорту також є активним учасником Erasmus+. У рамках програми академія співпрацює з трьома українськими закладами вищої освіти, отримуючи підтримку для розвитку фізичної культури та спорту.

Спільні проекти сприяють обміну досвідом між студентами, організації міжнародних конференцій та семінарів, що позитивно впливає на якість освіти у сфері фізичного виховання [9].

Крім того, участь у програмі надає можливість створення міждисциплінарних досліджень, які допомагають глибше аналізувати вплив фізичного виховання на здоров'я населення та розробляти ефективні методики тренувань для різних вікових груп [6].

Національний університет фізичного виховання і спорту України (НУФВСУ) розширює партнерство з європейськими освітніми установами, що дає студентам можливість навчатися за кордоном, брати участь у стажуваннях та спортивних заходах, ознайомлюватися з передовими методиками викладання фізичної культури [5].

Львівський державний університет фізичної культури імені Івана Боберського та Харківська державна академія фізичної культури (ХДАФК) також активно залучені до Erasmus+. Їхні студенти мають можливість навчатися в європейських університетах, використовувати сучасні методики навчання та брати участь у міжнародних дослідницьких проектах [2, 7].

Одним із ключових аспектів міжнародної співпраці є можливість ознайомлення з особливостями підготовки спортсменів у різних країнах. Це сприяє впровадженню нових методик тренувань, підвищенню рівня професійної підготовки спеціалістів та забезпеченню високого рівня конкурентоспроможності випускників [2].

Зазначимо також про Ужгородський національний університет активно бере участь у програмі Erasmus+, співпрацюючи з університетами з різних країн Європи.

Зокрема, університет уклав угоди з такими навчальними закладами, як Карловий університет (Чехія), Технічний університет Праги (Чехія), Університет Кошиць (Словаччина), Університет імені Лоранда Етвьоша (Угорщина), Університет Ордея (Румунія) та іншими. З 2014 р. понад 115 учасників освітнього процесу університету взяли участь у програмі Erasmus+ [8].

Висновки. Програма Erasmus+ має вагомий вплив на фізичне виховання в Україні. Вона сприяє міжнародній співпраці, підвищенню освітнього рівня, впровадженню сучасних методик навчання та надає додаткові можливості студентам і викладачам. Однак для подальшого ефективного розвитку необхідне розширення інформаційної підтримки, зменшення бюрократичних перешкод та посилення рівня міжнародної співпраці.

Приклади українських університетів демонструють ефективність програми та її внесок у підготовку висококваліфікованих спеціалістів у сфері фізичної культури та спорту.

Вважаємо, доцільно розробити національну стратегію підтримки міжнародних проєктів у сфері фізичної культури, що дозволить збільшити кількість учасників програми та ефективність їхньої діяльності.

ДЖЕРЕЛА ТА ЛІТЕРАТУРА

1. Матеріали сайту «Дніпровський національний університет імені Олеся Гончара». Освітні програми. URL: https://www.dnu.dp.ua/view/erasmus_plus
2. Матеріали сайту «Львівський державний університет фізичної культури імені Івана Боберського». Досвід участі в Erasmus+. URL: <https://www.ldufk.edu.ua/news/uchast-ldufk-imeni-ivana-boberskogo-u-konkursi-proyektiv-za-programoyu-erasmus-2/>
3. Матеріали сайту «Міністерство молоді та спорту України». Аналітичні матеріали. URL: <https://mms.gov.ua/news/startuvav-proiekt-prohramy-ies-erazmus-za-uchastiu-minmolodsportu>

4. Матеріали сайту «Міністерство освіти і науки України». Програма Європейського Союзу ЕРАЗМУС+. URL: <https://mon.gov.ua/ministerstvo-2/diyalnist/mizhnarodna-spiivpratsya-2/evropeyska-integratsiya/erazmus>
5. Матеріали сайту «Національний університет фізичного виховання і спорту України». Назва статті. URL: <https://uni-sport.edu.ua/content/erasmus-0>
6. Матеріали сайту «Придніпровська державна академія фізичної культури і спорту». Міжнародна співпраця. URL: <http://infiz.dp.ua/joomla/index.php/diyalnist/erasmus>
7. Матеріали сайту «Харківська державна академія фізичної культури». Звіти про міжнародні програми. URL: <https://khdafk.com.ua/proyektna-diyalnist/erasmus-capacity-building-in-higher-education/>
8. Матеріали сайту «Ужгородський національний університет». URL: https://uk.wikipedia.org/wiki/Ужгородський_національний_університет
9. Матеріали сайту «Erasmus+UA». Розбудова потенціалу у сфері молоді. URL: <https://erasmusplus.org.ua/opportunities/rozvytok-potenczialu-u-sferi-molodi/>

Науковий керівник: кандидат педагогічних наук, доцент Мартинова Н. П.

ФИЛОЛОГИЧНІ НАУКИ / ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

Мұратбек Айтимов, Сағындық Жұбатқанов
(Қызылорда, Қазақстан)

РОМАН ЖАНРЫНДАҒЫ ЭПИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАР САБАҚТАСТЫҒЫ

Мақалада роман жанрындағы шығармалардың дамуына көркемдік негіз бастаулары (сақ, ғұн дастандары, шежірелік туындылар, т.б.) эпикалық шығармалар сабақтастығы заңдылығымен жаңаша байындалды. Сонымен қатар, қазіргі қазақ романдарының мазмұны мен пішіні поэтикасына жаңа жазба реалистік әдебиет үлгілерінің (хакім Абай, Ы. Алтынсарин, т.б. шығармалары) классикалық көркемдік негіз болғандығы дәйектелді.

Кілт сөздер: тарихилық, шежіре, поэтика, көркем шындық, эпикалық проза.

The article provides a new understanding of the regularity of the continuity of epic works (Saka, Hunnic sagas, genealogical works, etc.) with the artistic foundations of the development of works of the Romance genre. In addition, the poetics of the content and form of modern Kazakh novels trace the classical artistic basis of new samples of written realistic literature (works by Hakim Abai, I. Altynsarin, etc.).

Keywords: historicity, genealogy, poetics, artistic truth, epic prose.

Тарихилық – әлем халықтарының сөз өнері мұраларының жазылуына, адамдардың рухани жан әлемінен берік орын алуына негіз болған шынайылық негізі. Адамзаттың әуелгі пайда болуынан қазіргі заманға дейінгі қалыптасуы мен дамуы кезеңдері, ондағы тарихи тұлғалар, оқиғалар, құбылыстар, т.б. – бәрі де тарихта болғандығымен айқындалады. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірдегі және кейінгі ғасырлардағы мұралардың мазмұны мен пішінін құрайтын тарихи тұлғалар, оқиғалар – уақыт шындығының жемістері болып бағаланады. Қазақ тарихының ежелгі өнері мұраларының сақ («Алып ер Тоңға», «Шу» дастандары), ғұн («Оғыз қаған», «Аттила», «Көк бөрі», «Ергенекон» дастандары) – бәрі де тарихилық негізіндегі эпикалық шығармалар.

Қазақ жазба әдебиетінің қазіргі заманғы эпикалық түрлерінің (поэма, роман) тарихилықпен жазылуына осы аталған шығармалардың көркемдік негіз-үлгі болғандығы ақиқат. Осы арада белгілі әдебиеттанушы-ғалым Н.Келімбетовтің сақ, ғұн дәуірі тарихи дастандарының поэтикасы хақындағы пікірі эпикалық жанр шығармалары табиғатының қалыптасу даму эволюциясын түсінуге бағдарлайды:

«Сақтар мен ғұндар дәуірінде өмірге келген жоқтау, мақтау түріндегі өлең үлгілері, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, бертін келе Түрік қағанаты тұсында жазылған ерлік жырларының шынайы көркем шығарма ретінде қалыптасуына үлгі – өнеге, модель – форма болды.

Сақтар мен ғұндардың ерлік дастандарында белгілі бір батырды мадақтау немесе оны жоқтау түрінде айтылатын үлгілері, бертін келе Түрік қағанаты тұсында жаңа қоғамдық-әлеуметтік жағдайға сәйкес өзінің мазмұны мен экспрессивтік-эмоциялық бояуларын өзгертті. Енді қаһарманды мадақтау немесе жоқтау мүлдем жаңа қоғамдық-әлеуметтік мән-мағынаға ие болды. Ерлік жырларында батырды мадақтау, яки жоқтау өлеңдерін бұрынғыдай жеке адамға ғана емес, бүкіл түркі еліне қарата айту көркемдік дәстүрге айналды. Жоқтау өлеңдерінің жаңа мағыналық қырларын күшейтіп, оның эмоциялық әсерін арттыратын бейнелеу тәсілдері жетіле түсті» [1, 11 б.].

Бұл – қазақ әдебиетіндегі кейінгі көп жанрлы жазбаша дәстүрдің дамуына негіз болған үрдіс үлгісі. Оның ішінде эпикалық дастандардың тарихилық негізділігі де жеке тұлғалар мен олар өсіп-қалыптасқан әлеуметтік-қоғамдық ортаны, табиғат құбылыстарын, мекендерін кең қамтып жырлауды қалыптастыруымен ерекшеленеді.

Қазақ әдебиеті тарихының байырғы сақ, ғұн дәуірлеріндегі эпикалық шығармаларының құрылысында халықтың қанатты сөздерінің, мақал-мәтелдерінің, тұрмыс-салт өлеңдерінің, шешендік толғаныстарының – бәрінің тұтаса құралуы қалыптасқан көркемдік үрдіс тағылымын дамытты. Жазбаша әдебиет кемелдене дами келе көрнекті романдардағы кейіпкерлерді даралау, мінездеу, оқиғалардың деректілік шындығы мен ойдан қосу тұтастығын үйлестіру – бәрі де тарихилықтың негізділік заңдылығы жүйесін құрады.

Қазақ әдебиеті мұраларындағы тарихилықтың көрнекті үлгілері – байырғы түркі өркениеті дәуіріндегі жазбаша ескерткіштер.

Қазіргі ғаламдану үрдісі, халықаралық қарым-қатынастар өрісінің ашылуы, соның ішінде ғылыми-ақпараттық кеңістіктің кеңеюі – көптеген көкейтесті күрделі проблемаларды бірлесіп шешуді талап ететіні мәлім.

Бұл ретте түркі өркениетінің текті де терең тамырлы тарихы мен төлтума мәдениетін биік парасат үдесінен терең таразылаудың, оны кейінгі ұрпақтың сана-сезіміне сіңірудің, олардың бойына ешкімнен кем түспейтін тарихының барына, яғни кемел келешегінің барына деген сенімді дарытудың, сол арқылы отаншылдық сезімін тәрбиелеудің біз үшін маңызы да, мәні де ерекше» [2, 12 б.].

Демек, тарихилық – адамдардың ұлттық-отаншылдық көзқарастарының, өткен мен бүгінді және болашақты жалғастыратын сенімінің дәнекері. Тарихилық – адамзат өркениетінің мыңжылдықтар белестерінен өткен жолының күретамамы. Адамзат ұрпақтарының ғасырлар бойы қалыптасқан, дамыған дамуының үзілмеген жолы, дәстүрлері, көркемдік ойлау жемістері осы тарихилық желісімен сабақтасып келеді.

Материалдық және рухани мәдениет қазыналарының барлығы белгілі кезеңдерде, дәуірлерде негізі қаланып, уақыт пен кеңістіктегі өзіндік орындарымен ұрпақтардың санасына сіңді.

Қазақ сөз өнері тарихындағы «Көне түркі әдебиеті» (VI-IX ғ.ғ.) кезеңіндегі «Орхон-Енисей жазба ескерткіштері», «Қорқыт ата кітабы», «Оғызнама» мұраларында түркі тайпаларының өмір сүрген дәуірлері шындығы, тарихи тұлғалардың қызметі, адамдар өмір сүрген географиялық кеңістік, әлеуметтік орта тағылымы қамтылған.

Ал, «Ислам дәуіріндегі әдебиет» (X-XII ғ.ғ.) кезеңіндегі мұраларда да халықтың сол шығармаларда сөз болған тұлғаларының, әлеуметтік ортасының шындығы тарихилық заңдылығы аясында қамтылған.

Әбу Нәсір әл-Фарабидің ғылыми-әдеби мұралары, Махмұт Қашқаридың «Түрік сөздігі», Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік», Ахмет Иасауидің «Ақыл кітабы», Ахмет Иүгінекидің «Ақиқат сыйы», Сүлеймен Бақырғанидің «Бақырғани кітабы» – бәрі де авторлары өмір сүрген кезеңдердің өмірлік шындығымен бейнеленген.

Алтын Орда – Қыпшақ дәуіріндегі (XIII-XIV ғ.ғ.) әдебиет мұралары да халықтың тарихын, адамдардың адамгершілігін имандылық ұялаған дүниетанымын танытуымен ерекшеленеді.

«Қыпшақтың жазба кітабы» («Кодекс Куманикус»), Рабғузидың «Қисса-сул әнбиясы», Құтыптың «Хұсрау-Шырыны», Хорезмидің «Махаббатнамасы», Хұсам Кәтибтің «Жұмжұма сұлтаны», Сәйфи Сарайидың «Жәдігернамасы», «Түрікше Гүлстаны» – бәрі де сөз өнері шығармаларының тарихилық негізділігін дәлелдейді.

Көрнекті әдебиеттанушы-ғалым А. Егеубай аталған ежелгі әдеби мұралардағы кейіпкерлердің, жеке адамдар тұлғаларының тарихи негізділікпен жазылғанын айтады, олардың тарих, философия, этнология зерттеулері үшін нұсқалы материалдар, тарихи бағалы деректер [3, 163 б.] беретін рухани арқау екендігіне, философиялық, әлеуметтанушылық, әдеби әдептілік, т.б. мәселелерді қамтитын күрделі танымдық тағылымына ғылыми байыптаулар жасайды.

Зерттеуші ежелгі және ортағасырлық мұралардағы әдеби әдеп жүйелерін саралап көрсетеді (1.Жан сымбаты, 2.Кісілік сымбаты, 3.Азаматтық сымбаты) де, олардың тарихилыққа қатысты поэтикалық ерекшеліктерін ғылыми-теориялық тұрғыда тұжырымдаған:

«Тарихи шындық пен көркем шындық арасындағы күрделі метаморфоза да тарихилық негізде, тарихи кезеңдер аясында ұғынықтырақ, қызғылықты көрінеді. ... ежелгі мұраларда тарихи тұлғалар мен тарихи құбылыстарда ойдан қосу, әсірелеу аз байқалады. Байқалмайды деген де шындыққа үйлеседі. Тарихи адамдар, тарихи оқиғалар бәз күйінде сипатталады. Тарихи шындық қана емес, поэтикалық басқа да ең бір көркемдік таным сарабынан өткен нышандарының өзі де тіршілік, тұрмыс көріністерінен қаз-қалпында көшіріліп алынған.

Метафора, теңеу, эпитеттердің бәрінде де осы тарихилық ізі қалың. Жазушының, жырлаушының көркемдік талғауы, көркемдікті көру қабілеті, болмысты, эстетикалық зерделеу таланты алға шыққандай. Белгілі дәрежеде реалистік ақиқат үстемдік құрған.

Кейінгі кезең мұраларында көркемдік шындық рухы үстем түсе бастаған. Көркемдік шындық, көркемдік шарттылық көрініс берген тұстарда эпикалық тыныс қиялы қиял-ғажайып ертегілері сынды көркемдік кеңістіктер туындады» [3, 184 б.].

Қазіргі қазақ романдары – сөз арқауындағы тарихилық негіздерінің жемістері. Уақыт пен кеңістіктегі тарихи оқиғалар, тұлғалар тарихи шындық жинақтауларымен, қаламгерлердің көркемдік шешімдерімен халықтық қабылдауға ұсынылуда. Эпикалық шығармалардағы қоғамдық-әлеуметтік құбылыстардың қайшылықтары тіршілік заңдылықтарымен үйлестіріле қамтылады. Халықтың өткені мен қазіргі хал-ахуалын тарихи оқиға желісімен сабақтастыра өрбіте отырып, адамдардың келешекке деген кемел серпілісін бейнелеген туындылар көп ғасырлық тарихи мәдениеті бар халықтың классикалық әдебиетінің әлем өркениетіндегі лайықты маңызды орнын белгілейді.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі роман жанрындағы шығармалардың прозалық үлгілері ұлттық сөз өнері дамуындағы осындай шынайы көркемдік үрдістер жалғастығын толық дәлелдей алады.

Қазіргі қазақ романдарындағы өмір шындығы бейнеленуінің негіздері халық әдебиеті үлгілерінен бастау алады. Қазақтың халық әдебиетінде ғасырлар бойы қалыптасқан еңбек, шаруашылық кәсіп түрлері, тұрмыс-салт, әдет-ғұрып дәстүрлері, қоғамдық-әлеуметтік, қарым-қатынастар жүйесі, т.б. сан алуан мәселелер қамтылады. Қазақ сөз өнеріндегі кәсіби жазбаша әдебиеттің көркемдік негізгі болған халықтық сөз өнері мұралары да өмір шындығы құбылыстарын қамтуымен ұрпақтардың көркемдік ойлау дүниетанымын қалыптастырды.

Қазақ прозасындағы тарихи сипатты туындылардың түпкі бастауында тұлғалар әрекеттерін шындық пен қиял тұтастығымен өрнектеген Қорқыт Ата, Асан Қайғы, Жиренше шешен, Алдар Көсе, т.б. тұлғалар тағылымына арналған аңыз әңгімелерді атаймыз. Қазақ прозасының қалыптасу, даму жолындағы тарихи-танымдық мұралардың көрнектілері қатарында мынадай шығармалар назарға алынуда: әл-Фарабидің «Бақытқа жету жайында», «Қайырымды қала», Қорқыттың «Қорқыт Ата кітабы», Захир ад-дин Бабырдың «Бабырнама», Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди», Қадырғали Жалайырдың «Шежірелер жинағы», Шоқан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсариннің, Абай Құнанбайұлының, Шәкәрім Құдайбердиевтің, Әлихан Бөкейхановтың, Міржақып Дулатовтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Мағжан Жұмабаевтың, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың, Спандияр Көбеевтің, Тайыр Жомартбаевтың, Бейімбет Майлиннің, Смағұл Садүақасовтың, Халел Досмұхамедовтің, т.б. мұралары.

Қазақ прозасының әуелгі қалыптасу жолындағы үлгілерінен бастап, XX ғасырдағы классикалық роман жанры деңгейіндегі дамуы деңгейіне дейінгі шығармалардың барлығында да өмір шындығын көркемдік жинақтаумен, бейнелеумен жазу үрдісінің біртіндеп жетіле жалғасқанын аңғарамыз.

«Бабырнамада» шығарманың авторы және басты кейіпкері Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың тұлғасы даралана танылады. Бастан-аяқ бірінші жақпен, авторлық баяндаумен жазылған шығарманың тақырыбы мен идеясы бағдарынан мемлекет басқару істері мен жауынгерлік жорық жолдары іс-әрекеттерін оқимыз. Бұл – әулеттік ел билеу, басқару жолын сақтау жолындағы дәстүрлі жол. Шығарманың аталған бөлімдеріндегі сюжеттік

бөліктерде Ферғанада да, Кабулда да, Үндістанда да Бабырдың өзіндік патшалық билік тұғырын, тағын сақтаудағы жанталасқан, арпалысқан іс-қимылдары баяндалған. Бұл – қазіргі қазақ романдарындағы тарихи кезеңдер деректерінің өмір шындығына сәйкес баяндалуына, бейнеленуіне негіз болған ерекшелік.

«Бабырнама» композициясында сюжеттер кейіпкерлерінің аты-жөндері де нақты аталған. Қаламгердің өзімен тұстас билеушілердің (Сұлтан Ахмет, Сұлтан Құсайын, Байсұңқар, Қасымбек, Шайбани хан, т.б.), қалалардың «Самарқан, Әндіжан, Бұқара, Ходжент, Герат, Кабул, т.б.), аймақтардың, өзендердің географиялық-топонимикалық атаулары мол енгізілген. Бірнеше аймақтардың, атыраптардың билеушісі бола жүріп, сол өлкелердің табиғатын, аңдарын, т.б. тіршілік келбетін бейнелеулері де шығарма композициясының әсерлілігін дамыта түскен. Аңшылық-саяткерлік сюжеттері де әсерлі баяндалады.

Өмір шындығы аясында баяндалып отырған оқиғалардың басты кейіпкерлері – авторға мәлім тұлғалар. «Бабырнамада» басты кейіпкерге танымал адамдардың сырт келбеттері де, мінезі мен әдеттері де поэтикалық тәсіл тұрғысында бейнеленген.

Ферғана аймағын қоршап жатқан таулардың шөбі шүйгін болады. Бұл манда жоқ тобылғы осы тауда ғана өседі. Тобылғының қабығы қызғылт, одан қамшы сап, құсқа тор жасалады, май алынады. Қабығын сыдырып жебе де жасалады. Бұл бір қасиетті ағаш, мұны алыс жерге барғанда базарлық ретінде сыйға тартады» [4, 16-17 бб.].

Эпикалық көлемді прозалық шығармаларда адамдар мен олар мекендеген қоныстарды, табиғат келбетін, аңдарды, құстарды, өсімдіктерді сол уақытпен байланыстыра баяндау, суреттеу арқылы сол кезеңге лайықты өмір шындығы айқындалады. Оларды адамдардың тұрмысымен байланыстыра суреттеуде қаламгерлер авторлық дүниетанымның тебіреністерін, толғаныстарын қосады.

Табиғат құбылыстары мен кейіпкерлер жан әлемін байланыстырудан кейін, әрине, тарихи шындықпен бейнелеу туындайды. Ал, тарихи шындықтан кейін көркемдік ойлау эстетикасының заңдылығына орай көркем шындық, жинақтау болатыны да белгілі.

«Тарих-и Рашиди» туындысында да өмір деректерінің мол шоғырланған жүйесінде табиғат құбылыстарын қатарлас бейнелеудің тарихи шындық пен көркемдік шешім поэтикасы заңдылықтары қалыптасуындағы алғашқы үлгілер екендігін аңдаймыз. Мұхаммед Хайдар Дулати шығармасындағы табиғат пен адам тіршілігін өзара баламалай, мезгей бейнелеулердің мол қолданыстарын көреміз. Мысалы:

1. «Шығыстың әміршісі он қат көк тағына қадам басып, әрі қарышты қадамының жарқылымен барлық әлемді жаулап алып, ала шұбар көк күмбезінің жалған екі жүзділігін жойып, планеталардың қарсыласуын және түннің жер бетіндегі қарсы әрекетін жойған кезде, Мансұр хан келісім үзеңгісіне аяғын нық салды» [5, 383 б.].

2. «Саид ханның Жаркентке келген мезгілі, төртінші көк аспанның падишасы өзінің салтанат тағын Торпақ үйіне қойып, гүл падишасы ордасын жазираға тіккен кезге сәйкес келген еді. Өлең:

Гүл сұлтаны жасылдан тіккен шатыр арнайы,
Сонда барып жақсылап мұң шағайық, ағайын!
Сая болар ақша бұлт сәуір күні қызғанда,
Жерде жасыл текемет, қызыл кілем-қызғалдақ.

Жапырақтардың көлеңкесі гүлзарға сая болды, көгершіндер шағылысып, бір-бірімен ойнады. Бұлбұл раушан гүлге деген зауығын мың әнімен сайрады.

Өлең:

Бейішң де бұл жерде сұлу болмас соншама,
Қызғалдақтар бағында бұлбұл сайрап мұң шағар.
Таң алдында ғажайып күй кешесін әр түрлі,
Бұлбұл әні жаныңды жалын болып шарпыды.

...Көктемгі күн мен түннің теңесуі жаздың аптап ыстығымен алмасқанда қапырықтан

елдің ағаш көлеңкесін паналаудан басқа шарасы қалмады» [4, 386 б.].

Тарихи тақырыптағы жазылған көркем шығармалардағы өмір шындығы сипатының көрнекті көріністерінің бірі – ұлттық-этнографиялық сипат.

Қазіргі қазақ прозасындағы романдардың қалыптасу, даму кезеңдерінің барлығында да қазақтың халықтық салт-дәстүрлерін, ұлттық-этнографиялық ұстаным-дағдыларын уақытына, кезеңіне сәйкестендіріп бейнелеу маңызды орын алады.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі тарихи тақырыпта жазылған шығармалардың сөз арқауындағы «Тарих-и Рашиди» шежірелік туындымен үндесуі – көркемдік жалғастық көрінісі. Белгілі тұлғалардың іс-әрекеттерін, кескін-келбеттерін және адамдардың жүрген мекендерінің табиғат көріністерін бейнелеуде де сабақтастық тағылымы аңғарылады.

Қазақ романы жанрының қалыптасуы мен дамуы тарихы талай арнайы зерттеулерде сөз болып келеді. «Қазақ романының тууы мен қалыптасу тарихы» атты зерттеу кітабында әдебиетші ғалым Б. Шалабаев роман жанрының қазіргі заманғы әдеби үдерістегі жетекші сипатын, қалыптасу, даму жолындағы дәстүрлік-көркемдік бастау негіздерін атап көрсеткен:

«Роман қазақ әдебиетінде жетекші жанрға, ал оның қалыптасып өркендеу тарихы қазіргі қазақ әдебиеттануында жоталы ғылыми проблемалардың біріне айналды» [6, 4 б.], – деп баға берді.

Өмір шындығы деректерінің тарихи шындықпен бейнеленуін эпикалық көлемде мол қамтуға ерекше мән беріледі. Көркем әдебиеттегі эпикалық көлеммен өмір шындығын мол қамтып жазуда халықтың тарихындағы оқиғалардың, тұлғалардың, әлеуметтік ортаның сырлары, қайшылықтары жинақталады. Нақтылы тарихи деректерді мол жинаған қаламгердің туындының композициясындағы құрылымдық желіні сабақтастырудағы өзіндік қорытулары, идеялық желілі ойларын ұштастыруы, кейіпкерлердің монологтары, диалогтары, әр түрлі әлеуметтік топтардың қарым-қатынастары арқылы мағыналық мақсаттарды орындауы – бәрі де шығармашылық зертханасы психологиясы табиғатын құрайды.

Көркемдік дәстүр жалғастығы заңдылығына орай, қазіргі қазақ прозасындағы романдардың тарихилық негіздері төл әдебиетіміздің алғашқы жазбаша туындыларынан бастау алады. Бұл – әлем өркениеті дамуындағы қазақ сөз өнері шығармашылығы жолының табиғи өсу тағылымын танытатын маңызды көрсеткіш.

Қазақ әдебиетіндегі шежірелік шығармалар тарихи деректерді баяндау мен көркем әдебиет бейнелеулері тұтасуы жолын қалыптастырған мұралар болып саналады. Авторларының көзімен көрген оқиғаларын көркемдік талғаммен сұрыптап, іріктеп жазуы арқылы уақыт шындығын жазбаша жүйелеудегі қаламгерлік мәдениет үрдісіне де негіз қаланды.

Шежірелік туындылардың құрылысындағы елдің, ондағы көрнекті оқиғалардың қамтылуында туынды авторларының мемлекет қайраткері тұғырындағы тұлғалық танымалдығы да елеулі болды. Қазақ әдебиетіндегі тарихи шындықпен кең көлемді көркем туындылар жазу үрдісінде шежірелік шығармалар авторларының қайраткерлік, қаламгерлік орындары да сөз өнері тарихындағы маңыздылығымен ерекшеленеді.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі жаңа жазба реалистік әдебиет шығармалары да көркем әдебиетіміздегі тарихилықты жаңаша қалыптастыруда маңызды орын алды. Хакім Абайдың эпикалық дастандарында, кара сөздерінде [7, 71 б.] өмір шындығы деректері, тарихи тұлғалар тағылымының көркем шындықпен өрнектелуі әдеби сипатпен өрнектелді.

Шоқан Уәлихановтың ғылыми-этнографиялық очерктері әдеби-тарихи сипатымен ұлттық және жалпыадамзаттық рухани мұралар қатарына қосылды. Шоқан шығармалары ғылыми жазбаларды әдеби-тарихи ерекшеліктер тұтастығымен жазудың әлемдік классикалық дәстүріне сәйкес қазақ топырағында дамытудың іргетасын қалады.

Ал, Ыбырайдың прозалық туындылары эпостық әдеби тек жанрларына ортақ реалистік шығармашылыққа жол ашты. Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері – қазақ әдебиетіндегі

жазбаша прозалық шығарма жазу үрдісі жолындағы жаңа жазба реалистік әдебиет үлгілері болып саналады.

Қазіргі қазақ романдарының біразы XX ғасырдың 90-жылдары мен ХХІ ғасырдың басында жарыққа шықты. Қазақстан атты ежелгі тарихының жаңа кезеңіне көшкен, байырғы жолы бұған дейінгі талай мыңжылдықтардан басталған, қалыптасқан мемлекетіміздің, қазақ ұлтының көркем әдебиеттегі бейнеленуі сөз арқауындағы дәстүрлі шығармашылық үрдіс аясында қарастырылады.

Қазақтың ұлттық тарихындағы ең басты оқиғалар, қайраткерлер жаңа жарыққа шыққан романдардың мазмұны мен пішіні арқауында қамтылуда. Ілияс Есенберлиннің «Мұхиттан өткен қайық», Әбдіжәмил Нұрпейісовтің «Соңғы парыз», Зейнолла Шүкіровтың «Сыр бойы», Қажығұмар Шабданұлының «Қылмыс», Дүкенбай Досжановтың «Алаң», «Ақ Орда», Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы», Мұхтар Мағауиннің «Мен», «Тармақ», Бекежан Тілегеновтің «Тұйық өмірдің құпиясы», Смағұл Елубаевтың «Ақ боз үй», т.б. жазушылардың романдары қазіргі қазақ әдебиетінің классикалық дәстүрді жалғастырған болмысын көрсетеді.

Қазақ прозасының қазіргі заманғы өркениет деңгейіндегі дамуын танытатын бұл шығармаларда ұлттық тарихымыз, жекелеген қайраткерлеріміз көркемдік ойлау заңдылықтарына сәйкес бейнеленген. Ең бастысы – қазақ тарихындағы халықтық тәлім-тәрбие, ағартушылық-эстетикалық мұрат бағдарындағы дүниетаным кеңістігі дамытыла түскен.

Қазіргі қазақ романдары – тарихи шындық және көркемдік шешім бірлігі поэтикасының көрсеткіші. Ғасырлар бойы халықтық-ұлттық дербестікті сақтау, діл, тіл, дін мәселелерін ұрпақтан-ұрпаққа аманаттап жеткізу көрнекті қайраткерлеріміздің (хандардың, батырлардың, би-шешендердің, ақын-жыраулардың, ақын-жазушылардың, ғалымдардың, т.б.) негізгі қызмет бағдары болды. Қазақ тарихының шынайы сипатын, көрнекті қайраткерлеріміздің қызметін нақты көрсетіп жазуға мүмкіндік туған кезеңдегі қаламгерлер туындыларының ұлттық және әлемдік өркениеттік талаптарға сәйкес шеберлік деңгейлері анықталады.

Сондықтан, қазіргі қазақ романдарының тарихилығы ұрпақтарды сөз өнерінің азаматтық-отаншылдық рухымен тәрбиелеу жолындағы қызметін күшейте түседі. Ал, қаламгерлердің романдарындағы көркемдік шешім деңгейлері арқылы тарихи даму, тұлға даралығы мәселелерінің көркемдік ойлау тұрғысындағы тағылымы анықталады.

Қорыта айтқанда, жаңа жазба реалистік әдебиет шығармаларының, оның ішінде Ыбырай Алтынсарин прозасының қазіргі қазақ романдары үшін үлгі, негіз болғаны – сөз өнері дамуындағы көркемдік жалғастықтың көрінісі. Шығарманың тақырыптық-идеялық, сюжеттік-композициялық сипатындағы тарихи шындық пен көркемдік шешім мәселелерінің поэтикалық тұрғыда болуы әдеби дамудағы табиғи сабақтастық желісі арқылы жүзеге асырылады. Қазақтың қазіргі және болашақтағы әдеби дамуы жолында осындай дәстүр жалғастығының сақталатындығы анық.

Қазақ әдебиетіндегі көлемді эпикалық шығармалар жазу үрдісінің шежірелік туындылар арқылы негізі қаланғаны анық. Әдеби шығармада халық тарихының маңызды кезеңдерін эпикалық көлемде қамтуда қаламгерлер баяндау, тұлғаларды даралау, құбылыстар мен қасиеттерді жинақтау мәселелерін өнер туындысына лайықты талаптармен орындаудың үлгілерін жасады. Қазақ әдебиетіндегі эпикалық шығармалардың тарихылық негізділігінің дамыта жазылуы әлем өркениетіндегі тектес, үндес шығармашылық үрдісімен де үндестік жағдайында көрінеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерліктер. Астана: Фолиант, 2004. 480 б.
2. Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер: Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция

материалдары. Астана қаласы, 2001 жылы 18–19 мамыр. Алматы: «Ғылым» ҒЗО, 2001. 584 б.

3. Егеубай А. Құлабыз. Алматы: Жазушы, 2001. 216 б.

4. Бабыр Захир-ад-дин Мұхаммед. Бабырнама. Алматы: Жалын, 1990. 320 б.

5. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди (Хақ жолындағылар тарихы). Алматы: М. Х. Дулати қоғамдық қоры, 2003. 616 б.

6. Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалыптасу тарихы. Алматы: Мектеп, 1983. 192 б.

7. Абай (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1986. Т. 1: Өлеңдер мен поэмалар. 304 б.

Муратбек Айтимов, Наргиз Орынтай
(Қызылорда, Қазақстан)

Ә. НҰРШАЙЫҚОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЗАМАНДАС БЕЙНЕСІН СОМДАУДАҒЫ КӨРКЕМДІК-СТИЛЬДІК СИПАТТАР

Бұл мақалада Қазақстанның халық жазушысы, майдангер-қаламгер Ә.Нұршайықов шығармашылығындағы замандас бейнесі нақтылы туындылар арқылы кең көлемде қарастырылады. Жазушы шығармашылығының зертханасы, терең философиялық өлшемі мен өмірлік тәжірибесі, көркемдік арнасы мен стиль даралығы да тиісті тұстарда сөз етіледі. Сонымен қатар, Әзілхан Нұршайықов шығармаларының сыр-сипаттары қарастырылады.

Кілт сөздер: стиль, замандас, көркемдік құралдар, заман ауқымы, халық тарихы, ұлт мәселесі.

В этой статье подробно рассматривается образ современника в творчестве народного писателя Казахстана, писателя-фронтовика А. Нуршаикова. Лаборатория творчества писателя, глубокое философское измерение и жизненный опыт, художественный канал и индивидуальность стиля также выражаются в соответствующих моментах. Кроме того, будут рассмотрены тонкости произведений Азильхана Нуршаикова.

Ключевые слова: стиль, современник, художественные средства, масштабы времени, история народа, проблема нации.

In this article, the image of a contemporary in the work of the people's writer of Kazakhstan, front-line writer A. Nurshaikov is widely considered through real works. The laboratory of the writer's work, deep philosophical dimension and life experience, artistic channel and individuality of style are also mentioned in the relevant points. In addition, the secrets of the works of Azilkhan Nurshayikov are considered.

Keywords: style, contemporary, artistic means, scale of the times, history of the people, the problem of the nation.

Стильді зерттеудегі кездесетін түрлі ізденістер мен әр алуан принциптер, оның күрделілігін, әрі жеткілікті зерттелмегендігін байқатады. Өнертану саласында XVIII ғасырда тұңғыш игеріле бастаған стиль мәселесі тек XX ғасырдан бері қарай ғылымдық, жалпы философиялық, эстетикалық, мәдениеттанулық маңызға ие болды.

Стиль ұғымы бастапқыда эстетика тарихында пайдалана басталған дамуынан бері қарай аса үлкен тарихи жолды бастан кешкен. XIX ғасырдан бастап стиль ұғымын зерттеушілер эстетика шеңберінен тыс жатқан құбылыстарды да түсіндіру үшін «ғылыми

стиль», «мәдениет стилі», және т.с.с ұғымдармен кеңейтілген. Бізді қызықтыратыны даму тарихы емес «стиль» ұғымы және соған байланысты «мәдениет стилі» ұғымы.

Мәдениет стилі туралы да, стиль туралы да бай тұжырымдамалар жинақталғанына қарамастан, осы қос нысана екі бөлек қарастырылып, жалпы екеуін қосатын ортақ тұжырымдаманың жоқтығы. Енді стиль терминінің шығу төркініне назар аударсақ, «Стиль (грек. *stylos* – үшкірленген ағаш қалақша. Ескі замандарда жазу-сызу қалыптасқан халықтардың көпшілігі қағаздың пайда болғанына дейін балауыз жалатқан тақтайларға *stylos* – пен сызып жазатын болған) адамның белгілі бір іс-әрекетінің немесе оның жемісінің өзіндік, басқаға ұқсамастай ерекшелігі – делінген».

Ал философиялық сөздікте: «Стиль (өнерде) – идеялық, идеялық-этикалық, қоғамдық-тарихи мазмұн бірлігіне сәйкестендірілген бейнелеу жүйесінің, көркем түрде суреттеу құралдары мен әдістерінің тарихи қалыптасқан жалпы тұтастығы. Мұндай бірлікке белгілі бір шығармашылық тәсіл негізінде қол жеткізіледі. Стильде қоғамның әлеуметтік және экономикалық жағдайы, ондағы әртүрлі халықтардың өзіне тән ерекшеліктері мен салт-дәстүрлері көрініс табады» – деп анықтама берілген.

Негізінен стиль материалдық және рухани-мәдениеттің көптеген құбылыстарын анықтау үшін қолданылып келеді. Жалпы стильдің анықтамалары өте көп, әрі олар белгілі бір мәдениет салаларына (көркемөнер, әдебиет, т.с.с) байланысты айтылады да, әртүрлі мағынаға ие болады.

Әлемдік зерттеуде стильге байланысты қаншама зерттеу еңбектер болса да, нақты зерттеу келісімді пікірге тоқтамалған күрделі тарихи категорияға жатады. Ең бастысы стильдің негізінде жатқан инвариантты мағынасы – оның өзіндік ерекшелігін, бірегейлігін, соңылығын білдіретіндігі. Стильді зерттеу негізінде қалыптасқан екі тұжырым бар:

1. Әдебиеттанушы В.Кожинның зерттеулерінде сараланған концепциясына байланысты: «Стильдің түр мен мазмұнның тұтастығы мен бірлігіне ешқандай қатынасы жоқ, ол тек көркем түрге ғана тән категория» – деген тұжырымы.

2. Өнертанушы А.Ф.Лосевтің «Стиль дегеніміз дүниетаным» – деген тұжырымына саятын, танымдық мәселеге қатысты тұжырымы.

Жалпы стильді түсіндіруде байқалғандай бірі танымдық мәселеге тірелсе, енді бірі түсіндірудегі көркем түрге байланысты мәселе. Сондықтан стильді түсіндіруде формалық, мазмұндық категориялар арқылы түсіндіру жемісті нәтиже бермеген. Біз тек мысал ретінде әдебиетші мен өнертанушы ғалымның тұжырымын алып отырмыз. Негізгі зерттеулер осылай екіге жарылып қарастырылып, стильді зерттеуде әр мәдениет салаларының зерттеушілері өз саласына қатыстырып айтатыны. Сондықтан осы салалардан ортақ біріктіретін тұжырымының жоқтығы. Стильді анықтауда тек әдебиеттану не өнертану ғылымы мен шектелмей, оның философиялық деңгейін көтеру ілкімді нәтиже береді, – деп ойлаймыз.

Кез-келген шығармашылық иесін жеке алып қарасақ, ол даралық сипат арқылы көрінеді. Бұл жерде «стильдің мазмұнына толығырақ аша түсу үшін оны таңбалық-рәміздік нысаналар тұрғысынан қарастырған жөн» – деп мәдениеттанушы А.Құлсариева жақсы аңғара білген. Көптеген психолог, физиолог зерттеушілердің пікірінше, адам ойлау үрдісінде сапалы және санасыз түрде ерекше семиотикалық жүйе заттық – бейнелеу қолын пайдаланады деп атап көрсеткен. Осыны жасау кезінде индивид өзі жасайтын таңбалық, жүйенің элементтеріне мағынаны, мазмұнды өзі береді. Бұл жерде онда тек қана сөздік тіл емес, сондай-ақ сезімдік таныммен заттық бейнелік кодтың бейнелері көрнекі – бейнелік тілдерде көрінеді.

Көркем өнерде, соның ішінде асыл сөз – әдебиетте өмір шындығы, көркемдік мұрат пен рухани байланыс айрықша маңызды болып табылады. Көркем туындының басты мұраты – адам, оның өмірі мен еңбегі болса, ол шынайы шындықсыз, әрекет – тартыссыз өріс алса, қисынсыз да, нанымсыз, сүреңсіз сипат алар еді. Демек, Абай айтқан қисында негіз бар: «Адамның адамдығы істі қалай аяқтағанынан емес, қалай бастағанынан білінеді». Мұның – сөз өнеріне де қатысы бар.

Жоғарыдағы көзқарас, ойлардың жазушы еңбегі мен шығармашылығына да қатысы бар. Осы тұста заңғар суреткер Ғ.Мүсірепов: «Жазушылықты өнер емес, кәсіп көрсен, өзіңнен өзің тоқталасын... творчество адамына тән үш құрал бар ғой. Олар – қаламың, қағазың, талабың. Осы үшеуін таза ұстай білу керек» [1, 36-111 бб.], – деген.

Бұл айтылғандарды барша қаламгерге қатысты десек те, Ә.Нұршайықов шығармашылығында жіті зерделеніп, сергек сезім, серпінмен кең қанат жайғанын аңғарар едік. Ол, әсіресе, шағын жанрдан көлемді роман, өмірбаяндық хикаяттарға ұласқан тұстардан да таныла түседі. Онда да танымал қаламгер замандастар бейнесін қоғам, уақыт шындықтарымен байланыс, сабақтастықта суреттейді.

Қаламгердің эпистолярлық жанрдағы еңбектері өте мол. Бұл жанрда жазылған Ә.Нұршайықов шығармашылығында сол кезеңдегі тағдыр, заман ауқымы, халық тарихы, ұлт мәселесі, қазақтың бір туар азаматтары, оның айласындағы үзеңгелестері, сол кездегі әр жанның психологиясы кең тұрғыдан сараланады. Тек сараланып қана қоймай, қаламгер олаға замандас тұрғысынан қарап, замандастарына кейіпкерін толыққанды танытуды мақсат етіп қояды.

Қоғам, адам қатынасы арқылы замандастар бейнесін, өмірін көрсетеді. Мәселен, Ә.Нұршайықовтың М.Әуезов жайында жазған естелігінде мындай үзінді бар: «Естелікті ескіргеннен кейін жазу керек деген теріс сөз. Ескіргеннен кейін деген – ескермеу деген. Оның арты мүлде ұмыту, жоққа шығару болады. Керек іс кейін қалдырылмайды.

Естелік – орыс әдебиетінің ең бір құнды және жұрт құныға, құмарлана оқитын сала. Естеліктер арқылы елдің ардагер ұлдары өз халқымен қоса өмір сүреді. Алаңдарға ардақты адамдардың тастан қашалған мүсіндері қойылады. Естелікте сол сияқты. Бірақ бұл сөзбен соғылған әдеби мүсін, жанды бейне. Жанды болатыны – оқырман сол мүсінді түрегеп тұрған тас бейне күйінде емес, бір топ адам бірігіп жасайды. Әрқайсысы сол ескерткіш – адамның тірі күйіндегі өздері көрген, өз ойларындағы бейне, мүсінін қағазға түсіреді» [2, 259 б.].

Естелік – сөзбен сомдалған ескерткіш. Мүсіншілер тастан қашап ескерткіш қояды. Ал қаламгер сырлы сөздің құдіретімен өмірдегі ұлы тұлғаны қайта кейіптендіреді, оның көркем образын сомдайды. Ал, ақ қағазға жазылған жазба – мәңгілікке ел жадында сақталары белгілі.

Ұлттық нақыштарымыз, академик-жазушылар М.Әуезов пен С.Мұқановтың замани келбеті, адами болмыс-бітімі, мінез-құлық, жеке қасиеттері Ә.Нұршайықовтың «Екі естелік» жинағында өзара үйлесім тапқан. Автор жазушылардың ешкімге ұқсамайтын ерекшелігін, дара да сара қасиеттерін, бар күш-қуаты, қалам қажырымен жеткізе білді. Осы себепті де біз Ә.Нұршайықовтың «Екі естелік» туындысын эпистолярлық жанрдағы әдеби түрдің көркемөнердегі тағылымды үлгісі деп таныған жөн.

Жазушының қаламгер туралы естеліктері «Екі естелік» шығармасынан бастау алып, «Қаламгер және оның достары» атты эпистолярлық романымен жалғасады. Бұл роман – күнделік ретінде жазылған. Яғни оқиғалар желісі әр жыл, әр күнімен сарапталып, оқырманға дәл де түсінікті жеткізіледі. Ол кітапта 1950 жылдарда жас қаламгерлердің ұстазы болған ұмытылмас азамат жазушы Мұқан Иманжановтың қамшының сабындай қысқа ғұмыры суреттелген.

Бұл жинақта сол жылдардағы қазақ әдебиетінің барлық өкілдерінің болмыс-бітімі, мінез-құлығы толық қамтылған. Автор М.Иманжановтың бейнесін ашу арқылы қазақ қаламгерлерінің жинақтық образын жасайды. Адамдық келбетіне, адамгершілік иірімдеріне мән береді.

«Қаламгер және оның достары» атты эпистолярлық роман – қазақ әдебиеті тарихына соны сипат, жаңалық әкелген шығарма. Осы уақытқа дейін қазақ әдебиетінде бұндай роман түрі болған емес. Бұдан жазушының жаңашылдық, әдебиет теориясына сонылылықты әкелуші тұлға болғанын танимыз. Бұл роман – Ә.Нұршайықовтың ұстаз алдындағы азаматтық келбетін, адамдық болмысын дәлелдеуден туындаған кітап. Яғни, бұл еңбек талай жастардың қамқоршысы болып, оларға бағыт-бағдар сілтеп, көкірек көздерін ашушы

Мұқан Иманжановқа арналады. Қамшының сабындай қысқа ғұмыр келіп, артына өлмейтін із, өшпейтін іс қалдырып кеткен аяулы жанның асыл бейнесі оның достары арқылы ашылады.

М.Иманжановтың бейнесін ашу үшін өзімен замандас жазушылардың, яғни оның достарының да келбетін шынайы келтіреді.

Қаламгер естеліктерінің стилі өте ерекше. Ол естелік құрылымында хат, телеграмма секілді эпистолярлық жанрдың барлық түрлері қатар жүреді. Қаламгер шеберлігінің бір қыры да – тақырыптың идеясын ашу барысында белгілі мәтін құрылымында құжатты өз орнында қолдана білген.

Егер қаламгер шығармаға арқау болар, не шығарманың идеясын ашар хатты (не басқа да күнделік, телеграмма) төлеу сөзге айналдырып, сөз арасында тек баяндап өтсе, оқиға шындық болмысынан айырылып, нанымсыз болып шығар еді.

Автор замандас бейнесін беруде хат үлгісін де жиі пайдаланады. Өз қолымен жазылған Мұқан хаты – көркем шығарманы жоғары деңгейде көтере білген, оның азаматтық бейнесін ашуда бірден-бір сәтті қадам.

Бұдан – Ә.Нұршайықовтың эпистолярлық роман жанрына тән белгілерді терең меңгергенін көреміз. Сонымен, Ә.Нұршайықов – өзі өмір сүріп отырған заман мен қоғамдағы адамдардың болмыс-бітімін эпистолярлық туындыларында ашып суреттеді. Оның шығармасының негізгі кейіпкерлері – жастар, ауыл адамдары, қарапайым халық, майдангер, ұлы батыр-қолбасшы, қаламгерлер. Ол заман ағынын топ басып, замандастар жайын терең түсінген оптимист жазушы, өзі өмір сүріп отырған қоғам мен келешекті толғаған замандас жаршысы деуге толық негіз бар.

Ә.Нұршайықов шығармашылығындағы қаламгерлер бейнесі заман қырларымен, белгілі деңгейдегі кескін-келбетімен жан-жақты ашылған. Автор қаламгер бейнесін беруде түрлі факт, дәлелдемелерді молынан келтіреді. Романдарының нанымды шыққандығының басты белгісі де оның эпистолярлық үлгіде жазылғандығында. Эпистолярлық шығарманың шындығы да, оқырман көңіліне қонымдылығы да – оның нақтылықта жазылып, көркемдікпен әспеттелуінде. Яки жазушының эпистолярлық шығармалары нақты өмір шындығы мен қаламгердің әдеби-шығармашылық тіл ойшығының көркем туындыдағы бейнелі суреті деп айтуға мүмкіндік мол.

Ақиқатында: «Жазушы шеберханасын зерттеу күрделі процесс... қандай да бір шығарма – жазушы дүниетанымының жемісі» [3, 11 б.].

Бұл эпистолярлық жанрдағы туындыға тән. Мұнда да өмір, уақыт бедері бар. Замандастар бейнесі мен орын-үлестері бар. Демек, Ә.Нұршайықов – эпистолярлық жанр жүйесі арқылы да адамдар өмірі мен қарым-қатынасын, заман шындығын алға тартады.

Қаламгер және шығармашылық мәселесі қашан да мәнді. Арғы-бергі кезеңдерде бұған мысал, деректер мол.

Ал өз шығармашылығында қаламгер бейнесін сомдап, оның кескін-келбетін жасау – тек әмбебап, өз ісіне шебер жазушының қолынан келетін іс деуге болады. Өйткені, көркем шығарма кейіпкері шығармашылық қиял мен ойлаудан шығарылады. Сондай-ақ, өмірден алынған бейнені немесе тарихи тұлғаны әдеби образға айналдырып, оның шынайы бейнесін жасау – жалғыз қаламгердің емес, әдебиеттің жетістігі ретінде танылар жайт.

Қаламгер Ә.Нұршайықовтың қаламынан туындаған естеліктер, күнделіктер – қазақ әдебиетінің теориялық қорына жаңа да соны ізденістер қалыптастырған дүниелер. Күнделік жанрынан тарих пен мәдениеттің, тұрмыс пен қоғамның айнасын көруге болады. Осы ретте Ә.Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым» атты өмірбаяндық романы – қазақ өнернамасынан толық хабар беретін, атап айтсақ, халықтың біртуар ұлдары мен әдебиет тарихының уақыт өлшеміне сәйкес жүйелі түрде жасалған күнпарақ іспетті ғылыми деректер.

Ә.Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым» атты өмірбаяндық романы – тұтас бір дәуірдің жылнамасы секілді. Онда өмір мұраты, уақыт тынысымен бірге әлемі, іс-әрекеттері бар.

Сонымен, қазақ әдебиеті тарихына жаңа үн, жаңа белес, жаңа ұғым әкелген «өмірбаяндық роман» жанры өз деңгейінде жазылып, заман адамы мен бейнесін жасауда көсем ізденістер мен көркемдік биік белестерге көтерілді деуге болады.

Ә.Нұршайықов шығармашылығындағы замандас бейнесінің сомдалуы мен оның өзіндік қыр-сыры осында жатыр.

Көрнекті қаламгер Ә.Нұршайықовтың жазушылық шеберлігі мен көркем туындыларында заман мен адам мәселелерін көркемдеудегі суреткерлік болмысы, шығармаларындағы кейіпкердің ішкі жан иірімдерін бейнелеу жолдары автордың өзіне ғана тән қолтаңбасы деуге болады.

Әдебиет тарихында, әсіресе қазіргі кезең шығармашылығында – қоғамдық құбылыстар мен кезеңдік көріністер, өмір мұраты мен адам еңбегінен тыс замандас бейнесін суреттеу үрдістері де кең өріс алған. Ол, әсіресе қоғам құбылыстарын, адам ақыл әлемін ашуда, замандастар бейнесін жасауда кең орын алады, жалпы, замандас бейнесін сомдаудағы көркемдік – стильдік сипаттардан да жазушы еңбегі, шығармашылық мұраты мен ұстанымдар кеңінен көрініс береді.

Жазушы – уақыт перзенті, қоғамның қуаты да көрнекті өкілдерінің бірі. Ол – жазушы мұратынан, ұстанымынан танылады. Осы орайда, стиль – әр қаламгерге тән өзіндік шығармашылық тіл айшығының қолтаңбасы.

Белгілі ғалым Қ.Жұмалиев стильдің тек талантты қаламгерлерге тән болып, аса дарындылықтың арқасында жүзеге асатын процесс екенін өзінің «Стиль – өнер ерекшелігі» атты еңбегінде дәлелдейді. Белинскийдің сөзін қостай отырып, ол мынадай тұжырым жасайды: «Стиль – шын талант, ұлы ақын-жазушылардың қаламдарына тән сипат. Кез келген ақын-жазушылардан стиль іздеу – бекершілік. Өйткені, барлық өлең қиыстырушыларды ақын, сөз жасай білушілерді жазушы десек, қателескен болар едік. Дарын жоқты – стиль жоқ. Бұл екеуі сабақтас. Оқырмандардың ойына азық, жанына сусын бермейтін шығармалар жазып та жазушы атануы мүмкін. Бірақ ондайлардың өзіне тән стилі болады деу – қате. Олардың бірінің шығармалары егіз қозыдай екіншілеріне ұқсас келеді.

Жаман шығарманы жағымпаз сыншы жандайшап әдебиетшілер қанша мақтаса да жандандыра алмайды. Барлық сыншылардың ішінде ең ұлы да данышпан, ең қателеспейтін сыншы – мезгіл», – деп В.Г.Белинский айтқандай, жанама шығарма, дарынсыз жазушы мезгіл сынын көтере алмайды емес пе, демек, стильді нақтылы талант, ұлы жазушылардың туындыларынан іздеген жөн» [4, 23-24 бб.].

Сол себепті әр жазушының өз стилі басқаларға ұқсамайтын ерен ерекшеліктерге толы болады.

Қаламгер Ә.Нұршайықов шығармашылығының стилі таныс, жеңіл де жүйелі. Әрі ерекше құрылымға негізделген. Жазушының тілі жатық, баршаға ұғынықты, белгілі бір оқиғаны түрлі әдіс-тәсілдер арқылы жандандыра отырып, оқырман көкейіне асқан көркемдікпен жеткізе білетін суреткер. Қандай оқиға болмасын, пейзаж, портрет, суретті сюжет болсын, соны үнмен, жаңа пафоспен жырлай біледі. Шығарма сюжетін қызыл сөздің құдіретімен шимайлайды, нақтылы оқиғалармен көркемдейді. Өмірді – өнер тілімен сөйлетеді.

Ә.Нұршайықов шығармашылығындағы стильдік ерекшеліктерін санамалап көрсететін болсақ, оларды былайша топтауға болады.

1. Қаламгер өмірде болған нақты бір тұлғаның азаматтық келбетін жырлайды. Адам тіршілігінің нәрі – өмір, әдебиеттің пәні – адам дейтін болсақ, оқырман қауымның көңіліне қонатын нәрсе – шығарманың өміршеңдігінде.

Естелік – осындай әдеби-стильдік ерекшелікпен қаламгердің қолынан сомдалып шығатын құдіретті жанр. Әр оқырман естеліктен өз адамын табады, таниды. Жазушы ол бейнені тек оқырман тану үшін ғана жасамайды, өзінің алдындағы тұлғаға деген адами өрелігінің, азаматтық парызының өтеуі ретінде жазады. Мәселен, ұстаз алдындағы шәкірттік ілтипатын танытқан Мұқан Иманжанов жайындағы роман – осындай туынды.

Онда тек оның өмірі жайында ғана сыр шертілмей, оның айналасындағы қаламгер достарының бет-бейнесі де нақтылы суреттеледі.

2. Ә.Нұршайықов – түрлі әдеби тақырыптарға қалам тербеген жаңашыл жазушы. Оның негізгі қуат күші – шығармаларындағы замандас бейнесінің аса биік шеберлікке ұласып, көркем бейне ретінде қалыптасуында жатыр. Ол қай дәуірді жырласа да (соғыс кезін, кеңес дәуірін), сол дәуірдің лебін, сол кездің тыныс-тіршілігін әр оқырманға жеткізе бейнелейді.

3. Ә.Нұршайықовтың шығармаларының тіл кестесі, стильдік айшылығы жинақы, өзара үндес, әдеби – көркем жазылған. Бейнелеуіш сөздер, символ, ауыстырулар – қаламгер шығармашылығында жиі қолданылатын көркем тәсілдер. Көркемдегіш тәсілдер поэзияға көбірек тән болушы еді, бірақ соны қаламгер прозада пайдаланады.

Қаламгер шығармада кейіпкер әрекетін немесе оқиға сюжетін суреттеу барысында, айтылып отырған оқиғасына сәйкес өмірдегі түрлі жәйттарды параллель алып бейнелейді.

Қорыта келгенде, жазушының мерейі – өз заманының рухын танытатын әлеуметтік мәселелерді шығармасына арқау ету және соған сәйкес замандас бейнесін жасау. Әдебиет таразысының бір басында жағымды және жағымсыз бейнелер болатыны сияқты қаламгер заман дәуіріне лайықталған бейнелерді тудырады. Осы орайда, Ә.Нұршайықов сомдаған көркем де келісті бейнелер – кеше мен бүгіннің жетістігі. Олар – өмірдегі, еңбектегі еңселі бейнелерімен – бүгін де мәнді, сырлы болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мүсірепов Ғ. Әдебиет кәсіп емес, өнер. Алматы: Жалын, 1987. 360 б.
2. Әлім Қ. Махаббат жыршысы. Эпистолярлық хикаят (Ә.Нұршайықов пен Қ.Әлімнің хаттасулары). Астана: “Фолиант”, 2005. 524 б.
3. Ергөбек Қ. Жазушы шеберханасы. Алматы: Қазақпарат, 2002. 292 б.
4. Жұмалиев Қ. Стиль – өнер ерекшелігі. Алматы: Жазушы, 1966. 229 б.

ХІМІЧНІ НАУКИ / ХИМИЧЕСКИЕ НАУКИ

Ірина Грицай
(Дніпро, Україна)

ОГЛЯД МЕТОДІВ ВИРОБНИЦТВА КАЛЬЦИНОВАНОЇ СОДИ

Мета роботи: провести аналіз методів виробництва кальцинованої соди, визначити методи, зазначити значимість випуску кальцинованої соди для промислової бази України

Ключові слова: кальцинована сода, натрій хлорид, кальцій карбонат, розсіл, нефелін, натрій гідрокарбонат, содолужний розчин, спік, іони магнію, іони кальцію, сесквікарбонатний та моногідратний методи.

Кальцинована сода, Na_2CO_3 , – це продукт, який має багатовікову історію. Джерелом отримання соди до початку XIX століття вважають содові озера Єгипту, рослини з вмістом лугу, які ростуть на узбережжі Середземного моря та Атлантичного океану. Відомо, що до кінця XVIII століття ці природні джерела вже не могли задовольнити потреби людства у соді [1, с. 6]. І тому виникла потреба у отриманні продукту штучним способом.

Соду можна отримати аміачним способом, з природної соди, з нефелінової сировини.

Розглянемо спосіб виробництва з нефелінової сировини. Нефелін – мінерал, який відносять до групи лужних алюмосилікатних порід. Хімічний склад виражають формулою $(\text{Na}_2\text{O}, \text{K}_2\text{O}) \cdot \text{Al}_2\text{O}_3(2+n)\text{SiO}_2$, де n може змінюватися від 0 до 2. Співвідношення між Na_2O та K_2O непостійне і залежить від місцезнаходження мінералу. Лужні алюмосилікатні породи, що містять значні кількості нефеліну, об'єднують в групу порід під загальною назвою нефелінові сієніти. В Україні відомі маріуполіти в Донецькій області. Нефелін легко вступає у взаємодію з неорганічними та деякими органічними кислотами. Концентровані розчини лугу при високих температурах здатні розкласти нефелін і на цій його властивості ґрунтуються методи його збагачення.

Метод переробки нефелінових руд за способом їх розкладу поділяють на дві групи: кислотні та лужні. Перевагою кислотних способів є виділення SiO_2 на самому початку процесу. Метод переробки кислотним способом поступається перед лужним способом. Саме з застосуванням лужного методу отримують глинозем, соду, поташ, цемент.

Отримання соди заснований на методі спікання насиченої нефелінової шихти, який в свою чергу полягає у взаємодії нефеліну з вапняком при температурі 1280-1320 °С. В результаті реакції утворюються легкорозчинні алюмінати натрію та калію та двокальцієвий силікат. Процесу спікання передують подрібнення шихти, при цьому залишок на ситі з 4900 отв/см^2 не повинен перевищувати 5 %, а вологість 29-30 % (мас.). Отриманий в результаті спікання шихти в обертових печах при температурах 1280-1320 °С спік охолоджують і подають на вилуговування зворотнім содо лужним розчином. При цьому, вилуговування можуть проводити як одну стадію з одночасним помелом спіку в кульових або стержневих млинах, або у дві стадії з вилуговуванням грубо подрібненого спіку в трубчатих апаратах з подальшим його до вилуговування у млинах. В результаті процесу вилуговування отримують алюмінатний розчин з вмістом 85 г/дм^3 алюмінатів у перерахунку на алюміній оксид та шлам, які відокремлюють від розчину на фільтрах – згущувачах або карусельних фільтрах. Відокремлений шлам подають на переробку і далі отримують цемент. Відокремлений розчин алюмінатів натрію та калію проходить двоступеневе очищення від кремнію. На першій стадії намагаються досягти мольне співвідношення оксидів алюмінію до SiO_2 300:1-400:1. Після першої стадії розчин, з якого було вилучено сполуки кремнію, стає вільним від шламу і його розділяють на два потоки – содолужний та содовий. Содолужний розчин поступає на карбонізацію газами, що виходять після печей спікання і при цьому отримують розчин з великим вмістом гідрооксидів лужних металів. Содолужний

розчин після відокремлення алюміній гідроксиду спрямовують на вилуговування спіку. Після відокремлення твердої фази розчин поступає на карбонізацію.

Виробництво кальцинованої соди з природної содовмісної сировини стало значним конкурентом у порівнянні з використанням аміачного способу виробництва. Ще у 1938 році у США було відкрито залежи трони, хімічна формула якої $\text{Na}_2\text{CO}_3 \cdot \text{NaHCO}_3 \cdot 2\text{H}_2\text{O}$, що сприяло розвитку виробництва за переробкою цієї сировини. Кальциновану соду з трони можна отримати двома основними методами – сесквікарбонатним та моногідратним.

Сесквікарбонатний метод полягає в тому, що подрібнену руду розчинюють з отриманням насиченого розчину, який освітлюють, фільтрують, очищують від органічних домішок, упарюють та охолоджують. Отримані в результаті процесу кристали сесквікарбонату натрію відокремлюють та кальцинують при 200°C . Кальцинована сода отримана цим методом має насипну щільність $0,800 \text{ кг/м}^3$.



Моногідратний спосіб отримання кальцинованої соди був відкритий у 1972 році і завоював особливу популярність. За цим способом руду кальцинують, отриману соду розчинюють, потім розчин освітлюють, фільтрують, обробляють активним вугіллям з метою видалення органічних домішок, упарюють при температурі нижче точки переходу моногідрату натрію карбонату в безводну соду. В результаті отримують кристали моногідрату натрію карбонату, які відокремлюють і піддають дегідратації при температурі 150°C . Насипна щільність $1,07 \text{ кг/дм}^3$. Сировинна база Сполучених Штатів Америки дозволяє отримувати кальциновану соду із нахколіту NaHCO_3 та даусоніту $[\text{NaAl}(\text{OH})_2\text{CO}_3]$. Джерела природної соди мають окрім США Бельгія, Бразилія, Індія, Мексика, Китай, Туреччина, Канада, Кенія.

В Україні найбільшого розповсюдження отримав аміачний спосіб, який базувався на сировинній базі – наявності повареної солі NaCl та крейди CaCO_3 . Аміачний спосіб ґрунтується на застосуванні не твердої солі, а розсолу. Добування розсолу методом підземного вилуджування солі значно дешевший за метод підземної добування. Отриманий розсіл повинен мати як можна вищу концентрацію NaCl . Збільшення концентрації розсолу позитивно впливає на ступінь його використання, знижує питомі витрати розсолу та аміаку, вапна, пари, води, електрики. Практично отриманий розсіл повинен мати концентрацію $306\text{--}310 \text{ г/л NaCl}$. Для виробництва 1 т кальцинованої соди потрібно приблизно $1,6 \text{ т}$ повареної солі. Для отримання карбон (IV) оксиду та вапна застосовують крейду або вапняк. Приможливості використовувати обидві вказані сировини, перевагу слід надати вапняку, оскільки крейда є пористою породою, яка легко поглинає вологу. І тоді на її видалення будуть потрібні додаткові витрати палива у шахтній печі, а це призведе до зниження концентрації CO_2 в пічному газі за рахунок підведення додаткового повітря. Вапняк є більш твердою породою з щільністю $2400\text{--}2900 \text{ кг/м}^3$, з нього можна отримати більшу кількість вапна з об'єму печі. В якості допоміжних матеріалів використовують аміак, який не входить до складу готового продукту – кальцинованої соди, а після регенерації у відділенні дистиляції повертається у цикл. Таким чином він здійснює замкнутий цикл. Аміак можна використовувати як синтетичний, так із коксохімічних підприємств. В якості палива для здійснення випалу карбонатної сировини в печах шахтного типу бажано використовувати кокс або антрацит, оскільки вони мають менший вміст летких речовин. Для здійснення процесу кальцинації натрію гідрокарбонату можна використовувати як тверде паливо, так і газоподібне або рідке. Дійсно, що використання газоподібного палива дозволяє легко відрегулювати технологічний процес. В якості допоміжної сировини використовують також воду, яка потрібна в основному для охолодження рідин та газів, тому можна в холодильнику направляти оборотну воду з градирні. Содове виробництво – енергоємне. Для виробництва 1 т соди витрачається $5,02\text{--}5,044 \text{ ГДж}$ пари, тому наявність поряд ТЕС забезпечить використання відпрацьованої пари після турбін у виробництві.

Для отримання кальцинованої соди аміачним способом потрібно здійснити багатостадійний процес, а саме: провести випал карбонатної сировини з отримання CaO та

CO₂. При цьому потрібно отримати активне вапно, яке буде подаватися на гасіння з подальшим отриманням вапняного молока складом: CaO(заг.) – 210-260 н.д; CaO (вільн.) – 200-250 н.д; CaCO₃ – 10-12н.д; SiO₂+нерозчинні в HCl домішки – 20-30 г/л; R₂O₃ -5-8 г/л; Mg(OH)₂ – 1-2 г/л.

Підготувати сирий розсіл перед подачею його у відділення амонізації розсолу. Оскільки сирий розсіл містить домішки солей кальцію та магнію, то їх потрібно видалити за допомогою ваняно - содового метода. В основі якого лежать реакції іонного обміну, які приводять до утворення важкорозчинних солей – кальцію карбонату та магнію гідроксиду



Якщо концентрація іонів магнію в розсолі висока, то бажано проводити очищення у дві стадії: на першій стадії здійснити очищення від солей магнію, а на другій – від солей кальцію.


У виробництві кальцинованої соди аміачним розчином потрібно очищений розсіл перед насиченням його CO₂ подавати на амонізацію для поглинання аміаку та часткового поглинання CO₂ з парогазової суміші, що подається з відділення дистиляції, а також з газоповітряної суміші вакуум - фільтрів. Основним призначенням відділення амонізації є отримання визначеної кількості амонізованого розсолу, який буде подаватися у відділення карбонізації з параметрами: вміст NH₃- 100-106 н.д.; вміст хлорид-іонів- не менше 89 н.д.; температура – 28-32⁰C.

Аміак використовують для накопичення в розсолі іонів HCO₃⁻ у вигляді NH₄HCO₃ і для зв'язування іону хлору у вигляді NH₄Cl і загальне рівняння процесу можна записати у вигляді



Аміак не входить до складу кінцевого продукту – кальцинованої соди – і після регенерації його з амонію хлориду знову повертається на амонізацію розсолу.

Після станції амонізації амонізований розсіл подається на станцію карбонізації, де буде протікати абсорбція CO₂ амонізованим розсолом та осадження утвореного натрію гідрокарбонату. Загальне рівняння процесу має вигляд



Далі суспензія натрію гідрокарбонату з кристалами натрію гідрокарбонату правильної бочкоподібної форми направляється на станцію фільтрування з метою відокремлення кристалів з суспензії карбонізаційних колон. Отримані кристали подають у відділення кальцинації, в якому будуть подаватися у содові печі, а маточний розчин з промивною водою поступає у відділення дистиляції для регенерації аміаку. У відділення кальцинації кристали вологого натрію гідрокарбонату поступають з вологістю 13-18 %(мас.) і піддаються термічному розкладу з утворенням готового продукту – кальцинованої соди.

Аміачний спосіб виробництва кальцинованої соди залишається основним у світовому випуску і має наступні переваги: сировина для виробництва – поварена сіль та кальцію карбонат – є розповсюдженими; основні реакції процесу протікають при невисоких температурах (до 100⁰C) і тиску, наближеного до атмосферного; спосіб має стійкість технологічних процесів; продукт – кальцинована сода – володіє високою якістю. Але, на жаль, цьому способу виробництва притаманні і недоліки: низька ступінь використання сировини, утворення великої кількості твердих та рідких відходів, значні витрати енергетичних ресурсів.

Аміачний спосіб виробництва кальцинованої соди був модернізований у Японії і відомий як спосіб Асахі, він дозволяє знизити витрати сировини та енергії, а також забезпечує можливість сумісного виробництва амонію хлориду та соди.

ДЖЕРЕЛА ТА ЛІТЕРАТУРА

1. Конспект лекцій з дисципліни «Технологія соди та лугів» для студентів спеціальності 161 – Хімічна технологія та інженерія / Л.В. Іванченко, В.Я. Кожухар, В.В. Брем, В.Г. Рябих, І.В. Шаповал; Державний університет «Одеська політехніка». Одеса, 2017. 124 с.
2. Технологія соди та лугів: навч. посібник / Л.В. Іванченко, В.Я. Кожухар, В.В. Брем, І.В. Шаповал; Державний університет «Одеська політехніка». Одеса, 2021. 207 с.

СІЛЬСЬКЕ ГОСПОДАРСТВО / СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО

ӘОЖ 631.52(043.3)

Айнур Хадан, Гулзат Есенбекова
(Астана, Қазақстан)

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ШОРТАНДЫ АУДАНЫНДА ТАРЫ (*PANICUM MILIACEUM*) СОРТТАРЫНЫҢ САҢЫРАУҚҰЛАҚ АУРУЛАРЫН АНЫҚТАУ

Қазіргі ауыл шаруашылығы жағдайында саңырауқұлақ ауруларына төзімді тары сорттарын анықтау және зерттеу азық-түлік қауіпсіздігі мен тұрақты ауыл шаруашылығын қамтамасыз ету маңызды. Саңырауқұлақтық аурулар, атап айтқанда қара күйе, тат, гельминтоспориоз тары дақылының өнімділігі мен сапасын айтарлықтай төмендетіп, тары дақылын өсірудің экономикалық тиімділігіне теріс әсерін тигізеді. Төзімді сорттарды өсіру егін шығынын және өсімдіктерді химиялық қорғау құралдарын пайдалануды азайту үшін маңызды бағыт болып табылады.

Кілт сөздер: тары, сорт, төзімділік, саңырауқұлақ аурулары, қара күйе, гельминтоспориоз, тат.

In modern agricultural conditions, the identification and study of millet varieties resistant to fungal diseases is important for ensuring food security and sustainable agriculture. Fungal diseases, in particular smut, rust, helminthosporium panicumiliacel significantly reduce the yield and quality of millet and negatively affect the economic efficiency of growing millet. The cultivation of resistant varieties has been an important focus for reducing crop losses and the use of chemical plant protection products.

Keywords: millet, variety, resistance, fungal diseases, helminthosporium panicumiliacel, rust.

Тары (*Panicum miliaceum*) – жоғары өнімділігі және құрғақшылыққа төзімділігі ерекшелінетін құнды жармалық және мал азықтық дақыл. Тары жармасы ағзаға қажетті негізгі компоненттерден: майлар, көмірсутектер, ферменттер және алмасуға жатпайтын аминқышқылдарынан тұрады. Тары басқа дақылдармен салыстырғанда топырақ құнарлығына талабы төмен болғандықтан мемлекетіміздің құрғақ аймақтары үшін тарының маңызы орасан зор [1, 171 б.].

Тары өнімділігінің төмендеуінің негізгі себептерінің бірі – аурулардан болатын шығындар. Оның ішінде Қазақстанда ең кең таралған, әрі қатерлі болып келетін – тары қара күйесі (*Sphacelotheca panici-miliacei*) [2, 42 б.].

Тарының саңырауқұлақ ауруларын анықтау зерттеу жұмысымыздың басты мақсаты болып табылады.

Танаптық тәжірибелер табиғи және індетті ортада Солтүстік Қазақстанның құрғақ далалы аймағында Ақмола облысы, Шортанды елді мекеніндегі «А.И.Бараев атындағы АШҒӨО» ЖШС-ң тәжірибелік телімбақтарына қойылды.

Зерттеу нысаны ретінде 20 тарының дүниежүзілік ВІР коллекциясы, North Central Regional Plant Introduction (NCRPIS, USDA-ARS-PIRU) коллекциялық үлгілері, егуге рұқсат етілген (коммерциялық) сорттар және әр түрлі отандық ҒЗИ-нің сұрыпталған сорттары алынды. Олар: Саратовское 6 ST, Ames 11555, Ames 11641, Ames 11674, К-3751, Актюбинское кормовое, Барнаульское кормовое, Горлинка, Давское, Золотистое кормовое, Ильиновское, Кокчетавское 6, Памяти Берсиева, Павлодарское 4, PI 170587, Шортандинское 7, Шортандинское 10, Шортандинское 11, Яркое 5, Яркое юбилейное.

Селекциялық материалдың ауруға төзімділігінің бағалануын танаптық жағдайында «Методические рекомендации по селекции проса на устойчивость к головне» (1989 ж.) атты әдістемеге сәйкес құрылған табиғи және індетті орталарда жүргізілді [3, 44 б.].

Қара күйеге бастапқы және селекциялық материалдың төзімділігі жіктелуі залалданудың 9 баллдық шкаласы бойынша (Широкий унифицированный классификатор СЭВ и Международный классификатор СЭВ вида *Panicum miliaceum* L., 1982):

- 1 – өте әлсіз (<10%);
- 3 – әлсіз (10-35%);
- 5 – орташа (36-60%);
- 7 – күшті (61-85%);
- 9 – өте күшті (>85%) [4, 25 б.].

Helminthosporium panicismiliaceae ауруымен зақымдану қарқындылығын бағалау келесі көрсеткіштер бойынша көзбен өлшенеді: әлсіз зақымдану жапырақ бетінің 25%-ына дейін, орташа зақымдану жапырақ бетінің 50%-ына дейін, күшті зақымдану жапырақ бетінің 80%-ы және одан да көп бөлігінің дақтармен жабылуы [5, 150 б.].

«А.И. Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС аумағындағы тәжірибелік танапта пар механикалық түрде өңделді, көктемде азотты тыңайтқыштар енгізілді, ылғал жабылды. Себу жұмыстары мамыр айының 31-ы жүргізілді. Зерттеу жұмысына 20 сорт алынды.

Тары сорттарының аурулармен зақымдалуын визуалды әдіспен жүзеге асырылды. Әр қатардан барлық өсімдік қаралып, пайыз бойынша зақымдалу көрсеткіші анықталды (1-кесте). Фитопатологиялық зерттеуде тарының саңырауқұлақ қоздыратын ауруларынан гельминтоспориоз, тат, қара күйе аурулары анықталды.

Кесте 1. Тары сорттарының саңырауқұлақ аурулармен зақымдалу көрсеткіштері

№	Атауы	Аурумен зақымдалу көрсеткіші		
		гельминтоспориоз	тат	қаракүйе
1	Саратовское 6 ST	20%	-	-
2	Ames 11555	50%	-	-
3	Ames 11641	-	-	-
4	Ames 11674	-	5%	-
5	К-3751	10%	-	15%
6	Актюбинское кормовое	-	-	-
7	Барнаульское кормовое	-	-	-
8	Горлинка	-	10%	-
9	Давское	60%	-	-
10	Золотистое кормовое	-	-	-
11	Ильиновское	20%	-	-
12	Кокчетавское 6	25%	-	-
13	Памяти Берсиева	20%	-	-
14	Павлодарское 4	10%	-	-
15	PI 170587	-	-	-
16	Шортандинское 7	-	-	-
17	Шортандинское 10	10%	-	-
18	Шортандинское 11	-	-	-
19	Яркое 5	-	-	-
20	Яркое юбилейное	-	-	-

Зерттеуге алынған тарының 20 сортының ішінде гельминтоспориоз патогеніне Ames 11555 және Давское сорттары 50-60% аралығында төзімсіздік көрсеткен болса, Ames 11674 сорты 5%, Горлинка сорты 10% татқа шалдықса, К-3751 сорты 15% қаракүйе ауруына шалдықты. Ал, Ames 11641, Актюбинское кормовое, Барнаульское кормовое, Золотистое кормовое, PI 170587, Шортандинское 7, Шортандинское 11, Яркое 5 және Яркое юбилейное сорттары аталған ауруларға төзімділік танытты.



Сурет 1. «Горлинка» сортының тат ауруымен зақымдалуы



Сурет 2. «К-3751» сортының қара күйе ауруымен залалдануы

Тары үлгілерін жинап, бастырғаннан кейін, өлшеу арқылы әр сорттың телімдегі өнімділігі мен 1000 дән массасы анықтауда құрылымдық талдау жасалды. Үлгілерді құрылымдық талдауда өсімдік ұзындығы, өнімі бар сабақ саны, негізгі шашақ ұзындығы, негізгі шашағындағы дән саны, негізгі шашағының дән массасы, өсімдіктегі дәннің саны мен массасы және 1000 дәннің салмағы белгілері қарастырылды. Варианттар арасындағы айырмашылығы Фишер бойынша анықталады. Алынған нәтижелер математикалық өңделіп, өнім түсіміне Б.А. Доспехов әдісімен (1985) дисперсиялық талдау жасалды [6, 351 б.]. Нәтижелердің растығын дәлелдеу үшін, алынған сандық мәліметтер статистикалық талдау әдістерімен компьютерлік бағдарлама (EXEL) арқылы дәлелденді (кесте 2).

Кесте 2.Тары сорттарының құрылымдық талдауы

Үлгі атауы	Негізгі шашақтағы дән массасы, г	Негізгі шашақтағы дән саны, дана	Өсімдіктегі тұқым массасы, г	Өсімдіктегі тұқым саны, шт	Жалпы масса, г	1000 тұқым массасы, г
1	5,95	651	17,85	1953	147,9	9
2	6,8	786	20,4	2358	221,05	5,2
3	4,3	608	12,9	1824	114,4	7
4	4,2	541	12,6	1623	326,5	8,8
5	8,9	1151	26,7	3453	383,25	7,8
6	4,6	549	13,8	1647	106,15	6,9
7	4,3	453	12,9	1359	545,3	9
8	3,95	483	11,85	1449	325,55	8,3
9	4,1	587	12,3	1761	270,5	6,8
10	4	503	12	1509	1419,3	9,5
11	653	801	1959	2403	128,45	8,1
12	5,85	607	17,55	1821	576,8	9,5
13	5,61	617	16,83	1851	638,25	10
14	4,6	453	13,8	1359	267,4	9,5
15	4,9	528	14,7	1584	236,1	9
16	5,3	462	15,9	1386	53,5	11
17	6,8	702	20,4	2106	144,35	9,6
18	11,12	990	33,36	2970	603,8	9
19	7,45	732	22,35	2196	664,8	11
20	6,23	578	18,69	1734	483	9,3

2 кестеге сәйкес зерітелген 20 сорттың құрылымдық талдауы көрсетілген. Ең жоғары жалпы масса 1419,3 г. Золотистое кормовое сортына тиесілі болды. 1000 тұқым массасы бойынша 11 г. Шортандинское 7 және Яркое 5 сорттары ерекшеленді. Фитопатологиялық зерттеу нәтижесінде саңырауқұлақ ауруларына төзімді сорттар: Ames 11641, Актюбинское кормовое, Барнаульское кормовое, Золотистое кормовое, Саратовское 6, Шортандинское 7, Шортандинское 11, Яркое 5, Яркое юбилейное анықталды.

Сонымен, Ақмола облысы Шортанды ауданында тары (*Panicum miliaceum*) сорттарының саңырауқұлақ ауруларына жүргізілген зерттеудің нәтижесінде қара күйе, гельминтоспориоз, тат аурулары визуалды әдіспен анықталды. Гельминтоспориоз патогеніне Ames 11555 және Давское сорттары 50-60% аралығында төзімсіздік көрсетті, Ames 11674 сорты 5%, Горлинка сорты 10% татқа шалдығып, К-3751 сорты 15% қарақүйе патогеніне шалдықты. Ames 11641, Актюбинское кормовое, Барнаульское кормовое, Золотистое кормовое, PI 170587, Шортандинское 7, Шортандинское 11, Яркое 5 және Яркое юбилейное сорттары аталған ауруларға төзімділік танытты.

ДЕРЕKKӨЗДЕР МЕН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әрінов Қ.К., Мұсынов Қ.М., Апушев А.Қ., Серекпаев Н.А., Шестакова Н.А., Арыстанғұлов С.С. Өсімдік шаруашылығы. Астана, 2011. Б. 171-172.
2. Қойшыбаев М. Қазақстандағы тары негізгі аурулардан кешенді қорғаудың биологиялық негіздері. Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы: 06.01.11. Санкт-Петербург, 1993. 42 б.
3. Методические рекомендации по селекции проса на устойчивость к головне / ВАСХНИЛ, НИИ сел. хоз-ва Юго-Востока НПО "Элита Поволжья"; [Сост. В. А. Ильин и др.]. Москва : Б. и., 1989. 44 [1] с. : ил.
4. Широкий унифицированный классификатор СЭВ и международный классификатор СЭВ вида *Panicum miliaceum* L. / Науч.-техн. совет стран-членов СЭВ по коллекциям диких и культ. видов растений и др.; [Сост. Н.П. Агафонов и др.]. Л. : ВИР, 1982. 25 с.
5. Қойшыбаев М. Тарының аурулары. Алматы: Қайнар, 1976. 150 б.
6. Доспехов Б. А. Методика полевого опыта. 5-е изд. Москва, Агропромиздат, 1985. 351 с.

УДК 633.34:631.523

*Nargiza Xudoyberdiyeva, Murod Raxmankulov, Shaxnoza Xusanbayeva
(Toshkent, O'zbekiston)*

SOYA XORIJIY KOLLEKSIYA NAV NAMUNALARI ASOSIDA ERTAPISHAR BOSHLANG'ICH ASHYOLAR YARATISH

Maqolada soya kolleksiyasidagi xorijiy nav namunalarining vegetatsiya davri tahlil qilingan. Izlanish natijalaridan malum bo'lishicha, K-126, K-183, K-127, K-124, K-138, K-130 namunalari ertapisharligi aniqlandi. Xorijiy nav namunalarining orasidan tanlanganlari seleksiya ishlari uchun ertapishar boshlang'ich ashyolar yaratish maqsadida tavsiya etildi.

Kalit so'zlar: *soya, andoza nav, ertapisharlik, urug'.*

The article analyzes the vegetation period of foreign soybean cultivar samples from the collection. The research results indicate that the K-126, K-183, K-127, K-124, K-138, and K-130 samples were identified as early-maturing. Selected among foreign varieties, they were recommended for the purpose of creating early ripening source material for breeding work.

Keywords: *soybean, standard cultivar, early maturity, seed.*

Soya (*Glycine max* L) inson iste'moli va chorvachilik ozuqasini yetishtirish uchun yuqori sifatli oqsil hamda sifatli o'simlik yog'ining eng muhim manbalaridan biridir [6, c. 1-20]. Soya (*Glycine max* L) "Oltin loviya" sifatida tanilgan, uni "o'simlikda o'sadigan go'sht" deb ham atalishi shu boisdandir. 2015/2016 yillarda butun dunyo bo'ylab soya yetishtirish 320,15 million tonnani tashkil qildi [8]. Hozirda bu ko'rsatkich faqat va faqat o'sib bormoqda.

Soya iqlimga sezgir ekin, shuning uchun uni turli iqlim sharoitlariga moslashtirish seleksioner olimlar oldida doimiy turgan yechimdir. Uning moslashishi uchun hal qiluvchi omillar harorat, fotoperiod va suvdir. Ushbu iqlim omillarining to'g'ri kombinatsiyasi soyaning unib chiqishi, o'sishi uchun maqbul sharoit yaratadi va hosilni maksimal darajada oshirish imkonini beradi [7, c. 665-678]. Soya urug'larining unib chiqish davrida ortiqcha namlik ularning unuvchanligini pasaytiradi [4, c. 613-618].

Ma'lumki, kechpishar navlarda odatda hosildorlik yuqori bo'ladi. Ammo, hozirgi paytda ekin maydonlari qisqarishi davrida soyani kuzgi bug'doydan keyin, ya'ni o'tmishdosh sifatida ekish seleksionerlar oldiga tez pishar navlar yaratish kerakligi kabi dolzarb vazifani qo'yadi. Ayrim olimlar ma'lumotlariga ko'ra, soyani kuzgi bug'doy bilan almashlab ekish uchun vegetatsiya davrining maqbul davomiyligi 90-110 kunni tashkil qilishi kerak [5, c. 14-25].

Tadqiqot obyekti va uslublari. Tadqiqotlar quyidagi uslubiy qo'llanmalar asosida amalga oshirildi: B.A.Dospexovning "Методика полевого опыта" [2, 351 с.] va "Методические указания по изучению коллекции зерновых бобовых культур" [3, 173 с.] uslublaridan foydalanildi. Tadqiqotning obyekti sifatida O'simliklar genetik resurslari ilmiy tadqiqot instituti O'simliklar gen bankida saqlanayotgan soyaning 27 ta jahon kolleksiyasiga oid, jumladan K-111, K-114, K-183 (Xitoy), K-6, K-113 (Ukraina), K-115, K-127 (Moldova), K-2, K-17, K-19, K-118, K-120, K-122, K-126, K-129, K-138, K-142 (AQSH), K-119 (Ruminiya), K-124, K-152 (Rossiya), K-130 (Fransiya), K141 (Germaniya), K-22 (Yugoslaviya), K-181 (Suriya), K-182 (Koreya), K-200, K-201 (Turkiya) namunalari hamda andoza sifatida – Orzu (O'zbekiston) navi o'rganildi. Tajribalar O'simliklar genetik resurslari ilmiy tadqiqot institutining tajriba maydonida olib borildi. Institutning ilmiy ishlab chiqarish bo'limi tajriba xo'jaligi Toshkent viloyatining Qibray tumanida Toshkent shahridan 16 km uzoqlikda joylashgan (41°2' shimoliy kenglik va 69°2' sharqiy uzunlikda). Toshkent viloyatining tabiiy iqlim sharoiti keskin kontinental va qurg'oqchil bo'lib, yil mobaynida issiqqa va quyosh nuriga boydir. Toshkent viloyatining iqlimi yorug'likning ko'pligi, kunlik va fasllar davomida haroratning tez o'zgaruvchanligi, yozining quruq hamda issiqligi va qishining bir maromda emasligi bilan ajralib turadi. Quyoshli kunlar davomiyligi yiliga 2800-2900 soatni (yoz oylarida 360-400 soat va qishda 90-100 soat). O'rtacha yillik xavo harorati - +13...+14°C [9].


Natija va muhokamalar.

Soya o'simligi issiqlikka o'ta talabchan, ekish chuqurligidagi tuproq harorati 8-10 °C bo'lganda urug'i unib chiqadi. Unib chiqish fazasida maysalari 3 °C sovuqqa chidaydi. Gullash - urug' shakllanish davrida havoning qulay harorati bo'lib 17-25 °C hisoblanadi. Shimoliy ekotipning o'ta tezpushar navlari sovuqqa chidamlroq, ularning gullashi va dukkaklarini shakllanishi 14-16 °C o'tishi mumkin. Janubiy ekotiplar uchun vegetasiya davrida faol harorat yig'indisi (10 °C dan yuqori) 2800-3500 °C talab qilinadi. O'ta tezpushar navlar faol harorat yig'indisi 1700-2000 °C bo'lganda o'sishini to'xtatadi. Vegetasiya davrining davomiyligi alohida fazalar davridagi haroratga bog'liq. Sovuq bo'lgan yillarda o'ta tezpushar navlar o'rtapushar hatto o'rtakechpushar navlar guruhiga o'tishi mumkin (1-jadval) [1, c. 57-58].

1-jadval

Navlar	(N.I.Korsakov bo'yicha) Unib chiqishdan pishgancha davrlarining davomiyligi, kun	(G.S.Posipanov bo'yicha) faol harorat yig'indisi, °C
O'ta tezpushar	80 va undan kam	1700 va undan kam
Juda tezpushar	81-90	1701-1900
Tezpushar	91-110	1901-2200
O'rta tezpushar	111-120	2201-2300
O'rtapushar	121-130	2301-2400
O'rta kechpushar	131-150	2401-2600
Kechpushar	151-160	2601-3000
Juda kechpushar	161-170	3001-3500
Haddan tashqari kechpushar	170 va undan ko'p	3500 dan ko'p

Ertapushar navlar yaratish seleksiya ishlari qishloq xo'jaligida muhim yo'nalishlardan biri hisoblanadi. Ushbu ishlar natijasida o'simliklarning hosildorligi, erta yetilish darajasi va iqlim sharoitlariga moslashuvchanligi oshiriladi. Zamonaviy seleksiya usullari orqali yuqori protein va yog' tarkibiga ega bo'lgan navlarni yaratish imkoniyati mavjud. Bunday tadqiqotlar oziq-ovqat xavfsizligini ta'minlash va qishloq xo'jaligi mahsulotlarining samaradorligini oshirishga xizmat qiladi. Shuning uchun ham tadqiqotlarimizda o'rganilayotgan soya nav va namunalarning vegetatsiya davri davomiyligi kun hisobida hisoblandi. Olgan natijalarimiz diagrammada berilgan.



Unga ko'ra shuni aytishimiz mumkinki, andoza nav sifatida tanlab olgan Orzu (O'zbekiston) navi 105-110 kun vegetatsiya davriga ega ekanligi va u nav tasnifida ertapishar nav deb tavsiflangani ma'lum edi. Shu andoza navga nisbatan 10 kun ertapishar nav namunalarimiz aniqlandi. Ular: K-126, K-183 namunalari bo'ldi. Andoza navga nisbatan 5 kun ertapishar nav namunalarimiz esa quyidagilardir: K-127, K-124, K-138, K-130. Tadqiqot natijalarimizga ko'ra andoza nav "Orzu" bilan teng kun vegetatsiya davriga ega xorijiy nav namuna ham aniqlandi. Bu nav namunasi K-152 dir. Qolgan soya xorijiy nav namunalari Toshkent viloyati uchun andoza nav hisoblangan "Orzu" ga nisbatan ko'p vegetatsiya davriga ega ekanligi aniqlandi.

Xulosalar

O'simliklar Genetik Resurslari ilmiy-tadqiqot instituti "O'simliklar gen bankida saqlanayotgan va tadqiqotlarimizda foydalanilgan 27 ta soya xorijiy kolleksiyasiga oid nav namunalarni o'rganib quyidagi xulosalarga kelindi:

1. K-126, K-183, K-127, K-124, K-138, K-130 nav namunalari seleksiya ishlarida ertapisharlik xususiyati bo'yicha potentsial ota-onalar sifatida ishlatilishi mumkin va ularning moslashish qiymatini o'rganish uchun turli iqlim sharoitlarida qo'shimcha baholanishi mumkin.

2. Tadqiqotlarda o'rganilgan qolgan barcha soya xorijiy soya nav namunalrini boshqa qimmatli xo'jalik belgilari bo'yicha o'rganich maqsadga muvofiq bo'ladi.

FOYDALANILGAN ADABIYOTLAR RO'YHATI

1. Abdukarimov D.T. Dala ekinlari seleksiyasi va urug'chiligi. Darslik, 2013. 57-58 b.
2. Доспехов В.А. Методика полевого опыта. 5-е изд., доп. и перераб. М.: Агропромиздат, 1985. 351 с.
3. Методические указания по изучению коллекции зерновых бобовых культур. Л., 1975. 173 с.

4. Githir S.M., Watanabe S., Harada K., Takahash R. QTL analysis of flooding tolerance in soybean at an early vegetative growth stage. *Plant breeding*. 2006. Vol. 125. No. 6. 613-618 pp.
5. Козлов А. А., Романов Б. В., Сеферова И. В. Вегетационный период и основные морфометрические признаки коллекционного материала сои в условиях Приазовья. *Аграрный вестник Урала*. 2022. № 04 (219). С. 14-25.
6. Masuda T., Goldsmith P.D. Global Soybean Production: Harvest Area, Yield, and Long-Term Projections. *Int. Food and Agribusiness Management Review*, 2009. Vol. 12(4). PP.1-20. DOI: 10.22004/ag.econ.92573
7. Nasir B., Razzaq H., Sadaqat H. A., Wahid M. A. Selection of soybeans for adaptation through principal component analysis under different climatic factors at seedling stage. *Pakistan Journal of Botany*. 2023. Vol. 55 (2). P. 665-678. [https://doi.org/10.30848/PJB2023-2\(19\)](https://doi.org/10.30848/PJB2023-2(19))
8. Global Soybean Production April 2016. URL: <http://www.globalsoybeanproduction.com>
9. URL: Uzgidromet.uz

ВЕТЕРИНАРНІ НАУКИ / ВЕТЕРИНАРНЫЕ НАУКИ

ӘОЖ 276.738

*Жомарт Кемешов, Гүлсім Мержакыпова
(Астана, Қазақстан)*

АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН САУЫМ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ СУБКЛИНИКАЛЫҚ МАСТИТТІҢ АЛДЫН АЛУДАҒЫ ТИІМДІЛІГІ

В статье рассматривается эффективность автоматизированных систем доения (АСД) в профилактике субклинического мастита у коров. Результаты исследований показывают, что правильно установленные и эксплуатируемые АСД могут улучшить здоровье вымени коров, сократить распространение инфекционных заболеваний и повысить качество молока. Кроме того, в статье обсуждается роль АСД в раннем выявлении и профилактике мастита. Сегодня широкое применение цифровых технологий в животноводстве играет важную роль в повышении эффективности производства.

Ключевые слова: субклинический мастит, автоматизированная система доения, качество молока, ранняя диагностика, гигиена вымени, животноводств.

This article reviews the effectiveness of automated milking systems (AMS) in preventing subclinical mastitis in cows. The results of the study show that properly installed and operated AMS can improve the health of the udder of cows, reduce the spread of infectious diseases, and improve milk quality. In addition, the article discusses the role of AMS in the early detection and prevention of mastitis. Today, the widespread use of digital technologies in livestock farming plays an important role in increasing production efficiency.

Keywords: subclinical mastitis, automated milking system, milk quality, early diagnosis, udder hygiene, animal husbandry.

Субклиникалық мастит – сүт өндіру саласында үлкен экономикалық шығындарға әкелетін маңызды мәселелердің бірі. Бұл ауру сиырлардың сүт өнімділігін төмендетіп, сүттің сапасына кері әсерін тигізеді. Әдетте, субклиникалық мастит көзге көрінетін белгілерсіз өтеді, бұл оның диагностикасын қиындатады. Осыған байланысты, субклиникалық маститті ерте кезеңде анықтау және тиімді емдеу жолдарын іздеу өзекті болып отыр. Қазіргі заманғы автоматтандырылған сауым жүйелері (АСЖ) сиырларды тиімді сауып қана қоймай, олардың денсаулығын бақылауға мүмкіндік береді. Бұл технологиялар сүт сапасын жақсартуға және маститтің алдын алуға ықпал етеді. Сонымен қатар, АСЖ еңбек өнімділігін арттырып, малшылардың жұмысын жеңілдетеді. Автоматтандырылған сауым жүйелері сүт құрамындағы өзгерістерді, мысалы, электропроводимость, соматикалық жасушалар саны, температура және ақуыз деңгейін талдау арқылы маститтің алғашқы белгілерін анықтауға көмектеседі. Бұл сиырлардың денсаулығын бақылауды жеңілдетіп, ветеринариялық шараларды дер кезінде қабылдауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, маститтің алдын алу шараларының ішінде малды дұрыс азықтандыру, сауу гигиенасын сақтау, тұрақты ветеринариялық тексерулерден өткізу және иммундық жүйені нығайту маңызды рөл атқарады. Фермерлердің білімін жетілдіру және жаңа технологияларды енгізу арқылы сүт өндіру саласындағы шығындарды азайтуға және өнім сапасын жақсартуға болады. Сүт шаруашылығында инновациялық әдістерді қолдану – субклиникалық маститпен күресудің тиімді жолдарының бірі. Бұл бағытта автоматтандырылған жүйелерді кеңінен енгізу мал шаруашылығының тиімділігін арттырып, жоғары сапалы өнім алуға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысы ірі қара мал фермаларында қолданылатын әртүрлі автоматтандырылған сауым жүйелеріне (АСЖ) негізделді. АСЖ-ның субклиникалық маститке әсерін бағалау үшін келесі әдістер қолданылды [1]:

Сауым кезінде алынған сүттің сапалық көрсеткіштері – соматикалық жасушалардың деңгейі, сүттің майлылығы мен ақуыз құрамы зерттелді. Бұл көрсеткіштер сиырлардың денсаулығын және маститтің даму ықтималдығын бағалауға мүмкіндік береді.

Сүттің электрөткізгіштігі арқылы маститтің ерте диагностикасы – сүт құрамындағы минералды өзгерістер талданып, маститтің бар-жоғын анықтау жүргізілді. Электрөткізгіштіктің жоғарылауы сүттегі натрий мен хлор деңгейінің артуына байланысты, бұл маститтің ерте кезеңдерінің көрсеткіші болуы мүмкін.

Желін гигиенасы мен бактериялық ластану деңгейі – сауым алдындағы және кейінгі гигиеналық шаралардың тиімділігі бағаланды. Бұл үшін желіннен алынған сынамалар микробиологиялық зерттеулерге жіберіліп, бактериялық ластану деңгейі анықталды.

Сауым процесінің ұзақтығы мен қысым деңгейі – сауым кезінде қысымның тұрақтылығы және оның желінге әсері зерттелді. Қысымның шамадан тыс жоғары болуы желін тіндеріне зақым келтіріп, мастит қаупін арттыруы мүмкін, ал тым төмен қысым толық сауылмауға әкеледі.

АСЖ-ның сиырлардың физиологиялық жағдайына әсері – сауым кезінде малдың мінез-құлқы, стресс деңгейі (кортизол гормоны арқылы), жалпы денсаулық жағдайы талданды.

Экономикалық тиімділік – автоматтандырылған сауым жүйелерін қолданудың еңбек өнімділігіне, сүт өндірісінің көлеміне және фермерлердің шығындарына әсері бағаланды. Барлық деректер стандартталған зертханалық әдістермен талданып, алынған нәтижелер статистикалық өңдеуден өткізілді [2].

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, автоматтандырылған сауым жүйелерінің (АСЖ) қолданылуы мал шаруашылығында келесі маңызды жетістіктерге алып келеді:

1. Сүт сапасын жақсарту – АСЖ сүт құрамындағы соматикалық жасушалар санын азайту арқылы маститтің дамуын тежейді. Бұл әсіресе жоғары өнімді сиырлар үшін маңызды. Сонымен қатар, автоматтандырылған жүйелер сүттің құрамындағы ақуыз бен май деңгейінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

2. Ерте диагностика – Көптеген жүйелер сүттің электрөткізгіштігін өлшеу арқылы ауру белгілерін ерте анықтайды, бұл фермерлерге шұғыл шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, кейбір жетілдірілген жүйелер сүттің температурасы мен тығыздығын бақылау арқылы маститтің алғашқы кезеңдерін анықтауға көмектеседі.

3. Желін гигиенасын сақтау – Сауым алдында және кейінгі автоматты тазалау маститтің алдын алуға көмектеседі. Антисептикалық ерітінділермен өңдеу арқылы бактериялық инфекциялардың таралуы төмендейді. Сонымен қатар, автоматты жуу жүйелері желінді залалсыздандыру сапасын арттырып, қолмен өңдеуге қарағанда біркелкі тазартуды қамтамасыз етеді.

4. Қысымның реттелуі – Қолмен сауыммен салыстырғанда, бірқалыпты қысым желіннің зақымдануын болдырмайды. Бұл желіннің жарақаттану қаупін азайтады және сиырлардың стресс деңгейін төмендетеді. Сауым процесінің тұрақты болуы сиырлардың денсаулығын жақсартып отырып, олардың жалпы өнімділігін арттырады.

5. Еңбек өнімділігін арттыру – Фермерлердің жұмыс жүктемесін азайтып, сауым процесінің жылдамдығын арттырады. Бұл әсіресе ірі тауарлы сүт фермалары үшін маңызды фактор болып табылады. Сонымен қатар, автоматтандырылған жүйелер еңбек шығындарын азайтып, мал күтімінің тиімділігін арттырады.

6. Экономикалық тиімділік – Зерттеу нәтижелері АСЖ енгізудің қаржылық тұрғыдан тиімді екенін көрсетті. Сүт өнімділігінің артуы, маститтің алдын алу, еңбек шығындарының төмендеуі және ветеринариялық шығындарды азайту фермерлер үшін экономикалық пайда әкеледі.

7. Малдың жалпы әл-ауқатын жақсарту – Автоматтандырылған сауым жүйелері сиырлардың жайлылығын арттырады. Жұмсақ сауым технологиялары, стресс деңгейін төмендету және тұрақты күтім малдардың денсаулығына оң әсерін тигізеді, бұл олардың

өмір сүру ұзақтығын ұлғайтады және репродуктивті функцияларын жақсартады [3].

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері АСЖ-ның сүт өндіру саласындағы тиімділігін дәлелдеп, оны кеңінен енгізу қажеттілігін көрсетеді. Бұл жүйелер фермерлерге жоғары сапалы сүт өндіруге, өндіріс шығындарын азайтуға және малдың денсаулығын жақсартуға мүмкіндік береді.

Автоматтандырылған сауым жүйелері (АСЖ) субклиникалық маститтің алдын алуда тиімді құрал болып табылады. Бұл жүйелер сиырлардың денсаулығын жақсартуға, өнімділікті арттыруға және фермерлердің шығындарын азайтуға мүмкіндік береді. АСЖ-ның тиімділігі сауым жүйелерінің сапасына, қолданылатын технологияларға және ветеринариялық бақылауға тікелей байланысты. АСЖ-ның артықшылықтарының бірі – сүттің сапасын тұрақты бақылау мүмкіндігі. Көптеген заманауи автоматтандырылған сауым жүйелері сиырлардың желінін механикалық зақымданудан қорғайтын арнайы сенсорлармен жабдықталған. Бұл сенсорлар сауым процесінің әр кезеңінде сүттің құрамын, оның температурасын, лейкоциттер деңгейін және басқа да көрсеткіштерді бақылайды. Нәтижесінде, субклиникалық маститті ерте кезеңде анықтап, уақытылы емдеу шараларын қолдану мүмкіндігі артады [4].

АСЖ-ның негізгі артықшылықтарын талдай келе, *желін денсаулығын бақылау*: АСЖ арқылы әрбір сиырдың сауылу динамикасы бақыланып, маститтің бастапқы белгілері анықталады. *Гигиенаны сақтау*: Құрылғылар сүттің ластануын болдырмайды, сауым алдында желіннің автоматты түрде тазалануы жүзеге асады. Дәстүрлі сауым әдістерімен салыстырғанда, автоматтандырылған *Өнімділікті арттыру*: жүйелер еңбек өнімділігін 30-40%-ға дейін арттыруы мүмкін. *Еңбек шығындарын азайту*: АСЖ фермерлердің жұмысын жеңілдетіп, жұмыс күшіне деген қажеттілікті төмендетеді. *Маститтің алдын алу*: Дұрыс бапталған автоматтандырылған жүйелер желінге артық қысым түсірмей, оның табиғи қорғаныс механизмдерін сақтауға көмектеседі.

АСЖ-ны тиімді пайдалану үшін келесі факторларды ескеру қажет: *Сауым жабдықтарының сапасы мен техникалық жағдайы*: Тозған немесе дұрыс бапталмаған жабдықтар сиырлардың желініне кері әсер етуі мүмкін. *Ветеринариялық бақылау*: Жүйелердің тиімділігін арттыру үшін ветеринариялық сараптамалармен бірге қолдану қажет. *Сүтті жинау және өңдеу технологиялары*: Заманауи сүт өңдеу жүйелері өнімнің сапасын арттырып, сақтау мерзімін ұзартады. *Сиырлардың рационы мен күтімі*: Теңгерімді тамақтану мен дұрыс күтім маститтің алдын алуда маңызды рөл атқарады [5]. Болашақта АСЖ-ны одан әрі жетілдіру және оларды кеңінен енгізу маңызды болып табылады. Инновациялық шешімдердің, жасанды интеллект пен машиналық оқыту алгоритмдерінің интеграциясы арқылы сүт фермаларында сауым процесін толықтай автоматтандыруға мүмкіндік бар. Сондай-ақ, субклиникалық маститтің алдын алуға бағытталған кешенді бағдарламаларды әзірлеу мен енгізу қажеттілігі туындайды. Жаңа технологиялармен жабдықталған автоматтандырылған сауым жүйелері ветеринариялық бақылауды күшейту арқылы мал шаруашылығы өнімділігін арттырып, ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Радостовец С.Т., Федоров В.И., Сафонова С.А. Ветеринарная медицина молочного скотоводства. Алматы: ҚазҰАУ, 2019. 320 б.
2. Smith B.P. Large Animal Internal Medicine. Elsevier, 2019.
3. Hogeveen H., et al. Sensors and management systems for mastitis detection: Opportunities and challenges. *Journal of Dairy Science*. 2020.
4. Назарбаев Б. Сүт өндірісін автоматтандыру және оның экономикалық тиімділігі. Астана, 2021.
5. Zhang S. et al. Automatic milking systems: impact on milk quality and animal health. *Journal of Veterinary Science*. 2022.

СҮТ ФЕРМАЛАРЫНДА СУБКЛИНИКАЛЫҚ МАСТИТКЕ ҚАРСЫ КЕШЕНДІ ТЕРАПИЯ

